

## "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 тамызда № 24045 болып тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-23) тармақшасына, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының және бұйрығының құрылымдық элементтінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

## **"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті**

### **1-тарау. Қолданылу саласы**

1. Осы "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі – Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы", "Техникалық реттеу туралы", "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Техникалық регламент өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық реттеудің негізгі ережелерін айқындайды және:

1) осы Техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген өрт және оның қауіпті факторларының, заттар мен материалдардың, сондай-ақ өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша технологиялық орталардың; жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтардың; өрт қауіптілігі бойынша құрылыс материалдарының; құрылыс конструкциялары мен өртке қарсы тосқауылдардың; өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша электр жабдығының, сыртқы қондырғылардың, ғимараттардың, құрылыстар мен үй-жайлардың жіктегішін;

2) қалалық және ауылдық елді мекендерді жобалау, ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу кезінде өмірлік циклінің барлық сатысында әртүрлі мақсаттағы шаруашылық жүргізу объектілеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілейді.

3. Осы Техникалық регламенттің ережелері мақсаты мен меншік нысанына қарамастан жобалау, құрылыс, күрделі жөндеу, күрделі құрылыс объектілерін реконструкциялау, техникалық қайта жарактандыру, функционалдық мақсатын өзгерту, техникалық қызмет көрсету, объектілерді пайдалану кезінде орындау үшін міндетті.

4. Арнайы мақсаттағы, оның ішінде әскери мақсаттағы объектілерге, радиоактивті және жарылыс заттары мен материалдарын қайта өңдеу, сақтау объектілеріне, химиялық қару мен жару құралдарын жою және сақтау объектілеріне, жерүсті ғарыш объектілері мен старттық кешендерге; тау-кен қазбалары объектілеріне қатысты осы Техникалық регламентпен қатар, Қазақстан Республикасының ведомстволық нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс.

### **2-тарау. Терминдер мен анықтамалар**

5. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады

:

1) адамдарды эвакуациялаудың есептік уақыты – эвакуациялау жолының берілген көлемдік-жоспарлау және конструкциялық шешімдері кезінде адамдарды өрт туралы құлақтандырылған сәттен бастап ғимараттан, құрылыстан қауіпсіз аймаққа эвакуациялау аяқталған сәтке дейінгі уақыт аралығы;

2) авариялық шығу – эвакуация жолына, тікелей сыртқа немесе қауіпсіз аймаққа алып келетін, адамдарды құтқару үшін қосымша шығу ретінде пайдаланылатын, алайда эвакуация жолдары мен шығу есіктерінің қажетті саны мен көлемінің өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау шарттарына сәйкестігін бағалау кезінде ескерілмейтін шығу жолы (есік, люк);

3) автоматтық автожанармай құю станциясы – технологиялық жүйесі көлік құралдарына сұйық мотор майын құюға арналған және резервуарларының жер астында орналасуымен және мұнай өнімдерін отын тарату колонкалары арқылы автоматтандырылған (оператордың қатысуысыз) түрде жіберумен сипатталатын стационарлық автожанармай құю станциясы;

4) бықсу – жалынсыз жану;

5) ғимараттың биіктігі (эвакуациялау және құтқару үшін) – ғимаратқа жақын өту жолының өту бөлігінің қабатынан бастап жердің жоспарлы белгілеу деңгейінің және жоғарғы техникалық қабатты (қабаттарды) санамағандағы жоғарғы қабаттың (мансард қабатын қоса алғанда) еденінің деңгейіне дейінгі белгілеулердің айырымы. Еңісі бар немесе бірнеше өту жолдары бар жер учаскелерінде орналасқан ғимараттың биіктігі жоспарлы белгілеуінің төменгі деңгейінің немесе өту жолының төменгі деңгейінің және жоғары қабаттың едені деңгейінің белгілеулерінің айырымымен анықталады;

6) жалын таралуының температуралық шегі (жалындау) – қаныққан бу тотықтырғыш ортада жалын таралудың сәйкесінше төменгі (төменгі температуралық шегі) және жоғарғы (жоғарғы температуралық шегі) концентрациялық шегіне тең концентрация жасайтын зат температурасы;

7) жалын таралудың қалыпты жылдамдығы – жалын фронтының оның бетіне перпендикуляр бағытта жанбаған газға қатынаста орын ауыстыру жылдамдығы;

8) жалын таралудың төменгі (жоғарғы) шоғырланған шегі – жалынның жану көзінен қоспа бойынша кез келген қашықтыққа таралуы мүмкін болатын қышқыл ортасы бар біртекті қоспада жанғыш заттың ең аз мөлшері;

9) жалындау – от алу көзінен басталған және оны жойғаннан кейін де жалғасатын заттың жалындап жануы;

10) жану – от алу көзінің әсерінен өртене бастауы;

11) жану жылдамдығы – аудан бірлігінен уақыт бірлігіне жанатын сұйықтық мөлшері;

12) жанғыш орта – тұтану көзі әсері кезінде жалындауға қабілетті орта;

- 13) жанғыштық – заттар мен материалдардың жалындауға, өздігінен жану және (немесе) бықсу қабілеттілігі;
- 14) жылу өздігінен жанудың шарты – қоршаған орта температурасы, зат (материал) саны және оның өздігінен жану сәтіне дейінгі уақыт арасындағы эксперименттік анықталған тәуелділік;
- 15) заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі – өрт жағдайында (немесе) физикалық-химиялық қасиеттерімен және қалпымен сипатталатын, заттар мен материалдардың жанғыш (өрт қауіпті немесе жарылыс қауіпті) ортаны жасау қабілеті;
- 16) конструкцияның отқа төзімділік шегі (өртке қарсы тосқауылдардың ойықтарын толтыру) – от әсерінің басынан бастап оттөзімділік бойынша осы конструкция үшін нормаланатын шекті күйге дейінгі уақыт;
- 17) қажетті эвакуациялау уақыты – өрттің қауіпті факторлары әсерлерінің нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірмей өрттің қауіпті факторлары жоқ аймаққа адамдар эвакуациялануы тиіс өрттің туындаған сәтінен бастап уақыт;
- 18) құтқару – адамдардың өміріне (денсаулығына) өрттің қауіпті факторларының әсер етуінен қауіп болған кезде өрттің қауіпті факторлары болмайтын аймаққа, оның ішінде тиісті техникалық құтқару және қорғау құралдарын пайдалана отырып, адамдарды жеке немесе ұжымдық ауыстыру процесі;
- 19) құтқару құралдары (құрылғылары) – адамдарға өрттің қауіпті факторларының әсер етуі және (немесе) олардың ілеспе көріністерінің болуы мүмкін және эвакуациялау өрттің қауіпті факторларымен немесе басқа да себептермен бұғатталған жерлерден адамдарды дербес немесе мәжбүрлі көшіруді қамтамасыз ететін техникалық құралдар;
- 20) объектінің өрт қауіпсіздігі – өрттің пайда болуы және дамуының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адам және материалдық құндылықтарға әсерін алдын алу мүмкіндігін сипаттайтын объектінің жай-күйі;
- 21) объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі – өрттің алдын алу және объектіге одан келетін шығысты азайтуға бағытталған ұйымдастыру шаралары мен техникалық құралдар кешені;
- 22) объектінің өрт қауіптілігі – өрт туындай және дамуы, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ету мүмкіндігін сипаттайтын объекті күйі;
- 23) өндірістік объектілер – өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығына арналған, оның ішінде қоймалар, инженерлік және көлік инфрақұрылыс (теміржол, автомобиль, өзен, әуе және құбыржол көлігі), байланыс объектілері;
- 24) өрт бөлігі – өрттің ықтимал ауданын шектеу және оны жоюға арналған жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында өртке қарсы аралықтармен (қабырғалармен, аймақтармен, қалқалармен және негзделген кезде басқа да тосқауылдармен) бөлінген ғимараттың бөлігі;

- 25) өрт секциясы – өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өрт бөгеттерімен бөлінген өрт бөлігінің бөлімі;
- 26) өрт ошағы – өрттің бастапқы пайда болған жері;
- 27) өрт пайда болуы – өртке алып келетін процестер жиынтығы;
- 28) өрт сөндірудің алғашқы құралдары – өрттің бастапқы өршуі кезінде өртпен күресу үшін пайдаланылатын адамдар алып жүретін немесе тасымалданатын өрт сөндіру құралдары;
- 29) өртке қарсы тосқауыл – оттөзімділіктің нормаланған шегі және конструкциялық өрт қауіптілігінің нормаланған класы бар құрылыс конструкциясы, ғимараттың көлемді элементі немесе ғимараттың (имараттың) бір бөлігінен екіншісіне немесе ғимараттар (құрылыс, екпелер) арасында өрттің таралуын болдырмауға арналған басқа тәсіл;
- 30) өртке қарсы үзіліс (өртке қарсы қашықтық) – өрттің таралуын болдырмау үшін белгіленген ғимараттар және (немесе) имараттар арасындағы нормаланатын қашықтық;
- 31) өртке қауіпсіз аймақ (қауіпсіздік аймағы) – ғимараттың, құрылыстың, өрт бөлігінің эвакуациялау мен құтқаруды жүргізу үшін іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген, тиісті уақыт ішінде (өрт туындаған сәттен бастап құтқару жұмыстары аяқталғанға дейін) адамдарды өрттің қауіпті факторларынан қорғау үшін өртке қарсы аралықтармен бөлінген бөлігі;
- 32) өрттен қорғау жүйесі – адамдар мен мүлікті өрттің қауіпті факторлары әсерінен қорғау және (немесе) олардың объектіге әсер ету салдарын шектеуге бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;
- 33) өрттің алдын алу жүйесі – объектіде өрттің туындау жағдайларын болдырмауға бағытталған ұйымдастыру шаралары және техникалық құралдар кешені;
- 34) өрттің қауіпті факторлары – әсері адамның жарақаттануына, улануына немесе өлімге және (немесе) материалдық шығынға алып келуі ықтимал өрт факторы;
- 35) технологиялық орта – технологиялық аппаратурада (технологиялық жүйеде) айналатын заттар мен материалдар;
- 36) түтінге қарсы қорғаныш жүйесі – өрт кезінде ғимараттар мен құрылыстардың түтіндеу қаупін, сондай-ақ оның қауіпті факторларының адамдар мен материалдық құндылықтарға әсерін болдырмау немесе шектеуге бағытталған ұйымдастыру шаралары, көлемдік-жоспарлау шешімдері, инженерлік жүйелер және техникалық құралдар кешені;
- 37) тұтану – қысқа мерзімді көрінетін жарқырау қоса жүретін газ бу ауа қоспасының жанғыш зат бетінде тез жануы;
- 38) тұтану көзі – жанудың пайда болуын бастайтын энергетикалық әсер ету құралы;
- 39) тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдары – өрттің қауіпті факторларынан адамдардың қауіпсіздігін және оларды қорғауды, оның ішінде оларды эвакуациялау, өзін-өзі құтқару және құтқару кезінде қамтамасыз ететін техникалық құралдары;

40) эвакуациялық жол (эвакуация жолы) – тікелей сыртқа алып келетін адамдардың қозғалыс және (немесе) орын ауыстыру жолы;

41) эвакуациялық шығу – эвакуация жолына немесе тікелей сыртқа алып баратын шығу.

### **3-тарау. Объектілердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптар**

#### **1-параграф. Жалпы талаптар**

6. Объектінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі:

1) өрттің алдын алу жүйесін;

2) өртке қарсы қорғау жүйесін;

3) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенін қамтиды.

7. Өрттің алдын алу, өртке қарсы қорғау жүйелерінің және ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешенінің құрамы мен функционалдық сипаттамалары объектінің функционалдық мақсатымен айқындалады және осы Техникалық регламентпен белгіленеді.

8. Егер осы Техникалық регламентте белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптары толық көлемде, оның ішінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттарды, стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану арқылы орындалса, объектінің өрт қауіпсіздігі қамтамасыз етілген деп саналады.

#### **1-бөлім. Өрттің алдын алу жүйесіне қойылатын талаптар**

9. Өрттің алдын алу:

1) жанғыш ортаның;

2) жанғыш ортада тұтану көздерінің түзілуінен алдын алу арқылы қол жеткізіледі.

10. Жанғыш ортаның түзілу жағдайларын болдырмау мынадай бір немесе бірнеше тәсілдермен қамтамасыз етілуі тиіс:

1) жанбайтын заттар мен материалдарды қолдану;

2) жанғыш заттар мен материалдардың салмағын және (немесе) көлемін шектеу;

3) жанғыш заттар мен материалдарды, сондай-ақ бір-бірімен өзара әрекеті жанғыш ортаның пайда болуына алып келетін материалдарды орналастырудың аса қауіпсіз тәсілдерін пайдалану;

4) жанғыш ортаны тұтану көзінен (оқшауланған бөліктерді, камераларды, кабиналарды қолдану) оқшаулау;

5) тотықтырғыш және (немесе) жанғыш заттар ортасында қауіпсіз концентрациясын ұстап тұру;

6) қорғалатын көлемдегі жанғыш ортада тотықтырғыш концентрациясын азайту;

7) жалынның таралуы болмайтын ортаның температурасын және қысымын ұстап тұру;

8) жанғыш заттармен жұмыс істеуге байланысты технологиялық процестерді механикаландыру және автоматтандыру;

9) жеке үй-жайларда немесе ашық алаңқайда өрт қауіпті жабдықты орнату;

10) жанғыш заттарды үй-жай немесе құрылғы көлеміне шығуын болдырмайтын, үй-жайда жанғыш ортаның пайда болуын болдырмайтын өндірістік жабдықтарды қорғау құрылғысын қолдану;

11) үй-жай, технологиялық жабдық және коммуникациялардан өндірістің өрт қауіпті қалдықтарын, шаң, мамық шөгінділерін жою.

11. Жанғыш ортада жану көздерінің пайда болу жағдайларының алдын алу мынадай бір немесе бірнеше тәсілмен қол жеткізіледі:

1) жарылыс қауіпті және (немесе) өрт қауіпті аймақ класына, жарылыс қауіпті қоспа санаты мен тобына сәйкес келетін электр жабдығын қолдану;

2) конструкцияда тұтану көздерінің пайда болуына алып келетін электр қондырғысы мен басқа да құрылғылардың қорғаныш ажыратудың жылдам әсер ететін құралдарын қолдану;

3) статикалық электрдің пайда болуын болдырмайтын технологиялық процестерді жүргізудің жабдықтары мен режимін қолдану;

4) ғимараттарды, үй-жайларды және жабдықты найзағайдан қорғауды орнату;

5) жанғыш ортамен байланыста болатын заттар, материалдар және беттердің қызуының қауіпсіз температурасын ұстап тұру;

6) жанғыш ортада ұшқын разрядының энергиясын қауіпсіз мәнге дейін шектеу тәсілдері мен құрылғысын қолдану;

7) тез тұтанатын сұйықтықтар мен жанғыш газдармен жұмыс істеген кезде, ұшқын қауіпсіз аспапты қолдану;

8) заттар, материалдар және бұйымдардың жылу, химиялық және (немесе) микробиологиялық өздігінен жануы үшін жағдайларды жою;

9) пирофор заттардың ауамен байланысының алдын алу;

10) жалынның бір көлемнен аралас көлемге таралу мүмкіндігін болдырмайтын құрылғыларды қолдану.

## **2-бөлім. Өртке қарсы қорғау жүйесіне қойылатын талаптар**

12. Өрттің қауіпті факторының әсерінен қорғау және (немесе) оның салдарын шектеуге мынадай бір немесе бірнеше тәсілмен қол жеткізіледі:

1) көлемдік-жоспарлық шешімдерді және ошақтан тыс өрттің таралуын шектеуді қамтамасыз ететін құралдарды қолдану;

2) өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау талаптарын қанағаттандыратын эвакуациялық жолдарды құру;

3) өртті анықтау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру мен эвакуациялауды басқару жүйесін құру (өрт сигнализациясы қондырғысы мен жүйесі);

4) өрттің қауіпті факторларының әсерінен адамдарды түтінге қарсы қорғау жүйесін (оның ішінде түтінге қарсы) және жеке қорғау құралдарын қолдану;

5) құрылыстардың талап етілетін отқа төзімділігі дәрежесіне және оның құрылыс өрт қауіпсіздігі класына сәйкес келетін отқа төзімділік шектерімен және өрт қауіпсіздігі кластарымен, сондай-ақ эвакуациялау жолдарында құрылыс конструкцияларының беткі қабаттарының (әрлеу, қаптама және оттан қорғау құралдары) өрт қауіпсіздігін шектеумен негізгі құрылыс конструкцияларын қолдану;

6) құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шектерін арттыру үшін оттан қорғау құрамдарын (оның ішінде антипирендерді және оттан қорғау бояуларын) және құрылыс материалдарын (қаптамаларды) қолдану;

7) өртке қауіпті сұйықтықтарды авариялық төгу және жанғыш газдарды аппаратурадан авариялық отау құрылғысы;

8) жарылысқа қарсы қорғау жүйелерінің технологиялық жабдығына орнату;

9) өрт сөндірудің алғашқы құралдарын қолдану;

10) өрт сөндірудің автоматты және (немесе) автономды қондырғыларын қолдану.

13. Әрбір ғимарат пен құрылыстың өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ететін эвакуациялық жолдарын көлемдік-жоспарлық шешімі және конструктивтік орындалуы болуы тиіс.

14. Адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету үшін:

1) эвакуация жолдары мен эвакуациялық шығуларының қажетті саны, өлшемдері және тиісті құрылыстық орындалуы белгіленуі;

2) эвакуация жолдары бойынша және эвакуациялық шығулар арқылы адамдардың кедергісіз қозғалысы қамтамасыз етілуі;

3) адамдарды құлақтандыру және олардың эвакуация жолдары бойынша қозғалысты басқару (оның ішінде жарық көрсеткіштерін, дыбыстық және сөйлеу құлақтандыруларды пайдалана отырып) ұйымдастырылуы тиіс.

15. Биіктігі 50 метрден (бұдан әрі – м) асатын функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.2, Ф1,5 кіші сыныпты ғимараттар кемінде 2 сағат ішінде адамдарды қорғауға есептелген өрт қауіпсіз аймақтармен қамтамасыз етіледі.

Ғимараттардағы өрт қауіпсіз аймақтарды жобалау сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдары (өзін-өзі құтқарғыштар) ғимараттың сыртына немесе өрт қауіпсіз аймаққа эвакуациялау үшін қажетті уақыт ішінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

17. Тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдарымен (өзін-өзі құтқарғыштармен) 28 м асатын биіктікте орналасқан, функционалдық өрт қауіптілігі



Ф1.2, Ф1.5 және Ф4.3 кіші сыныпты ғимараттардың үй-жайларындағы адамдар қамтамасыз етіледі.

Жеке қорғау құралдарының (өзін-өзі құтқарғыштардың) саны жобалық құжаттамада көзделген, өрттен қорғауға жататын адамдардың санына сәйкес келуі тиіс. Жеке қорғау құралдары техникалық құжаттаманың талаптарын ескере отырып, желдету ойықтары бар пломбыланған, арнайы бөлінген шкафтарға орналастырылады. Жеке қорғау құралдарын (өзін-өзі құтқарғыштарды) орналастыру орындары стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес нұсқағыштармен белгіленуі тиіс.

18. Биіктігі 50 м асатын функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.2 және Ф1.5 кіші сыныпты ғимараттарды жеке және ұжымдық құтқару құралдарымен қамтамасыз ету сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Ғимаратты немесе құрылысты түтінге қарсы қорғау жүйесі эвакуациялау жолдарында және қауіпсіз аймақтарда қауіпті өрт факторлары әсерінен адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялауға қажетті уақыт ішінде немесе өрттің өршу барлық уақыты және жанатын және термиялық бөлшектенетін өнімдерді жою және (немесе) олардың таралуының алдын алу арқылы өртті сөндірудің барлық уақытында адамдарды қорғау қамтамасыз етілуге тиіс.

20. Түтінге қарсы қорғау жүйесі мынадай қорғау тәсілдерінің біреуін немесе бірнешеуін көздеуі тиіс:

1) өрт кезінде түтіндеумен күресу үшін ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жоспарлық шешімдерін қолдану;

2) өрт кезінде түтіндеумен күресу үшін ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялық шешімдерін қолдану;

3) қорғалатын үй-жайларда, тамбур-шлюздерде және саты торларында ауаның артық қысымын жасау үшін ағынды түтінге қарсы желдетуді қолдану;

4) жану және термикалық бөлшектену өнімдерін жою үшін механикалық және табиғи сору түтінге қарсы желдету құрылғылары мен құралдарын қолдану.

21. Ғимараттар мен құрылыстарда ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділігінің талап етілетін дәрежесіне және олардың конструктивтік өрт қауіптілігі сыныбына сәйкес келетін отқа төзімділік шектерімен және өрт қауіпсіздігі кластарымен негізгі құрылыс конструкциялары қолданылуы тиіс.

22. Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігі және өрт қауіптілігі сыныбы олардың конструктивтік шешімдерінің, тиісті құрылыс материалдарын қолдану, сондай-ақ оттан қорғау құралдарын пайдалану есебінен қамтамасыз етілуі тиіс.

23. Ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділік дәрежесіне байланысты таңдалатын құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігінің талап етілетін шектері осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесінде берілген.

24. Өрттің өрт ошағы шегінен тыс таралуын шектеу мынадай тәсілдердің бірімен немесе бірнешеуімен қамтамасыз етілуі тиіс:

- 1) өртке қарсы бөгеттер салу;
- 2) өрт бөліктерін және секцияларын салу, сондай-ақ мен құрылыстардың қабаттарын шектеу;
- 3) өрт кезінде қондырғылар мен кәріздерді апаттық ажырату және қайта қосу құрылғыларын қолдану;
- 4) өрт кезінде сұйықтықтардың төгілуі мен ағуының алдын алатын немесе шектейтін құралдарды қолдану;
- 5) жабдықта отты бөгейтін құрылғыларды қолдану;
- 6) өрт сөндіру қондырғыларын қолдану.

25. Қалалар, елді мекендер және шаруашылық объектілері жолға шығатын өрт техникасы бар және жолға шығатын өрт техникасы жоқ өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен қорғалуы тиіс.

26. Автоматты өрт сөндіру қондырғылары үй-жайда (ғимаратта):

- 1) өрттің қауіпті факторларының сыни мәндері туындағанға;
- 2) құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігі шектері пайда болғанға;
- 3) қорғалатын мүлікке барынша жол берілетін нұқсан келтірілгенге;
- 4) технологиялық қондырғыларды бұзу қаупі туындағанға дейін өртті жоюды қамтамасыз етуі тиіс.

27. Ғимараттар мен құрылыстар өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін қызмет көрсетуші персоналдың өртті жою қажеттігі жағдайларына сүйеніп, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс.

28. Ықтимал өрттерді жою үшін меншік нысанына қарамастан ұйымның аумағында, ғимараттары мен құрылыстарында, сондай-ақ елді мекендерде өртке қарсы сумен жабдықтау көздері болуы тиіс.

29. Өртке қарсы сумен жабдықтау көздері ретінде табиғи және жасанды су қоймаларын, сондай-ақ сыртқы су құбырын (оның ішінде ауыз су, шаруашылық-ауыз су, шаруашылық және өртке қарсы) пайдалануға жол беріледі.

### **3-бөлім. Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешеніне қойылатын талаптар**

30. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені мынадай іс-шараларды қамтуы тиіс:

- 1) жұртшылықты өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге тарту;
- 2) өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі шараларына халықты оқытуды ұйымдастыру;
- 3) өрт қауіпсіздігі саласында насихат жүргізу;
- 4) өрт қауіпсіздігінің алғашқы шараларын қамтамасыз ету;

5) өрт кезінде адамдарды ғимараттан немесе құрылыстан эвакуациялау қауіпсіздігіне кепілдік беретін мәндерге дейін олардың ғимараттардың немесе құрылыстардың ішіндегі санын шектеу;

6) ғимараттарда немесе құрылыстарда өрт туындаған кезде және адамдарды эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде әкімшіліктің, персоналдың және халықтың іс-қимылдары;

7) мемлекеттің және мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді, қалаларда және елді мекендерде, сондай-ақ әртүрлі жекеменшік нысандарының объектілерінде ерікті өртке қарсы құралымдарды құру және олардың жұмысын ұйымдастыру.

31. Кенттер мен қалалар, сондай-ақ ауылдық елді мекендер аумағында өртке қарсы қызмет бөлімшелерін орналастыру кенттер мен қалалардағы шақыру жасаған орынға алғашқы өрт бөлімшесінің жету уақыты 10 минуттан аспауы, ал ауылдық елді мекендер үшін – 20 минуттан аспауы тиіс деген шартқа сүйеніп анықталады.

Қалалар мен елді мекендер үшін өрт деполары мен өрт сөндіру автомобильдерінің саны сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

Ұйымдар мен объектілерде мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 1017 қаулысымен бекітілген Міндетті түрде мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті техникалық жарақтандыру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 10303 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

## **2-параграф. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жобалау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары**

### **1-бөлім. Қала құрылысы қызметіне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

32. Қалалық және ауылдық елді мекендер осы Техникалық регламентте белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз етуді ескеріп жобалануы тиіс.

Ғимараттарды, құрылыстарды және құрылымдарды жобалау, кеңейту, реконструкциялау, өндірістің технологиялық процесін өзгерту кезінде осы Техникалық регламенттің, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің, сондай-ақ стандарттау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі құжаттардың талаптары сақталуы тиіс.

33. Қалалық және ауылдық елді мекендердің шекараларына жарылыс-өрт қауіпті объектілерді орналастыру кезінде өрттің қауіпті факторларының көрші объектілерге,

климаттық және географиялық ерекшеліктерге, жергілікті жер бедеріне, өзендердің ағу бағытына және желдің басым бағытына әсер ету мүмкіндігі ескерілуі қажет.

34. Сұйытылған табиғи газдардың, сондай-ақ сұйытылған көміртекті газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың кешендері елді мекендердің тұрғын аймағынан тыс, тұрғын үй аудандарына қатысты желдің басым бағытының желдетілетін жағынан орналастырылуы тиіс.

35. Сұйытылған көміртекті газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың қоймаларын орналастыру бойынша жер учаскелері елді мекендерге, кемежайларға, өзен вокзалдарына, гидроэлектр станцияларына, кеме жөндейтін және кеме құрылысы ұйымдарына, көпірлер мен құрылыстарға өзен ағысымен төмен, егер көрсетілген құрылыстардан бастап Техникалық регламенттерде үлкен қашықтықтар белгіленбесе, олардан бастап кемінде 300 м қашықтыққа орналастырылуы тиіс.

36. Сұйытылған көміртекті газдар мен тез тұтанатын сұйықтықтар қоймаларының құрылыстары көрші елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумақтарының белгілерімен салыстырғанда өте жоғары деңгейлі жер учаскелеріне орналастырылуы тиіс.

Көрсетілген қоймаларды көршілес елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумағы белгілерімен салыстырғанда өте жоғары деңгейлі жер учаскелеріне, олардан 300 м астам арақашықтыққа орналастыруға жол беріледі.

37. Елді мекендерден, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарынан 100 м-ден 300 м дейінгі аралықтағы арақашықтыққа орналасқан сұйытылған көміртекті газдар мен жылдам тұтанатын сұйықтықтар қоймаларына елді мекендердің, ұйымдар мен жалпы желілік теміржол жолдарының аумағына сұйықтықтардың ағуын болдырмайтын шаралар (оның ішінде екінші топырақ үйіп бекіту, авариялық ыдыстар, ағызу каналдары, траншеялар) көзделуі тиіс.

38. Қалалық және ауылдық елді мекендерді тұрғын, қоғамдық-іскерлік, өндірістік аймақтарға, инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймақтарына, ауыл шаруашылығын пайдалану аймақтарына, рекреациялық мақсаттағы аймақтарға, ерекше қорғалатын аумақтар аймақтарына, арнайы мақсаттағы, әскери объектілерді орналастыру аймақтарына және өзге де аумақтық аймақтар түрлеріне бөлу кезінде оларды жоспарлау бойынша өрт қауіпсіздігі талаптары сақталуы тиіс.

39. Өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдары мынадай:

1) екі бойлық жақтан – функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 сыныпты биіктігі 28-ден бастап 75 метрге дейін қоса алғанда, функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.2, Ф1.5. Ф2.1, Ф2.2, Ф3, Ф4.2, Ф4.3 сыныпты биіктігі 18-ден 50 метрге дейін қоса алғанда ғимараттар мен құрылыстарға;

2) барлық тараптардан (шенберлік өту жолдары):

функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.1, Ф4.1 сыныпты ғимараттар мен құрылыстарға;

функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.2, Ф1.5, Ф2.1, Ф2.2, Ф3, Ф4.2, Ф4.3 биіктігі 50 метрден астам ғимараттар мен құрылыстарға;

функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 биіктігі 75 метрден астам ғимараттар мен құрылыстарға;

бір-бірімен функционалдық байланысқан (қосылған) ғимараттар мен құрылыстардың кешеніне;

3) бір бойлық жақтан – функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 сыныпты биіктігі 28 метрге дейін, функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.2, Ф1.5, Ф2.1, Ф2.2, Ф3, Ф4.2, Ф4.3 сыныпты биіктігі 18 метрге дейін ғимараттар мен құрылыстарға келуді қамтамасыз етуі тиіс.

40. Өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдарының ені кемінде 6 м болуы тиіс.

41. Шағын қабатты тұрғын үй құрылысының жоспарлау шешімі (3 қабатқа дейін қоса алғанда) өрт техникасының ғимараттар мен құрылыстарға 50 м аспайтын қашықтықта өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

42. Өндірістік объектілердің ғимараттары мен құрылыстарына олардың тұтас ұзындығы бойымен өрт сөндіру автомобильдерінің:

1) бір жағынан – ғимараттардың, құрылыстардың ені 18 м артық болмаған жағдайда ;

2) екі жағынан – ғимараттардың, құрылыстардың ені 18 м артық болған жағдайда, сондай-ақ аулалар тұйықталып және жартылай тұйықталып салынған жағдайда, өтуі қамтамасыз етілуі тиіс.

43. Құрылысының ауданы 10 мың м<sup>2</sup> астам немесе ені 100 м астам өндірістік объектілердің ғимараттарына өрт техникасының өтуі барлық жағынан қамтамасыз етілуі тиіс.

44. Өрт техникасының жүріп өтуін қамтамасыз ететін өту бөлігінің немесе жоспарланған үстіңгі бетінің шетінен өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың қабырғаларына дейінгі арақашықтық биіктігі 12 м дейінгі ғимараттардың қабырғаларына дейінгі арақашықтық 25 м артық болмауы тиіс, 12 м-ден 28 м дейінгі ғимараттар үшін – 8 м артық болмауы, биіктігі 28 м артық ғимараттар үшін – 10 м артық болмауы тиіс.

Автомобиль жолының өту бөлігінің шетінен өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың жақын қабырғаларына дейінгі қашықтықты өрт техникасының бұрылуына арналған алаңдары бар және осы алаңдарда өрт гидранттары орнатылған ғимараттар мен құрылыстарға тұйық жолдар салынған жағдайда, 60 м дейін ұлғайтуға жол беріледі. Бұл ретте өндірістік ғимараттар мен құрылыстардан бастап өрт техникасының бұрылуына арналған алаңдарға дейінгі қашықтық кемінде 5 м және 15 м аспауы, ал тұйық жолдардың арасындағы қашықтық 100 м аспауы тиіс.

45. Өту жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарын орналастыру кезінде осы Техникалық регламенттің 39-тармағына сәйкес өту жолы жағынан өрт техникасының тұрғын және қоғамдық, оның ішінде жапсарлас-іргелес үй-жайлары бар ғимараттарға өту мүмкіндігі және өрт сөндірушілердің автосатылар мен автокөтергіштерден кез келген пәтерге немесе үй-жайға қол жеткізуі қамтамасыз етілуі қажет.

Өту жолының жиегінен бастап ғимараттың қабырғасына дейінгі қашықтықты 10-нан бастап 28 м дейін қоса алғандағы ғимараттар үшін 5-8 м және 28 м астам ғимараттар үшін 8-10 м етіп қабылдануы тиіс. Бұл аймақта ғимараттар мен құрылыстарды салуға, қоршаулар, электр бергіштің әуе желілерін орналастыруға және ағаштарды қатарлап отырғызуды жүзеге асыруға жол берілмейді. Көрсетілген қашықтықтар тұтас сыртқы қабырғалары бар қасбеттердегі ғимараттардың учаскелері үшін регламенттелмейді.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың 1, 2 және 3-қабаттарында жапсарлас және жапсарлас-жанастыра салынған үй-жайлар немесе стилобаттар орнатылған жағдайда, жапсарлас салынған бөліктің ені (ғимараттың биік бөлігінің қабырғаларынан есептегенде) жердің жоспарлау белгісінен парапеттің жоғарғы жағына дейінгі 12 м аспайтын биіктікте 8 м аспауы тиіс. Бұл ретте, өрт сөндіру автомобильдеріне арналған өту жолдарының ішкі шетінен жапсарлас бөліктің қабырғаларына дейінгі қашықтық кемінде 5 м болуы тиіс. Шығыңқы стилобаттар мен көп қабатты ғимараттарға жапсарлас-жанастыра салынған ғимараттардың шатырына кіру мүмкіндігі болған кезде Техникалық регламенттің 45 және 47-тармақтары орындалған жағдайда, олардың габариттері регламенттелмейді.

46. Өрт техникасына арналған өтпе жолдардың жол төсемінің конструкциясы өрт сөндіру автомобильдерінің түсіретін жүктемесіне есептелуі тиіс.

47. Тұрғын және көп салалы биік ғимараттардың стилобаты шатырын өрт техникасының өтуі үшін пайдалану кезінде стилобаттың конструкциялары өрт сөндіру автомобильдерінен оське кемінде 16 тонна жүктемеге есептелуі тиіс.

48. Өтпе жолдар, галереялар сияқты немесе ғимараттар (аркалар) арқылы тік өтетін жолдар биіктігі кемінде 4,5 м және саңылаудағы ені кемінде 3,5 м етіп орындалуы тиіс.

Ғимарат арқылы тік өтетін жолдарды ғимараттың ішкі контуры (периметрі) арқылы әрбір 300 м сайын орнату қажет.

49. Егер өрт сөндіру гидранттары бар сыртқы су құбыры желісі қасбеттердің бірінің тарабынан салынған болса, тұрғын үйлердің саты торлары (вестибюльдері) арқылы тік өтетін жолдарды бір-бірінен 100 м аспайтын арақашықтықта қарастыру қажет.

50. Тұйық жолдар өрт техникасы бұрылуы үшін өлшемі кемінде 15x15 м алаңдармен аяқталуы тиіс. Тұйық жолдың барынша ұзындығы 150 м аспауы тиіс.

51. Бау-бақша серіктестіктері мен саяжай кооперативтерінің аумағында барлық учаскелер мен жалпы қолданыстағы объектілерге өрт техникасының өтуі қамтамасыз етілуі тиіс.

52. Қалалық және ауылдық елді мекендерінің аумағында сыртқы және (немесе) ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау көздері болуы тиіс.

Сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне мыналар жатады:

- 1) өрт сөндіру гидранттары бар сыртқы су құбыры желілері;
- 2) табиғи және жасанды су көздері.

53. Өртке қарсы су құбыры қалалық және елді мекендерде, сондай-ақ өндірістік объектілерде көзделуі тиіс.

Шаруашылық-ауызсу немесе өндірістік су құбыры бар өртке қарсы су құбырын біріктіруге жол беріледі.

54. Резервуарлардан және (немесе) су қоймаларынан сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтауды:

- 1) тұрғындарының саны 5 000 адамға дейінгі елді мекендер үшін;
- 2) сақиналы өртке қарсы су құбыры жоқ елді мекендерде орналасқан, көлемі 1 000 м<sup>3</sup> дейінгі жеке тұрған қоғамдық ғимараттар;
- 3) сыртқы өрт сөндіруге секундына 10 л су жұмсаған жағдайда өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша В1-В4, Г және Д санатты өндірістері бар өндірістік ғимараттар;
- 4) көлемі 1 000 м<sup>3</sup> дейінгі ірі жем қоймалары;
- 5) ғимараттарының көлемі 5 000 м<sup>3</sup> дейінгі ірі жем қоймалары;
- 6) радио-телевизиялық жеткізу станцияларының ғимараттары;
- 7) көкөністер мен жемістерге арналған тоңазытқыштар мен қоймалар ғимараттары үшін қарастыруға жол беріледі.

55. Сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтауды мыналар үшін қарастырмауға болады:

- 1) биіктігі екі қабатқа дейін ғимараттарды салу кезінде 50 адамға дейін тұрғындар саны бар елді мекендер;
- 2) ғимараттарының көлемі 1 мың м<sup>3</sup> жеке тұрған, елді мекендерден тыс орналасқан қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары және ауданы 150 м<sup>2</sup> дейінгі сауда кәсіпорындары, сондай-ақ елді мекендерге орналасқан көлемі 250 м<sup>3</sup> отқа төзімділік дәрежелері I және II қоғамдық ғимараттар;
- 3) өрт жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша Д санатты өндірістері бар көлемі 1 мың м<sup>3</sup> дейінгі I және II дәрежелі отқа төзімді өндірістік ғимараттар (көлемі 250 м<sup>3</sup> дейінгі металл қорғалмаған немесе ағаш арқаулық конструкциясы бар, сондай-ақ полимер жылытқышы бар ғимараттардан басқа);
- 4) ғимараттардың көлемі 1 000 м<sup>3</sup> болған жағдайда ауылшаруашылығы өнімдерінің маусымдық әмбебап қабылдау-дайындау пункттері;
- 5) ауданы 50 м<sup>2</sup> дейін жанатын орауышқа салынған жанатын материалдар және жанбайтын материалдар қоймаларының ғимараттары үшін.

56. Бір мезгілдегі өрттердің есептік саны және елді мекенде сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің магистралдық және сақиналы тораптарынан суының шығысы осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның кестесінде берілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

57. Аймақтық сумен жабдықтау кезінде сыртқы өрт сөндіруге кететін су шығысы және әрбір аймақтағы бір мезгілдегі өрттер саны аймақта тұрып жатқан тұрғындар санына байланысты қабылдануы тиіс.

58. Топтық су құбыры үшін бір мезгілдегі өрттердің саны елді мекендердегі тұрғындардың жалпы санына байланысты қабылданады.

59. Топтық су құбыры бойынша өрт көлемін қалпына келтіруге кететін су шығысы мынадай жағдайларда өрт сөндіруге жұмсалатын ең үлкен шығысты талап ететін елді мекендер үшін (бір мезгілдегі өрттер санына сәйкес) су шығысының сомасы ретінде анықталады:

1) өртті сөндіру ұзақтығы 3 сағаттан кем емес, ал өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жайлары бар I және II дәрежелі отқа төзімді ғимараттар үшін 2 сағаттан кем емес уақыт болып қабылдануға тиіс;

2) тұрғындар саны 1000 адамға дейінгі ауылдық елді мекендерге өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жайлары бар отқа төзімділігі I және II дәрежелі ғимараттар үшін, қабатының саны екеуге дейінгі және көлемі 1000 м<sup>3</sup> дейінгі тұрғын ғимараттар үшін өрт сөндіру ұзақтығы кемінде 1 сағ. болып қабылдануы тиіс;

3) судың өрт сөндіру көлемін қалпына келтірудің ең ұзақ мерзімі:

өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша А, Б, В1 - В4 санатты үй-жайлары бар елді мекендер мен өндірістік объектілер үшін – 24 сағаттан;

өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жайлары бар өндірістік объектілер үшін – 36 сағаттан;

ауылдық елді мекендер мен ауылшаруашылығы кәсіпорындары үшін – 72 сағаттан аспауы тиіс.

60. Елді мекенде сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысы осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның кестесінде берілген тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің қосу және тарату тораптарынан суы шығысынан кем болмауы тиіс.

61. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің қосу және тарату тораптарынан суы шығысы осы Техникалық регламентке 4-қосымшаға сәйкес қабылдануы тиіс.

62. Өртке қарсы қабырғалармен бөліктерге бөлінген ғимараттардағы өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығысы судың көп шығысы талап етілетін ғимарат бөлігі бойынша қабылдануы тиіс.



63. Өртке қарсы қоршаулармен бөлінген ғимараттардағы өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығысы ғимараттың жалпы көлемі және өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша аса қауіпті санаты бойынша анықталуы тиіс.

64. Арқалық болат конструкциялары және жанатын немесе полимер жылытқышты болат пішінделген немесе асбест-цемент табақтардан жасалған қоршау конструкциялары бар биіктігі 18 м артық емес бір және екі қабатты өндірістік ғимараттардағы және бір қабатты қоймалық ғимараттардағы сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысы осы Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде көрсетілген нормативтерден 10 л/с-қа артық қабылдануы тиіс.

65. Кәсіпорында екі есептік өрт кезінде өрт сөндіруге жұмсалатын есептік су шығысы аса көп су шығысын талап ететін екі ғимарат бойынша қабылдануы тиіс.

66. Жеке тұрған көмекші ғимараттардың өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығысын мәндері осы Техникалық регламентке 4-қосымшаның кестесіне сәйкес қоғамдық ғимараттарға, ал өндірістік ғимараттарға қосып салынған объектілер үшін осы Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес, ал өндірістік ғимараттарға жапсарлас салынған объектілер үшін – ғимараттың жалпы көлемі бойынша қабылдау қажет.

67. Жабық және ашық ағаш материалдары қоймаларын өртке қарсы сумен жабдықтау МҚН 2.02-02-2004 "Ағаш материалдары қоймалары. Өртке қарсы нормалар" талаптарға сәйкес көзделеді.

68. Егер осы Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1 және 2-кестелері бойынша көп су шығысы талап етілмесе, ғимараттардың көлемі мен елді мекендерде тұратын адамдардың санына қарамастан радио-телевизиялық беру станциялары ғимараттарының өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығысын 15 л/с кем емес етіп қабылдау керек. Көрсетілген талаптар қолданыстағы және жобаланатын байланыс объектілеріне орнатылатын радио-телевизиялық ретрансляторларға таратылмайды.

69. Ағаш конструкциялы II дәрежелі отқа төзімді ғимараттар үшін сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысы осы Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде көрсетілгеннен 5 л/с артық қабылдануы тиіс.

70. 30 тоннаға дейін жүк көтеретін контейнерлерді сақтайтын ашық алаңдардағы өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын су шығысы контейнерлер санына қарай қабылдануы тиіс:

- 1) кемінде 15 л/с - 30-дан 50-ге дейін контейнер;
- 2) кемінде 20 л/с - 50-ден артық 100-ге дейін контейнер;
- 3) кемінде 25 л/с - 100-ден артық 300-ге дейін контейнер;
- 4) кемінде 40 л/с - 300-ден артық 1000-ға дейін контейнер;
- 5) кемінде 60 л/с - 1000-нан артық 1500-ге дейін контейнер;
- 6) кемінде 80 л/с - 1500-ден артық 2000-ға дейін контейнер;
- 7) кемінде 100 л/с – 2000-нан астам контейнер.

71. Өндірістік объектілердегі бір мезгілдегі өрттердің есептік саны жобалау нормаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, олар алатын ауданға байланысты қабылдануы тиіс: ауданы 150 га дейін болған жағдайда бір өрт, ауданы 150 га артық болған жағдайда екі өрт.

72. Елді мекен және өнеркәсіптік немесе елді мекен пунктінен тыс орналасқан ауыл шаруашылығы кәсіпорнының өртке қарсы біріккен су құбыры кезінде мыналар бір мезгілдегі өрттің есептік саны болып қабылдануы тиіс:

1) елді мекендегі тұрғындар саны 10 000 адамға дейін болған кезде 150 га дейін кәсіпорын аумағының ауданы кезінде – бір өрт (кәсіпорында немесе елді мекенде судың ең үлкен шығысы бойынша);

2) сол сияқты, елді мекенде 10 000 адамнан бастап 25 000 адамға дейін тұрғындар болған кезде – екі өрт (бірі – кәсіпорында және бірі – елді мекенде);

3) кәсіпорын аумағы ауданы 150 га жоғары және елді мекендегі адамдар саны 25 000 дейін болғанда – екі өрт (ең үлкен шығыс бойынша кәсіпорында екі немесе елді мекенде екі);

4) елді мекенде 25 000 артық адам болған кезде бір мезгілдегі өрттердің есептік саны және елді мекенде сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің магистральдық және сақиналы тораптарынан суының шығысы осы Техникалық регламентке 3-қосымшаның кестесі бойынша қабылданады, сонымен қатар су шығысы тұтынылатын үлкен шығыс сомасы (кәсіпорында немесе елді мекенде) және ең кіші шығыстың 50 % (кәсіпорында немесе елді мекенде) ретінде анықталуға тиіс;

73. Жер бетінен ғимаратқа кіруде ең көп шаруашылық-ауыз суын тұтынған кезде елді мекеннің су құбыры желісінде ең аз бос арыны 10 м кем емес бір қабатты құрылыс кезінде қабылдануы тиіс, үлкен қабаттар кезінде әрбір қабатқа 4 м қосылуы керек.

74. Су аз тұтынылған уақытта бірінші қабаттан басқа әрбір қабатқа арынды 3 м тең қабылдауға рұқсат етіледі, сонымен қатар сақтау үшін сыйымдылыққа су беру қамтамасыз етіледі.

75. Су үлестіру колонкалары желісінде бос арын кемінде 10 м болуы тиіс.

76. Төмен қысымды өртке қарсы су құбырын пайдаланылуы тиіс, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде регламенттелетін елді мекендер аумақтары мен объектілері үшін жоғары қысымды өртке қарсы су құбырын тиісті негіздемесі болған кезде ғана қабылдауға болады.

Жоғары қысымды су құбырында стационарлық өрт сорғысы өрт пайда болғаны туралы сигнал берілгеннен кейін 5 минуттан кейін кешіктірмей сорғыны іске қосуды қамтамасыз ететін құрылғымен жабдықталуы тиіс.

77. Өрт сөндірген кезде төмен қысымды өртке қарсы су құбыры желісіндегі ең төменгі бос арын (жер беті деңгейінде) кемінде 10 м болуы тиіс.

78. Жоғары қысымды өртке қарсы су құбыры желісінде минималды бос арын өрт сөндіруге судың толық шығысы кезінде және өрт бағаны ең жоғарғы ғимараттың

жоғарғы нүктесі деңгейінде орналасқан кезде 20 м кем болмайтын шағын ағын биіктігін қамтамасыз етуі тиіс.

79. Біріккен су құбыры желісінде ең көп бос арыны 60 м аспауы тиіс.

80. Су құбыры желісі сақиналы болуы тиіс. Су құбырларының тұйық желілері желінің ұзындығы 200 м аспаған кезде өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысына қарамастан, өртке қарсы немесе шаруашылық-өртке қарсы қажеттіліктерге су беру үшін қолданылады.

Сыртқы су құбыры желілерін ғимараттар мен құрылыстардың ішкі су құбыры желілерімен сақиналауға жол берілмейді.

81. 5 000 адамға дейін тұрғыны бар және өртті сыртқы сөндіру үшін 10 л/с су шығысы бар елді мекендерде немесе ішкі өрт қраны 12 бірлікке дейінгі ғимаратта өртке қарсы резервуар құрылғысы немесе су қоймасы, су арынды мұнара немесе тұйық соңында бақылау резервуары бар болғанда ұзындығы 200 м артық тұйық желіге рұқсат етіледі.

82. Өрт сыртқы сөндіру үшін судың 20 л/с және одан кем шығысы бар өндірістік объектілер үшін өрт сөндіру мақсаты үшін өртке қарсы резервуарда су қорын қалпына келтіру уақытын ұлғайтуға рұқсат етіледі:

1) 48 сағ. дейін – өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша Г және Д санатты үй-жай үшін;

2) 36 сағ. дейін – өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша В1-В4 санатты үй-жай үшін.

83. Қызыл желі 60 м шегінде және одан көп көшелердің ені кезінде су құбыры желісін көшенің екі жағынан төсеу қарастырылады.

84. Өрт гидрантын өтетін бөліктің шетінен бастап 2,5 м артық емес, бірақ ғимараттар мен құрылыстардың қабырғаларынан кемінде 5 м аралықта автомобиль жолы бойымен орнату қажет.

Өрт гидрантын өтетін бөлікте орналастыруға рұқсат етіледі, бұл ретте біріккен шаруашылық-ауыз су құбыры желісінен тармақтануда өрт гидрантын орнатуға жол берілмейді.

85. Су құбыры желісінде өрт гидрантын орналастыру өртті сыртқы сөндіруге 15 л/с және одан көп су шығысы кезінде екі өрт гидрантынан кем емес және 15 л/с кем су шығысы кезінде бір гидрант осы желі қызмет көрсететін кез келген ғимарат, құрылыс немесе оның бөліктерінде өрт сөндіруді қамтамасыз етуі тиіс.

86. Су құбыры желісінде өрт гидранты арасындағы 200 м аспайтын аралық қабылдануы және жобалау ұйымы өрт сөндіруге судың жиынтық шығысын және орнатылатын өрт гидранты типінің өткізу қабілетін ескеретін есептеу арқылы негізделуі тиіс.

87. Өрт сөндіру мақсатына арналған резервуарлардағы таза судың пайдаланылмаған су қоры өрт сөндіру үшін қажетті су мөлшерін сумен қамтамасыз ету көзінен тікелей

алу техникалық мүмкін болмаған немесе экономикалық жағынан орынсыз болған жағдайда қарастырылуы тиіс.

Таза су резервуарындағы өрт сөндіруге арналған судың пайдаланылмаған қоры:

1) сыртқы гидранттан және ішкі өрт кранынан өрт сөндіруді;

2) өрт сөндірудің автоматты су және көбік қондырғысын;

3) өрт сөндірудің барлық кезеңінде ең көп шаруашылық-ауыз су және өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз етуден қабылдануы тиіс.

Резервуарлардағы судың өрт көлемін анықтаған кезде егер оған су келу I және II санаттағы сумен жабдықтау жүйесінен жүзеге асырылса, өрт сөндіру кезінде толтыруды есепке алуға жол беріледі.

88. Су арыны мұнарасының бағындағы өрт сөндіруге арналған судың пайдаланылмаған қоры басқа қажеттіліктер үшін бір мезгілдегі судың үлкен шығысы кезінде бір сыртқы және бір ішкі өртті сөндірудің он минуттық ұзақтығына есептелуі керек.

89. Өрт сөндіру резервуарларының немесе су қоймасының саны кемінде екеу болуы керек, бұл ретте оның әрқайсысында өрт сөндіру үшін судың кемінде 50 % көлемі сақталуы керек.

90. Өрт сөндіру резервуарлары немесе су қоймалары мыналар болған кезде:

1) өрт автомобилі, 200 м аспайтын қашықтықта;

2) өрт мотопомпасы, 100 м аспайтын қашықтықтағы радиуста тұрған ғимараттарға қызмет көрсеткен жағдайда орналасуы тиіс.

Қызмет көрсету радиусын ұлғайту үшін 200 м аспайтын ұзындығы бар тұйық құбыржол су қоймасы немесе резервуарсынан бастап төсеуге рұқсат етіледі.

Егер өрт сөндіру резервуарынан немесе су қоймасынан суды өрт автомобилі немесе мотопомпамен тікелей жинау қиындық тудырса, көлемі 3 м<sup>3</sup> бастап 5 м<sup>3</sup> дейінгі қабылдау құдықтары қарастырылады. Резервуарды немесе су қоймасын қабылдау құдығымен қосатын құбырдың диаметрі өртті сыртқы сөндіруге жұмсалатын судың есептік шығысын өткізу жағдайына қарай, алайда кемінде 200 миллиметр (бұдан әрі – мм) етіп қабылданады. Қабылдау құдығы алдында қосатын құбыржолға ысырмасы бар құдық орнатылады, оның штурвалы люк қақпағы астына шығарылуы керек.

91. Резервуардан немесе су қоймасынан су жинау нүктесінен бастап отқа төзімділігі III, IIIа, IIIб, IV, IVа және V дәрежелі ғимараттарға және жанғыш материалдардың ашық қоймасына дейінгі аралық кемінде 30 м болуы, отқа төзімділігі I және II дәрежелі ғимаратқа дейін – кемінде 10 м болуы тиіс.

**2-бөлім. Қалалық және ауылдық елді мекендердің аумағында ғимараттар мен құрылыстар арасындағы өртке қарсы қашықтыққа қойылатын талаптар**

92. Отқа төзімділік деңгейіне қарай тұрғын үй, қоғамдық, әкімшілік және өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары арасындағы өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 6-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес қабылдануы тиіс.

93. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ғимараттары мен құрылыстары арасындағы отқа төзімділік деңгейіне және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндіріс санаттарына байланысты өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 6-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қабылдануы тиіс.

94. Отқа төзімділік деңгейіне қарай ауыл шаруашылық кәсіпорындарының ғимараттары мен құрылыстары арасында өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 6-қосымшаның 3 және 4-кестесіне сәйкес қабылдануы тиіс.

95. Ғимараттар және құрылыстар арасындағы өртке қарсы қашықтық болып ғимараттың сыртқы қабырғасы немесе басқа конструкциясы арасындағы аралық анықталады. Жанбайтын материалдан жасалған ғимараттар мен құрылыстар конструкциясының 1 м артық шығыңқылығы бар болса, осы конструкциялар арасындағы қашықтық қабылданады.

96. Терезе ойығы жоқ ғимараттар, имараттар және құрылыс арасындағы өртке қарсы қашықтықты оттөзімділіктің III, IIIa, IIIб, IV, IVa және V деңгейлі ғимараттарды қоспағанда, 20 % кішірейтуге рұқсат етіледі.

97. Сейсмикалығы 9 балл және одан жоғары аудандарда тұрғын ғимараттар, сондай-ақ отқа төзімділіктің IV, IVa және V деңгейлі тұрғын және қоғамдық ғимараттары арасындағы өртке қарсы қашықтықты 20 % арттыру қажет.

98. Отқа төзімділіктің V деңгейлі каркас және қаңқалы конструкциялы екі қабатты ғимарат, сондай-ақ жанғыш материалдан жасалған төбесі бар ғимараттар үшін өртке қарсы қашықтықты 20 % арттыру қажет.

99. Өрт техникасы үшін қажетті өту жолдары мен кіреберістерді қамтамасыз еткен жағдайда, оттөзімділіктің I және II деңгейлі тұрғын және қоғамдық ғимараттары арасындағы өртке қарсы қашықтықтар нормаланбайды, бұл ретте көршілес объектіге қарсы орналасқан, барынша биік немесе кең ғимараттың, құрылыстың қабырғасы I типті өртке қарсы болып табылады.

100. Бір пәтерлі, екі пәтерлі тұрғын үйлерді және шаруашылық құрылыстарды (сарай, гараж, монша) жапсарлас үй жанындағы жер учаскелерінде, олардың арасындағы құрылыс салынбаған алаңды қоса алғанда, тұрғын ғимараттарға арналған талаптарға сәйкес өртке қарсы қабырғаларсыз отқа төзімділік дәрежесіндегі бір ғимараттың (қабаттың) рұқсат етілген ең үлкен ауданына тең құрылыстың жиынтық алаңы кезінде бұғаттауға жол беріледі. Үйлер топтарының шеткі тұрғын үйлері арасындағы қашықтық осы Техникалық регламентке 6-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес айқындалады.

101. Тұрғын үй және шаруашылық құрылысы арасындағы, сондай-ақ үй маңындағы бір учаске шегінде шаруашылық құрылысы арасындағы өртке қарсы қашықтық нормаланбайды.

102. Отқа төзімділігі I және II деңгейлі Ф1, Ф2, Ф3, Ф4 өрт қауіптілігінің функционалдық сыныбының тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттарынан ең аз өртке қарсы қашықтығы:

1) Ф5 сыныпты өндірістік және қоймалық ғимараттардан, сондай-ақ оттөзімділіктің I және II деңгейлі гараждарына дейін кемінде 9 м;

2) Ф5 функционалдық өрт қауіптілігі сыныпты және С2, С3 конструкциялық өрт қауіптілігі сыныпты ғимараттарға дейін – кемінде 15 м;

3) отқа төзімділігі III, IIIa, IIIб деңгейлі ғимараттарға дейін – кемінде 12 м;

4) отқа төзімділігі IV, IVa және V деңгейлі ғимараттарға дейін – кемінде 15 м.

103. Ф1, Ф2, Ф3, Ф4 IV, IVa функционалдық өрт қауіптілігі сыныпты және отқа төзімділіктің V деңгейлі тұрғын, қоғамдық және әкімшілік (тұрмыстық) ғимараттардан бастап Ф5 функционалдық өрт қауіптілігі сыныбының өндірістік және қойма ғимараттарына, сондай-ақ отқа төзімділіктің сондай деңгейі бар гаражға дейінгі қашықтық кемінде 18 м болып қабылданады. Отқа төзімділігі III, IIIa және IIIб деңгейлі аталған ғимараттары үшін олардың арасындағы қашықтық кемінде 12 м болып қабылданады.

104. Функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.1, Ф4.1, сондай-ақ А және Б санаттарындағы Ф5 кіші класындағы ғимараттардан басқа, отқа төзімділігі I, II, III, IIIa, IIIб дәрежелі ғимараттардың отқа төзімділік шегі кемінде REI 150 болатын тұйық бүйір қабырғалары және көп қабатты жабық гараж-тұрақтар (оның ішінде автомобильдер баяу жүретін) арасындағы өртке қарсы қашықтық нормаланбайды.

105. Қалалық мекендер құрылысы шекарасынан бастап орман алқабына дейінгі өртке қарсы қашықтық 100 м кем болмауы тиіс.

106. Қалалық мекендерде үй маңындағы учаскесі бар бір-екі қабатты жеке құрылысы бар аудандар үшін үй маңындағы учаске шекарасынан бастап орман алқабына дейінгі қашықтық 50 м кем болмауы керек.

107. Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймалары аумағындағы ғимараттар мен құрылыстардан көрші объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 7-қосымшаның (бұдан әрі – 7-қосымша) 1-кестесі бойынша қабылданады.

Осы Техникалық регламентке 7-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген қашықтықтар:

1) ғимарат және құрылыстың сыртқы қабырғасы және конструкциясы арасындағы қашықтық ретінде ғимарат және құрылыстар арасындағы;

2) құю-төгу құрылысынан бастап - құю-төгу эстакадасы бар теміржол осінен бастап;

- 3) автомобиль цистернасының құю-төгу құрылмасы үшін, сорғы, ыдыстар үшін алаңдардан (ашық және қалқа асты) бастап – осы алаңдар шекарасынан бастап;
- 4) технологиялық эстакададан және құбырдан бастап – шеткі құбырдан бастап;
- 5) алау қондырғысынан бастап – алау оқпанынан бастап анықталады.

108. Резервуарлық парктерден 200 м дейінгі қашықтықта орналасқан жалпы желідегі теміржол жолдары, көршілес елді мекендер және кәсіпорындар аумағы белгісін салыстыру бойынша жоғары белгілері бар алаңдарда мұнай және мұнай өнімдерінің резервуарлық паркті орналастырылған кезде, сондай-ақ су кемерінен 200 м және одан кіші (максималды деңгейде) қашықтықта өзен жағасында мұнай және мұнай өнімдері қоймасын орналастырған кезде резервуарның апаты кезінде мұнай және мұнай өнімдерінің елді мекен немесе кәсіпорын аумағына, жалпы желідегі теміржол жолына немесе су қоймасына төгілу ықтималдығын болдырмайтын қосымша шаралар қарастырылуы тиіс.

Мұнай және мұнай өнімдері қоймасы аумағы биіктігі кемінде 2 м жанбайтын материалдан жасалған үрленетін қоршаумен қоршалуы керек.

109. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардан бастап тұрғын және қоғамдық ғимараттарға қызмет көрсететін қазандық, дизельдік электр станцияларының және басқа да энергетикалық объектілердің құрамында көзделетін, жалпы сыйымдылығы 2 000 м<sup>3</sup> дейін жанғыш сұйықтықтар қоймаларына дейінгі дейінгі өртке қарсы қашықтық осы Техникалық регламентке 7-қосымшаның 2-кестесінде белгіленгеннен кем болмайтындай етіп қабылдануы тиіс.

110. Елді мекен аумағында автоқұю станциясын орналастырған кезде өртке қарсы қашықтық авариялық резервуар және отын сақтауға арналған қабырғадан, отын және (немесе) оның буы айналатын жер үсті жабдығынан бастап, отын сақтауға арналған резервуар және авариялық резервуардың тыныс алу арқауынан, отын-үлестіру колонкасы тұрқы және сұйылтылған көмірсутекті газдар немесе сұйылтылған табиғи газ, автоцистерна және технологиялық құдыққа арналған алаңдар шекарасынан, тазарту құрылысының технологиялық жабдық қабырғасынан бастап және автоқұю станциясы ғимаратының сыртқы қабырғасы және конструкциясынан бастап:

- 1) мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары, интернаттық ұйымдар, стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар, бір пәтерлі тұрғын ғимарат жер учаскесінің шекарасына;

- 2) басқа мақсаттағы тұрғын және қоғамдық ғимараттардың қабырғаларына дейін.

**Ескерту. 110-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

111. Автоқұю станциясынан автоқұю станциясының кешеніне жатпайтын ғимараттарға, құрылыстар мен өзге объектілерге дейінгі ең жақын қашықтықтар

станция типіне байланысты болады және осы Техникалық регламентке 8-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес анықталады.

112. Жер үсті резервуары бар автоқұю станциясының ғимараттары және құрылыстары арасындағы ең қысқа өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 8-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес қабылданады.

113. Жер үсті резервуары бар автоқұю станциясы аумағында орналасқан ғимараттар және құрылыс арасындағы ең қысқа өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 8-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес қабылданады.

Автомобильдерге газ құю станцияларын жобалау және салу кезінде ең төменгі өртке қарсы қашықтықтар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылданады.

114. Көлік құралдарын сақтау және қызмет көрсету орындарынан (жер үсті және жер үсті-жер асты гараждар, жеңіл автомобильді тұрақты және уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтар және техникалық қызмет көрсету станциясынан) бастап тұрғын үйлер және қоғамдық ғимараттар, сондай-ақ елді мекендердің тұрғын, қоғамдық-іскерлік және рекреациялық мақсаттағы аймақтарда орналасқан мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары, интернаттық ұйымдар, стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға дейін өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 9-қосымшаның кестесінде келтірілгеннен кем қабылданбауы керек.

**Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

115. Өртке қарсы қашықтықты тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар, құрылыстар және құрылыстан бастап және мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары және стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардан бастап гараж қабырғасы немесе ашық тұрақ шекарасына дейін анықтау қажет.

**Ескерту. 115-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

116. Осы Техникалық регламентке 9-қосымшаның кестесінде келтірілген отқа төзімділігі I-II дәрежелі гараждар үшін қашықтықты гаражда ашылатын терезе, сондай-ақ тұрғын және қоғамдық ғимараттар жағына бағдарланған кірулер болмаған кезде 25 % азайтуға рұқсат етіледі.

117. Сұйылтылған табиғи газ резервуарынан бастап көршілес объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 10-қосымшаның 1-кестесі бойынша қолданылуы тиіс.



118. Қысымы осы Техникалық регламентке 10-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген мәндерден ерекшеленетін резервуарлардан бастап көршілес объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 10-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

119. Қойма аумағында орналасатын сұйылтылған көмірсутекті газдардың резервуарларынан бастап қойма құрамына кіретін, сондай-ақ оның аумағынан тыс орналасқан басқа объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 10-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

120. Тауарлық-шикізат базасының құрамына кіретін сұйылтылған көмірсутекті газдар қоймалары резервуарларынан бастап басқа объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар осы Техникалық регламентке 10-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

121. Газ құбыры, мұнай құбыры және мұнай өнімдері құбырының жер асты және жер үсті (төгіндіде) осінен бастап елді мекендер және жеке тұрған өндірістік объектілер, елді мекендер аумағындағы ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі өртке қарсы қашықтық осы Техникалық регламентке 11-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген мәндерден кем болмайтындай етіп қабылдануы тиіс.

122. Шеткі резервуардан бастап жалпы сыйымдылығы  $50 \text{ м}^3$  сұйылтылған көмірсутекті газдың резервуарлық қондырғысынан бастап елді мекен ғимараттары мен құрылыстарына және оның коммуникацияларына дейінгі қашықтықтар осы Техникалық регламентке 11-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

123. Жалпы сыйымдылығы  $50 \text{ м}^3$  артық сұйылтылған көмірсутекті газдың резервуарлық қондырғысынан бастап қашықтықтар осы Техникалық регламентке 11-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

124. Бірлік сыйымдылығы  $50 \text{ м}^3$  бойынша сұйылтылған көмірсутекті газдың екі резервуарын орнатқан кезде газ толтыру кіші станциясына жатпайтын ғимараттарға (тұрғын, қоғамдық, өндірістік) дейінгі қашықтықты:

- 1) жер үсті резервуарлары үшін – 100 м дейін;
- 2) жер асты резервуарлары үшін – 50 м дейін азайтуға рұқсат етіледі.

125. Сұйылтылған көмірсутекті газдардың жер үсті резервуарсынан бастап бір мезгілде 800-ден артық адам болуы мүмкін (стадион, базар, парк, тұрғын үй) орындарға дейінгі, сондай-ақ орта білім беру, мектепке дейінгі және санаторийлік-курорттық ұйымдарына дейінгі қашықтық орын санына қарамай, осы Техникалық регламентке 11-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген мәндермен салыстырғанда 2 есе арттыруға рұқсат етіледі.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3-параграф. Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау және салу кезіндегі жалпы өрт қауіпсіздігі талаптары**

#### **1-бөлім. Ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, реконструкциялау және функционалдық мақсатын өзгерту кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары**

126. Ғимаратқа, құрылысқа, құрылыс конструкцияларына, инженерлік жабдыққа және құрылыс материалдарына арналған жобалық құжаттамада осы Техникалық регламентте көзделген өрт-техникалық сипатамалар қамтылуы тиіс.

127. Ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік, көлемдік-жоспарлау және инженерлік-техникалық шешімдері өрт жағдайында мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) адамдарды қауіпсіз аймаққа олардың өмірі мен денсаулығына қауіпті өрт факторларының әсері салдарынан зиян келтірілгенге дейін эвакуациялау;
- 2) адамдарды құтқару бойынша іс-шаралар өткізу мүмкіндігі;
- 3) өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамының жол ашу және өрт сөндіру құралдарын ғимарат пен құрылыстың кез келген үй-жайына жеткізу мүмкіндігі;
- 4) өрт сөндіргіш заттарды өрт ошағына беру мүмкіндігі;
- 5) өртті көршілес ғимараттарға мен құрылыстарға таратпау.

128. Егер өрт анықталған сәттен бастап адамдарды сыртқа эвакуациялау процесі аяқталғанға дейінгі уақыт аралығы өрт кезінде адамдарды эвакуациялаудың қажетті уақытынан аспаса, өрт кезінде адамдарды ғимараттардан және құрылыстардан қауіпсіз эвакуациялау қамтамасыз етілді деп есептеледі.

Қажетті және есептеу уақыты, сондай-ақ адамдарды кедергісіз және уақтылы эвакуациялау шарттары стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

129. Ғимаратта өртке қарсы тосқауылдармен бөлінген әр түрлі функционалдық өрт қауіпті бөліктер болған кезде, осындай бөліктердің әрқайсысы функционалдық өрт қауіптілігіне сәйкес келетін ғимаратқа қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беруі тиіс.

130. Ғимараттарда, құрылыстарда және өрт сөндіру бөліктерінде жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатындағы үй-жайлар сыртқы қабырғаларда, ал көп қабатты ғимараттарда – жоғарғы қабаттарда орналасуы тиіс.

131. Ғимараттарды, құрылыстарды немесе оларда жекелеген үй-жайларды қайта жобалау, олардың функционалдық мақсатын өзгерту немесе жаңа технологиялық жабдықты орнату кезінде нормативтік құжаттар осы ғимараттардың, құрылыстардың және үй-жайлардың жаңа мақсатына сәйкес қолданылады.

## **2-бөлім. Ғимараттар мен құрылыстарды өрттен қорғау жүйелерінің функционалдық сипаттамаларына қойылатын талаптар**

132. Ғимараттар мен құрылыстардың өрттен қорғау жүйелері адамдарды сыртқа немесе өртке қауіпсіз аймаққа өрттің қауіпті факторларының шекті рұқсат етілген мәндері болғанға дейін эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

133. Ғимараттар мен құрылыстардың электр жабдығы олар орнатылған жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтардың жанғыш қоспаларының санаттары мен топтарына сәйкес болуы тиіс.

134. Тәулік бойы адамдар келетін функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.1 шағын сыныпты ғимараттарда орнатылған өрттен қорғау жүйелерін үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін автономды резервтік электрмен жабдықтау көздері көзделуі тиіс.

135. Өрт сөндіргіш затты үй-жайдан, ғимараттан немесе құрылыстан оны бергеннен кейін алып тастау, автоматты өрт сөндіру қондырғыларын монтаждауға арналған жобаға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

136. Ғимараттар мен құрылыстарда адамдарға өрт туралы құлақтандыру, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқару және оларды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз ету, мынадай тәсілдердің біреуімен немесе олардың комбинациясымен мыналарды:

- 1) адамдар үнемі және (немесе) жарықты сигналдардың берілуін;
- 2) эвакуацияның қажеттігі, эвакуациялау жолдары, қозғалу бағыттары және өрт кезінде адамдардың қауіпсіздігін және үрейдің алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған басқа әрекеттер туралы арнайы әзірленген мәтіндердің берілуі;
- 3) эвакуациялау жолдарында өрт қауіпсіздігі белгілерінің нормативтік уақыт ішінде орналастырылуын және жарықпен қамтамасыз етілуін;
- 4) эвакуациялық (авариялық) жарық түсірудің қосылуын;
- 5) эвакуациялық шығу есіктері тиектерінің қашықтықтан ашылуын;
- 6) диспетчерлік өрт сөндіру күзетінің өрт кезінде құлақтандыру аймақтарымен байланысының қамтамасыз етілуін жүзеге асыруы керек.

137. Өрт кезінде құлақтандыру және ғимараттан немесе құрылыстан эвакуациялауды басқару жүйесінің техникалық шешімдері эвакуацияланатын адамдардың денсаулығының жай-күйі мен жасын ескеруі қажет.

138. Өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелерін іске қосу, өрт сөндіретін диспетчерлік күзет үй-жайында немесе өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін басқа арнайы үй-жайда іске асырылуы тиіс.

139. Көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерге байланысты, ғимараттар мен құрылыстардан түтінді кетіру жүйесі табиғи немесе механикалық қозғалтумен орындалуы тиіс.

Қозғалту тәсіліне қарамастан, түтінді кетіру жүйесінің түтінге қарсы желдетудің атқарушы механизмдері мен құрылғыларын автоматты және қашықтықтан қолмен іске қосуы болуы тиіс.

140. Ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жоспарлау шешімдері жану өнімдерінің өрт сөндіру үй-жайының, өрт сөндіру бөлігінің және (немесе) секциясының шегінен тыс таралу мүмкіндігін болдырмауы керек.

141. Ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық мақсатына және көлемдік-жоспарлау және конструкциялық шешімдеріне байланысты, онда тартып-соратын немесе түтінге қарсы желдететін сору жүйесі қарастырылған болуы тиіс.

142. Түтінге қарсы желдетудің тартып-сору жүйесі сәулет-жоспарлау шешімдерімен немесе механикалық желдету көмегімен кетірілетін жану өнімдерінің көлеміне сәйкес келетін көлемде ауа ағыны қамтамасыз етілетін ғимараттар мен құрылыстарда қолданылады.

143. Түтінге қарсы желдетудің тартып-сору жүйесі сәулет-жоспарлау шешімдерімен кетірілетін жану өнімдерінің көлеміне сәйкес келетін көлемде ауа ағыны қамтамасыз етілетін ғимараттар мен құрылыстарда қолданылады.

144. Жану өнімдерін табиғи немесе механикалық түтінге қарсы желдету құрылғысынсыз, ғимараттар мен құрылыстар шегінен тыс ығыстыру үшін ағынды желдетуді пайдалануға жол берілмейді.

145. Түтінге қарсы соратын желдету өрт кезінде жану өнімдерінің өрт болған үй-жайдан, эвакуация жолындағы дәліздер мен холлдардан тікелей кетіруді қамтамасыз етуі тиіс.

146. Ғимараттар мен құрылыстарды түтінге қарсы қорғау жүйесінің ағынды желдетуі өрт шыққан үй-жаймен аралас үй-жайларда, басқыш шабақтарында, лифт холдары мен тамбур-шлюздарда ауа берілуін және артық қысым жасалуын қамтамасыз етуі керек.

147. Ғимараттар мен құрылыстардың түтінге қарсы желдететін атқарушы механизмдері мен құрылғыларының автоматты жетегі автоматты өрт сигнализациясы немесе автоматты өрт сөндіргіш қондырғылары іске қосылған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

148. Ғимараттар мен құрылыстардың түтінге қарсы желдететін атқарушы механизмдері мен құрылғыларының қашықтықтан және қолмен басқарылатын жетегі түтінге қарсы қорғау жабдығын орнату орындарында, өрт сөндіру шкафтарында, эвакуациялық шығу жолдарда (қол өрт хабарлағыштарын қолдануға рұқсат беріледі) және өрт сөндіру бекеттерінің үй-жайларында немесе диспетчерлік персоналдың үй-жайларында орналасқан іске қосу элементтерінен жүзеге асырылуы тиіс.

149. Өрт кезінде ғимараттар мен құрылыстардағы түтінді кетіру жүйесін қосқан кезде, жалпы ауысымдық желдету және ауа баптау жүйелерінің міндетті түрде ағытылуы іске асырылуы керек.

150. Ұнтақты немесе газды автоматты өрт сөндіру қондырғыларының немесе өрт сөндіру үй-жайындағы түтінге қарсы желдету жүйелерінің бір мезгілдегі жұмысына жол берілмейді.

151. Ғимарат пен құрылыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, өрт сөндіру мақсаттары үшін қажетті су шығысын қамтамасыз ететін өртке қарсы ішкі су құбырымен жабдықталуы тиіс.

152. Өртке қарсы ішкі су құбыры өрт сөндіру мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін көлемде ішкі өрт сөндіру қрандарымен қамтамасыз етілуі керек.

### **3-бөлім. Ғимараттардың, құрылыстардың және өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділігі және өрт қауіптілігі жөніндегі талаптар**

153. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік деңгейі олардың қабатына, функционалдық өрт қауіптілігіне, өрт сөндіру бөліктерінің ауданына және онда орналастырылған технологиялық процестердің өрт қауіптілігіне байланысты белгіленуі тиіс.

154. Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шектері және жалынның таралуының ең жоғарғы шектері ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік деңгейіне сәйкес болуы керек.

Ғимараттардың, құрылыстардың және өрт сөндіру бөліктерінің құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік дәрежесінің және отқа төзімділік шегінің сәйкестігі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесі бойынша анықталады.

155. Ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері (есіктерді, қақпаларды, терезелер мен люктерді, сондай-ақ қолшамдарды, оның ішінде учаскелердің зенитті және басқа жарық түсетін жабын төсемдерін) өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыруды қоспағанда, нормаланбайды.

156. Өртке қарсы аймақтардың және тамбур-шлюздардың өртке қарсы қабырғалары, аражабындары, жабындары, конструкциялары, сондай-ақ өртке қарсы кедергілердегі жарық түсіру ойықтарын толтырулар (өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер, клапандар, терезелер, перделер) жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

157. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің конструктивтік өрт қауіптілік сыныбы олардың қабатына, функционалдық өрт қауіптілігіне, өрт сөндіру бөліктерінің ауданына және онда орналастырылған технологиялық процестердің өрт қауіптілігіне байланысты белгіленуі тиіс.

158. Құрылыс конструкцияларының өрт қауіптілік сыныбы ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің конструкциялық өрт қауіптіліктің қабылданған сыныбына сәйкес болуы керек.

Ғимараттардың, құрылыстардың және өрт бөліктерінің құрылыс конструкцияларының конструктивтік өрт қауіптілігі сыныбының және өрт қауіптілігі сыныптарының сәйкестігі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 2-кестесінде берілген.

159. Ғимараттың қоршайтын конструкцияларындағы ойықтарды толтырудың өрт қауіптілігі (есіктер, қақпалар, терезелер мен люктер) өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыруды қоспағанда, нормаланбайды.

160. Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шектері және өрт қауіптілік сыныптары стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда келтірілген әдістер бойынша стандарттық сынаулар жағдайында анықталуы тиіс.

161. Құрылыс конструкцияларының отты сынаулардан өтілген нысаны, материалдары, құрылыс конструкцияларының конструкторлық орындауы бойынша ұқсас отқа төзімділік шектерін және өрт қауіптілік сыныбын белгіленген тәртіппен стандарттау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс жөніндегі құжаттарда белгіленген есептік-аналитикалық әдістер бойынша анықтауға болады.

#### **4-бөлім. Ғимараттарда, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінде өрттің таралуын шектеу жөніндегі талаптар**

162. Ғимараттардың, құрылыстардың, өрт сөндіру бөліктерінің, сондай-ақ функционалдық өрт қауіптілік сыныптары әр түрлі үй-жайлар бөліктері өзара отқа төзімділік шектері және конструктивтік өрт қауіптілік сыныптары нормаланған қоршау конструкцияларымен немесе өртке қарсы кедергілермен бөлінген болуы керек. Өртке қарсы кедергілердің осындай қоршау конструкциялары мен типіне қойылатын талаптар үй-жайдың функционалдық өрт қауіптілігі, өрт жүктемесінің шамасы, ғимараттың, құрылыстың, өрт сөндіру бөлігінің отқа төзімділік деңгейі және конструктивтік өрт қауіптілік сыныбы ескеріліп белгіленеді.

163. Өртке қарсы кедергілер қызметін орындайтын құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шектері және типтері, ойықтар мен тамбур-шлюздарды толтыратын олардың тиісті типтері осы Техникалық регламентке 17-қосымшаның 1-кестесінде берілген.

164. Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырудың тиісті типтеріне арналған отқа төзімділік шектері осы Техникалық регламентке 17-қосымшаның 2-кестесінде берілген.

165. Әр түрлі типтегі тамбур-шлюздардың элементтеріне қойылатын талаптар осы Техникалық регламентке 12-қосымшаның кестесінде берілген.

166. Өртке қарсы қабырғалар ғимараттың, құрылыстың барлық биіктігіне салынып, өрттің аралық өрт сөндіру бөлігіне, оның ішінде өрт ошағы жағындағы

конструкцияның бір жақты қирауы кезінде таралмауын қамтамасыз етуі тиіс. 1-типтік өртке қарсы қабырғалар 1-типтік өртке қарсы аражабындармен, ал 2-типтік өртке қарсы қабырғалар 3-типтік өртке қарсы аражабындармен қиылыспауы мүмкін.

167. Өртке қарсы қабырғалардың, аражабындар мен бөлгіштердің ғимараттың, құрылыстың, өрт сөндіру бөліктерінің басқа қоршау конструкцияларымен жанасатын жерлерінде кедергілердің отқа төзімділік шегінен кем болмайтын отқа төзімділік шегі болуы керек.

Өртке қарсы қабырғалардың ғимараттар мен құрылыстардың басқа қабырғаларымен жанасу орындарының конструкциялық атқарылуы өрттің осы кедергілерді айналып таралу мүмкіндігін болдырмауы керек.

168. Өртке қарсы кедергілерде терезелер ашылмайтын, өртке қарсы есіктер, қақпалар, люктер мен клапандардың өздігінен жабылуға арналған құрылғылары болуы тиіс.

Ашық күйінде пайдаланыла алатын өртке қарсы есіктер, қақпалар, перделер, люктер мен клапандар олардың өрт кезінде автоматты жабылуын қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықталған болуы қажет.

169. Өртке қарсы кедергілерде ойықтардың жалпы ауданы олардың ауданының 25 %-ынан аспауы тиіс.

170. А және Б санатты үй-жайларды басқа санаттағы үй-жайлардан, дәліздерден, басқыш шабақтарынан және лифтілік холлдардан бөліп тұратын өртке қарсы кедергілерде үнемі ауа тіреліп тұратын тамбур-шлюздар қарастырылуы керек. Жалпы тамбур-шлюздарды А және Б санатындағы екі және одан артық аралық үй-жайларда орнатуға жол берілмейді.

171. Өртке қарсы қабырғалар мен аражабындарда өртке қарсы есіктермен немесе қақпалармен жабыла алмайтын ойықтарды жобалаған кезде В1 - В4, Г және Д санатты аралық үй-жайлар арасында қатынасу үшін, осы ойықтар орындарында тамбурдың 1 м<sup>2</sup> еденінде 1 л/с судың көлемді шығысы болатын, ұзындығы 4 м учаскеде автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған, ұзындығы 4 м кем болмайтын ашық тамбурлар (есіктерсіз немесе қақпаларсыз) қарастырылуы керек. Тамбурдың қоршау конструкциялары REI 45 отқа төзімділік шегі болатын өртке қарсы болуы тиіс.

172. Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтыру жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

173. 1-типті өртке қарсы қабырғалар мен аражабындарды арналармен, шахталармен және жанғыш газдарды, ауа-тозаң қоспаларда, сұйықтықтарды, өзге заттар мен материалдарды тасымалдауға арналған құбыр желілерімен кесіп өтуге жол берілмейді. Осындай өртке қарсы кедергілерді арналармен, шахталармен және түтінге қарсы жүйелердің арналарын қоспағанда, жоғарыда аталғандардан ерекше заттар мен материалдарды тасымалдауға арналған құбыр желілерімен қиып өтетін жерлерде жану

өнімдерінің арналар, шахталар және құбыр желілері бойынша таралуының алдын алатын автоматты құрылғыларды қарастыру қажет.

174. Басқыш шабақтарынан және лифтілердің машиналық бөлімшелерінің (төбеде орналасқандарынан басқа) үй-жайынан, сондай-ақ коммуникацияларды төсеуге арналған арналар мен шахталардан тыс орналасқан лифті шахталарының қоршау конструкциялары өртке қарсы 1-типті аражабындарға және 3-типті бөлгіштерге қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

Лифт шахтасы мен лифтінің машина бөлімшесі арасындағы қоршау конструкцияларының отқа төзімділік шегі нормаланбайды.

175. Биіктігі 28 м және одан артық ғимараттарда мен құрылыстарда олардан шығатын жерлерде ауа тіреліп тұратын тамбур-шлюздары болмайтын лифті шахталары өрт кезінде лифтінің шахтасында артық қысым жасау жүйесімен жабдықталған болуы керек.

176. Автоматты өрт сигнализациясы немесе өрт сөндіру жүйелерімен жабдықталған ғимараттар мен құрылыстарда лифтілердің кабинасының қозғалысының өрт кезінде негізгі төмен түсіру алаңына автоматты түрде оралуын, кабина есіктерінің ашылуын және шахтаның ашық күйінде ұсталуын қамтамасыз ететін жүктемесі мен бағытына тәуелсіз бұғаттауы болуы тиіс.

177. Басқыштардың және басқыш шабақтарының көлемдік-жоспарлық шешімдері мен конструкциялық атқарылуы өрт кезінде адамдарды ғимараттар мен құрылыстардан қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуге және өрттің қабаттар арасына таралуына кедергі жасауы тиіс.

178. Ғимараттар мен құрылыстардың цокольдық және жер асты қабаттарында лифтіге кіру өрт кезінде ауаның артық қысымы болатын 1-типті тамбур-шлюз арқылы іске асырылуы керек.

179. Барлық отқа төзімділік дәрежесіндегі биіктігі 50 метрге дейінгі ғимараттарда сыртқы қабырғалардың сыртқы қабаттарын қаптауды өрт қауіптілігі сыныбы К0, жанғыштық тобы Г1 материалдардан жасауға жол беріледі. Биіктігі 50 метр және одан жоғары ғимараттарда сыртқы қабырғалардың сыртқы қабаттарын қаптау жанбайтын материалдардан жасалуы тиіс.

180. Ғимараттар мен құрылыстардың және өрт сөндіру бөліктерінің, өрт сөндіру бөліктерінің аудандарының отқа төзімділігі және ғимарат пен құрылыс ішінде өрттің таралуының алдын алудың басқа тәсілдері олардың функционалдық өрт қауіптілік сыныптарына байланысты осы Техникалық регламенттің және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

**5-бөлім. Эвакуациялау жолдарына, эвакуациялау және апатты шығуларға қойылатын талаптар**



181. Ғимараттар мен құрылыстардың эвакуациялау жолдары мен шығулары адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуі тиіс. Эвакуациялау жолдары мен шығулардың есебі оған қолданылатын өрт сөндіру құралдарын есепке алмай жүргізіледі.

182. Адамдар көп болатын, оның ішінде балалар және қозғалыс мүмкіндігі шектеулі тұрғындар тобы бар үй-жайды орналастыру, эвакуациялау жолдарының конструкциялық элементтерінде өрт қауіпті құрылыс материалдарын қолдану осы Техникалық регламенттің және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталуы тиіс. Бұл ретте эвакуациялық шығу жолдарының саны мен орналасуы шығу жолының бұғатталу мүмкіндігін ескере отырып, эвакуациялаудың есептік уақытымен тексерілуі тиіс.

183. Ғимараттардың және құрылыстардың өрт бөлігінен эвакуациялық шығуларға мыналарға:

1) бірінші қабаттың үй-жайынан сыртқа:

тікелей;

дәліз арқылы;

вестибюль (фойе) арқылы;

басқыш шабағы арқылы;

дәліз және вестибюль (фойе) арқылы;

дәліз, рекреациялық алаң және басқыш шабағы арқылы;

2) біріншіден басқа, кез келген қабат үй-жайынан:

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типтік басқышқа;

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типтік басқышқа алып келетін дәлізге;

тікелей басқыш шабағына немесе 3 типтік басқышқа шығуы бар холлға (фойе);

пайдаланылатын төбе немесе 3 типтік басқышқа алып келетін арнайы жабдықталған төбе учаскесіне;

3) дәл сол өрт бөлігіндегі сол қабатта орналасқан және осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шығулармен қамтамасыз етілген көршілес үй-жайға (А және Б санатты Ф5 сыныпты үй-жайдан басқа) алып келетін шығулар жатады.

Егер техникалық үй-жайда осы өрт қауіпті үй-жайға қызмет көрсету бойынша жабдық орналасқан болса, тұрақты жұмыс орны жоқ техникалық үй-жайдан А және Б санатты үй-жайға шығу эвакуациялау болып саналады.

184. Жертөле және цокольдық қабаттан эвакуациялық шығуларды тікелей сыртқа қарастыру қажет және ғимарат пен құрылыстың ортақ басқыш шабағынан оңашалануы керек.

185. Сондай-ақ мыналар:

1) бірінші және екінші қабаттар арасында жертөле еденінен бастап басқыш маршының аралық алаңдарына дейін басқыш маршы арасында орналасқан, басқыш

шабағының қалған бөлігінен 1 типті өртке қарсы арақабырғамен бөлінген, сыртқа жеке шығуы бар тамбурға ортақ басқыш шабағы арқылы жертөледен шығулар;

2) В4, Г және Д санатты үй-жайы бар жертөле және цокольдық қабаттардан В4, Г, Д санатты үй-жайға және Ф5 сыныпты ғимараттың бірінші қабатында орналасқан вестибюльге шығулар;

3) Ф2, Ф3, Ф4 сыныпты ғимараттардың жертөле немесе цокольдық қабаттарында орналасқан фойе, гардероб, темекі шегетін орын және санитарлық үй-жайдан және 2 типті жеке басқыштармен бірінші қабат вестибюліне шығулар;

4) үй-жайдан тікелей 2 типті басқышқа, осындай басқышқа алып келетін дәліз немесе холлға (фойе, вестибюль) шығулар;

5) теміржол және автомобиль көлігі кіруге (шығу) арналған қақпадағы ашылатын есіктер эвакуациялық шығулар болып саналады.

186. Ғимараттарда және құрылыстарда апатты шығуларға:

1) балкон (лоджия) бүйірінен бастап терезе ойығына (әйнектелген есіктер) дейінгі 1,2 м кем емес немесе балконға (лоджия) шығатын әйнектелген ойық арасында 1,6 м кем емес шет жатқан аралық қабырғасы бар балкон немесе лоджияға;

2) ені кемінде 0,6 м Ф1.3 сыныпты ғимараттың аралас секциясына немесе аралас өрт бөлігіне;

3) балкон немесе лоджияны қабатпен қосатын, сыртқы басқышпен жабдықталған балкон немесе лоджияға;

4) кемінде 4,5 м және 5,0 м жоғары емес өлшемдері 0,75 x 1,5 м кем емес есік немесе терезе арқылы, сондай-ақ өлшемдері 0,6 x 0,8 м кем емес люк арқылы таза еден белгісі бар үй-жайдан тікелей сыртқа шығатын. Сонымен қатар шұңқыр арқылы шығу шұңқырдағы басқышпен, ал люк арқылы шығу үй-жайдағы басқышпен жабдықталуға тиіс. Аталған басқыштар еңісі нормаланбайды;

5) өлшемдері 0,75 x 1,5 м кем емес есік немесе терезе арқылы, сондай-ақ өлшемдері 0,6 x 0,8 м кем емес люк арқылы тік немесе еңіс басқышпен С0 және С1 сыныпты оттөзімділіктің I, II және III деңгейлі ғимарат, құрылыс және құрылыс төбесіне алып келетін шығулар жатады.

187. Үй-жайдан, қабаттар және ғимараттан эвакуациялық шығуларының саны мен ені ол жерден көшірілетін адамдардың максималды ықтимал санына және адамдар ықтимал болатын алыс жерден бастап (жұмыс орны) жақын жердегі эвакуациялау шығуына дейінгі шекті рұқсат етілген аралыққа байланысты анықталады.

Ғимараттың өрт бөліктері, сондай-ақ әртүрлі өрт қауіптілігі класындағы ғимараттың бөліктері өртке қарсы тосқауылмен бөлінеді және өзіндік эвакуациялық шығуларымен қамтамасыз етіледі.

188. Үй-жайдан эвакуациялық шығулардың саны алыс жатқан нүктеден бастап (жұмыс орны) жақын жердегі эвакуациялық шығуға дейін шекті рұқсат етілген аралыққа байланысты белгіленуі керек.

189. Ғимараттан және құрылыстан эвакуациялық шығудың саны ғимарат, құрылыс және құрылыстың кез келген қабатынан эвакуациялық шығудың санынан кем болмауы тиіс.

190. Ғимарат қабатындағы пәтердің жалпы ауданы 500 м кем болған кезде (секция типті ғимаратқа арналған секция) функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 сыныпты ғимаратта және эвакуациялық шығудан басқа, 15 м артқы биіктікте орналасқан әрбір пәтер қабатынан бір эвакуациялық шығу жолында авариялық шығу қарастырылуы тиіс.

191. Эвакуациялау жолы осімен өлшенетін үй-жайдың алыс жатқан нүктесінен бастап (Ф5 сыныпты ғимарат, құрылыс және құрылыс үшін - алыс жатқан жұмыс орнынан бастап) жақын арадағы эвакуациялық шығуға дейінгі шекті рұқсат етілген аралық функционалдық өрт қауіптілігі сыныбы және ғимарат, құрылыс және құрылыстың өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаты, үй-жайдың көшірілетін, геометриялық параметрлері және эвакуациялау жолдарының саны, конструкциялық өрт қауіптілігінің сыныбы және ғимарат, құрылыс және құрылыстың оттөзімділік деңгейіне қарай белгіленеді.

192. 2 типті басқышпен үй-жайға эвакуациялау жолының ұзындығы оның үш еселенген биіктігіне тең етіп анықталады.

193. Эвакуациялау жолдарына лифт, эскалаторлар, сондай-ақ:

1) лифт шахтасынан шығулары бар дәліздер арқылы, егер лифт шахтасының есігін қоса алғанда, лифт шахтасының қоршау конструкциясы өртке қарсы тосқауылдарға қойылатын талаптарға жауап бермесе лифт алдындағы тамбур және лифт холлы арқылы;

2) басқыш шабағы алаңы дәліз бөлігі болып табылған кезде басқыш шабақтары арқылы, сондай-ақ эвакуациялық болып табылмайтын 2 типті басқыш орналасқан үй-жай арқылы;

3) пайдаланылатын төбені немесе конструкция бойынша пайдаланылатын төбеге ұқсас арнайы жабдықталған төбе учаскесін қоспағанда, ғимарат төбесіне;

4) екіден артық қабатты (ярустерді) қосатын, сондай-ақ жертөле мен цокольдық қабаттардан алып шығатын 2 типті басқышқа;

5) жер асты және жер үсті қабаттардың арасындағы қатынасқа арналған басқыш және басқыш шабақтарына алып келетін учаскелер кірмеуі керек.

## **6-бөлім. Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз ететін өрт қауіпсіздігі талаптары**

194. Ғимараттар мен құрылыстар үшін:

1) арнайы немесе біріккен функционалдық кірулер мен өтулері бар өрт техникасы үшін ғимараттар мен құрылысқа өрт өтулері және өту жолдарымен;

2) ғимарат пен құрылыс төбесіне және қабатына өрт техникасын және өртке қарсы қызмет бөлімшесінің жеке құрамын көтерудің сыртқы өрт басқышы және басқа құралдарымен;

3) шаруашылықтық немесе арнайы біріккен, құрғақ құбыр және өрт сыйымдылығын (резервуар) қоса алғанда өртке қарсы су құбырымен қамтамасыз етілуі тиіс.

195. Биіктігі 10 м және өрт сөндіру машиналарының өтетін жерінің үстінің бетінен бастап, төбенің қаңқасына және сыртқы қабырғаның төбесіне (жақтау) дейінгі белгіден артық болатын ғимараттар мен құрылыстарда басқыш шабақтарынан тікелей немесе шатырдың асты арқылы, не 3-типті сатылар бойынша немесе сыртқы өрт сөндіру сатылары бойынша төбеге шығатын жерлер қарастырылуы тиіс.

196. Төбеге шығу санын (бірақ кемінде бір шығу) және олардың орналасуын ғимараттар мен құрылыстардың функционалдық өрт қауіптілігіне және өлшемдеріне байланысты:

1) шатыр жабыны және кемінде бір шығу болатын ғимарат, құрылыс және құрылыстың әрбір толық және толық емес 100 м ұзындығында, Ф1-Ф4 сыныптарының ғимараттары үшін шатырсыз жабыны болатын ғимарат және құрылыстың төбесінің 1 мың м<sup>2</sup> ауданының толық және толық емес ұзындығына;

2) Ф5 сыныбының ғимараттар мен құрылыстардың периметрі бойынша әрбір 200 м сайын өрт сөндіру басқыштары бойынша қарастыру керек.

Егер ғимараттың негізгі қасбетке қарама-қарсы жағынан ені 150 м аспаса, өртке қарсы су құбыры желісі болатын болса, ғимараттар мен құрылыстардың негізгі қасбетінде өрт сөндіру сатыларын, сондай-ақ ауданы 100 м<sup>2</sup> аспайтын жабыны бар бір қабатты ғимараттар мен құрылыстардың төбесіне шығу жолдарын қарастырмауға жол беріледі.

197. Ғимараттар мен құрылыстардың шатыры астында, Ф 1.4 сыныбының ғимараттарын қоспағанда, өлшемі 0,6x0,8 м кем болмайтын есіктер, люктер немесе терезелер арқылы стационарлық басқыштармен жабдықталған төбеге шығатын жерлер қарастырылуы керек.

198. Басқыш шабақтарынан төбеге немесе шатыр астына шығатын жерлерді өлшемі 0,75x1,5 м кем болмайтын, өртке қарсы 2-типті есіктер арқылы шығатын жер алдындағы сатылық жайылмалар бойынша қарастыру керек. Аталған жайылмалар мен алаңдар жанбайтын материалдардан орындалып, 2:1 артық болмайтын еңісі және 0,9 м кем болмайтын ені болуы тиіс.

199. Биіктігі 15 м артық болмайтын, Ф1-Ф4 сыныптарының ғимараттар мен құрылыстарда бекітілген болат басқыштар бойынша өлшемі 0,6x0,8 м, өртке қарсы 2-типті люктер арқылы басқыш шабақтарынан шатыр астына немесе төбеге шығу орнатуға рұқсат етіледі.

200. Техникалық қабаттарда, оның ішінде техникалық еден астыларында және техникалық шатыр астыларында өту биіктігі 1,8 м кем болмауы; барлық ғимараттар мен құрылыстар бойындағы шатырларда – 1,6 м кем болмауы тиіс. Осындай өтетін жерлер ені 1,2 м кем болмауы керек.

Ұзындығы 2 м артық болмайтын жеке учаскелерде өтетін жердің биіктігін 1,2 м дейін, ал енін – 0,9 м азайтуға рұқсат етіледі.

201. Үйдің төбесінде бөлмелері болатын ғимараттар мен құрылыстарда шатыр асты қуыстарын қоршайтын конструкцияларда люктер қарастыру керек.

202. Биіктігі 1 м артық төбеден құлайтын жерлерде (оның ішінде төбеге жарық аэрациялық қолшамдарды көтеру үшін) өрт сөндіру сатыларын қарастыру қажет.

Егер төбенің ауданы  $100 \text{ м}^2$  артық болатын әрбір учаскесінде төбеге шығатын жерлер болса немесе төменгі учаскенің биіктігі 10 м аспайтын болса, биіктігі 10 м артық болатын төбеден құлаған кезде өрт сөндіру сатыларын қарастырмауға рұқсат етіледі.

203. 10 м бастап 20 м дейінгі биіктікке көтеру үшін және төбе биіктігінен құлау орындарында П1 типті өрт сөндіру сатыларын, 20 м артық биіктікке көтеру үшін және биіктігі 20 м артық төбеден құлайтын орындарда – П2 типті өрт сөндіру сатыларын қолдану керек.

Өрт сөндіру сатылары жанбайтын материалдардан дайындалып, терезелерден 1 м жақын болмай орналастырылуға және өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамының әскери киімде және қосымша жабдықпен қозғалу мүмкіндігін қамтамасыз ететін конструкциялық орындауы болуы керек.

204. Басқыш жайылмалары арасында және басқыш жайылмаларының қоршауларының тұтқалары арасында ені 75 миллиметрден (бұдан әрі – мм) кем болмайтын саңылау қарастырылуы тиіс.

205. Функционалдық өрт қауіптілік сыныбы Ф1.1, биіктігі 10 м артық болатын ғимараттар мен құрылыстардың, Ф1.3 сыныбының биіктігі 50 м артық ғимараттар мен құрылыстардың, функционалдық өрт қауіптілігінің өзге сыныптарының биіктігі 28 м артық, екі қабаттан артық жерасты автотұрақтары болатын ғимараттар мен құрылыстардың әрбір өрт сөндіру бөлігінде өрт сөндіретін бөлімшелерін тасымалдауға арналған лифтілер қарастырылуы керек.

206. Төбесінің еңісі 12%-дан артық болмайтын ғимараттар мен құрылыстарда, сыртқы қабырғаның (жақтау) ернеуіне немесе төбесіне дейінгі 10 м артық биіктігін қоса алғанда, сондай-ақ төбесінің еңісі 12 %-дан артық, ал ернеуге дейінгі биіктігі 7 м артық ғимараттар мен құрылыстарда стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес, төбеде қоршау қарастырылуы керек.

Ғимараттың биіктігіне қарамастан, аталған қоршауларды пайдаланылатын жалпақ төбе, балкон, лоджия, сыртқы галереялар, сыртқы басқыштардың ашық жайылмалары мен алаңдары үшін қарастыру керек.

#### **7-бөлім. Құрылыс-монтаждау және отты жұмыстарды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары**

207. Құрылыс-монтаждау және отты жұмыстарды жүргізу кезінде осы Техникалық регламенттің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларының (бұдан әрі – Өрт қауіпсіздігі қағидалары) және сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы басқа да нормативтік құжаттардың талаптары сақталуы тиіс.

#### **8-бөлім. Ғимараттар мен құрылыстардың өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждауға қойылатын талаптар**

208. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау жұмыстары жобалау-сметалық және жұмыс құжаттамасына, жұмыс өндірісі жобасы мен дайындаушы-кәсіпорынның техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізіледі.

Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждауды тиісті біліктілігі және электр жабдығымен жұмыс істеуге рұқсаты бар жұмыскерлер жүзеге асырады.

209. Жобаның ерекшеліктеріне сәйкес келетін өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау кезінде қолданылатын жабдыққа, бұйымдар мен материалдарға сәйкестік сертификаттары, төлқұжаттары, (жинау, сынау және пайдалану жөніндегі) нұсқаулықтары ұсынылады.

210. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларында пайдаланылатын материалдар Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы ұлттық, мемлекетаралық және халықаралық стандарттардың, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана қолданылады.

211. Монтаждау кезінде Өрт қауіпсіздігі қағидаларының талаптары сақталуы тиіс.

212. Газбен өрт сөндіру қондырғыларының баллондары мен қысыммен жұмыс істейтін басқа да ыдыстар монтаждау алдында тексеріледі және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 10303 болып тіркелген) Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес куәландырылады. Куәландыру мерзімі өтіп кеткен баллондарды монтаждауға қабылдауға жол берілмейді.

213. Құбыр (тиек, реттегіш, сақтандырғыш) арматурасын монтаждауға қабылдаған кезде корпусында шартты немесе жұмыс қысымы таңбалауының және оның мақсаты

мен материалына сәйкес арматураның айырым бояуының, сондай-ақ оны дайындаушы-кәсіпорынның жеткізгенін растайтын құжаттардың болуы және төзімділігі мен герметикалығына сынақ жүргізуі тексеріледі.

214. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау бойынша орындалатын жұмыстар ҚР ҚН 1.03-00-2011 "Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру" талаптарына сәйкес ресімделеді.

215. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жеке және кешенді баптау жұмыстары (іске қосу-баптау жұмыстары) монтаждау жұмыстары аяқталған соң орындалады.

216. Іске қосу-баптау жұмыстары өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуі қажет.

Іске қосу-баптау жұмыстарына монтаждаудың дұрыс орындалуын, олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру мақсатында аппаратурамен, аспаптармен және реттегіштермен бірге монтаждалған схемаларды жеке сынау, сондай-ақ жүйелер мен қондырғыларды жұмыс режиміне шығару мақсатында кешенді баптау жатады.

217. Монтаждалған өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының жекелеген элементтері мен тораптарын баптау жұмыстарын жүргізуді бастағанға дейін барлық реттегіш және тиек арматурасы жұмысқа қабілетті күйге келтіріледі.

218. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын монтаждау, сондай-ақ олардың техникалық құжаттамасында көрсетілген қызмет көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін гидравликалық және электрлік сынақтар, оның ішінде герметикалығы мен суландыру қарқынына сынақтар жүргізе отырып, техникалық куәландыру жүзеге асырылады.

#### **4-параграф. Өндірістік объектілерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

##### **1-бөлім. Өндірістік объектілердің бас жоспарларына қойылатын талаптар**

219. Өндірістік объектілер аумақтарының бас жоспарларын жобалау және белдемдеу кезінде осы Техникалық регламенттің талаптары сақталуы тиіс.

220. Өндірістік объектілерді жобалаған кезде, олардың аумақтарын белдемдеу орналастырылатын ғимараттар мен құрылыстардың қолданылу белгісі бойынша технологиялық байланыстар және өрт қауіпсіздігі талаптары ескеріліп қарастырылуы керек. Белдемдеу жобалық құжаттаманың өзіндік бөлімі болып табылатын өндірістік объектілердің бас жоспарларында бейнеленуі тиіс.

221. Өндірістік объектінің аумағы қолданылу белгісі бойынша мынадай аумақтарға бөлінеді:

- 1) зауыт алдындағы (кәсіпорынның қоршауы немесе шартты шекарасы шектерінде);
- 2) өндірістік;

- 3) қосалқы;
- 4) қоймалық.

222. Бөлімшенің өндірістік объектісінің аумағында осы бөлімшелердің өрт сөндіру техникасын және жеке құрамды орналастыру үшін, өрт сөндіру депосының өртке қарсы қызметін құру кезінде жалпы қолданыстағы жолдармен қиылысатын жер учаскелерінде орналасуы керек.

223. Объектілерді күзету жөніндегі өрт сөндіру деполарын орналастыру орындары қызмет көрсету радиустарының шегінде орнатылатын қолданыстағы өрт сөндіру деполарын (бекеттерін) ескере отырып, кәсіпорынның қызмет көрсету радиусы есебінен алынуы тиіс.

Өрт сөндіру деполарының қызмет көрсету радиусы жалпы қолданыстағы жолдар немесе өту жолдары арқылы едәуір қашық ғимаратқа немесе құрылысқа дейінгі жүріп өту жолының шартымен анықталуы тиіс және құрылыстың барлық ауданының 50%-ынан астамын А, Б және В санатты өндірістері бар кәсіпорындар үшін 2 км, құрылыс ауданының 50%-ына дейін А, Б және В санатты өндірістері бар кәсіпорындар және Г және Д санатты өндірістері бар кәсіпорындар үшін 4 км етіп қабылдануы тиіс.

Көрсетілген радиустан асқан жағдайда, кәсіпорын алаңында қосымша өрт сөндіру бекеттері қарастырылуы қажет. Өрт сөндіру бекеттерінің қызмет көрсету радиустары өрт сөндіру деполарына арналған сияқты қабылданады.

Кәсіпорын алаңында ауданы кәсіпорын құрылысының барлық ауданының 50%-дан астамын құрайтын құрылыс ауданы бар, отқа төзімділігі III, IIIб, IV, IVа, V дәрежелі ғимараттар мен құрылыстар болған кезде өрт сөндіру деполары мен бекеттерінің қызмет көрсету радиустары 40%-ға азаяды.

Өрт сөндіру бекеттерін А және Б санатты өндірістері бар өндірістік және қосалқы ғимараттарға жапсарлас салуға жол берілмейді.

224. Өрт сөндіру деполарынан шығу жолдары одан шығатын өрт сөндіру автомобильдері негізгі көлік ағынын қиып өтпейтіндей болып орналастырылуы керек.

225. Өлшемі 5 га артық алаңдары болатын өндірістік объектілерде, сондай-ақ I және II санатты мұнай және мұнай өнімдерінің қоймаларында кемінде екі кіру жолы болуы керек.

226. Өндірістік объектінің 1000 м артық болатын алаң бетінің өлшемі және осы бетте оны көше немесе автомобиль жолдары жағынан орналастыру кезінде, алаңға келетін екеуден кем болмайтын шығу жолы қарастырылуы қажет. Шығу жолдары арасындағы арақашықтық 1,500 м аспауы тиіс.

227. Объекті ішіндегі теміржолдар арқылы өтетін өткелдер немесе аралықтар өрт сөндіру автомобильдерінің еркін өтуі үшін әрқашан бос болуы қажет.

228. Автомобильдердің өндірістік объектінің алаңына шығатын жолдары қақпаларының ені негізгі және арнайы өрт сөндіру автомобильдерінің кедергісіз өтуін қамтамасыз етуі және кемінде 3,5 м құрауы тиіс.



229. Өндірістік объектілер сыртқы өрт сөндіретін сумен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз етілуі керек.

230. Біріктірілген су құбыры желісі шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері ескеріліп, су шығысын есептеуді және өрт сөндіру мақсаттарын қамтамасыз етуі тиіс.

231. Су құбыры желісіндегі өрт сөндіру гидранттарын орналастырып қою ғимараттың, құрылыстың немесе оның бөліктерінің аталған жүйемен кез келген қызмет көрсетумен өрт сөндіруді қамтамасыз етуі қажет.

232. Өрт сөндіру резервуарларында және басқа жасанды су көздерінде өрт сөндіру мақсаттарына арналған су қоры сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын есептік шығындарына және өрт сөндіру ұзақтығына негізделіп анықталады.

233. Өндірістік объектінің мұнай өнімдері, сұйытылған ыстық газдар, улы заттар болатын резервуарлық парктері өндірістік объектінің ғимараттары мен құрылыстарына қатысы бойынша барынша төменгі белгілерінде орналастырылуға тиіс және жанбайтын материалдардан орындалған үрленетін дуалмен (жер бедері ескеріліп) қоршалған болуы тиіс.

Тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар құйылған жер үстіндегі резервуарларды ғимараттарға, құрылыстарға және құрылыстарға қатысы бойынша барынша жоғары белгілерге орналастыру жағдайларында, резервуарларда апат болған кезде төгілетін сұйықтықтың аталған ғимараттар мен құрылыстарға жайылып кетуінен сақтау бойынша шаралар қарастырылған болуы тиіс.

234. Ыстық сұйықтықтар мен газдар болатын сыртқы желілерді өндірістік объектінің ғимараттары мен құрылыстарының астына орналастыруға жол берілмейді.

235. Өндірістік объектілердің мұнай өнімдерін ыдыста сақтау алаңдарының периметрі бойынша тұйықталған үйіп көму құрылғысы немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғалары қарастырылуы керек.

236. Тұйықталған жерде үйіп көму немесе жанбайтын материалдардан жасалған қоршау қабырғалары жер үстіндегі резервуарлардың әрбір тобының жеке тұрған резервуарларының периметрі бойынша қарастырылған және жайылып кететін сұйықтықтың гидростатикалық қысымына есептелген болуы тиіс.

237. Жер астындағы резервуарлардың топырақ үйіндісін осы резервуарларда мұнайды және мазутты сақтаған кезде ғана қарастыру керек.

Үйіндінің ішкі еңістері арасында пайда болатын алаңдарды топтағы барынша үлкен жер асты резервуары көлемінің 10 %-ына тең болатын мөлшерде төгілген сұйықтықты ұстап қалу жағдайына сүйеніп анықтау керек.

238. Жеке тіреулер мен эстакадаларда қойылатын жанғыш сұйықтықтарға арналған жер үстіндегі құбыржол желілерін ойықтары болатын ғимарат қабырғаларынан 3 м кем болмайтын және ойықтары болмайтын ғимарат қабырғаларынан кемінде 0,5 м арақашықтықта орналастыру керек.

239. Мұнай және мұнай өнімдері қоймаларында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес көбікпен өрт сөндіру және сумен салқындату жүйелері көзделуі тиіс.

## **5-параграф. Заттар мен материалдарға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

### **1-бөлім. Заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі туралы ақпаратқа қойылатын талаптар**

240. Заттар мен материалдарды өндіруші өнімді қауіпсіз қолдану үшін қажетті ақпарат болатын техникалық құжаттаманы әзірлеуі тиіс.

241. Заттар мен материалдарға арналған техникалық құжаттамада (оның ішінде паспорттар, техникалық шарттар) заттар мен материалдардың жарылыс-өрт және өрт қауіпті көрсеткіштері туралы ақпарат болуы қажет.

Техникалық құжаттамаға қосу үшін міндетті көрсеткіштер мыналар болып табылады:

1) газдар үшін:

жану тобы;

өздігінен тұтану температурасы;

жалынның таралатын концентрациялық шектері;

2) сұйықтықтар үшін:

жану тобы;

тұтану температурасы;

жалындау температурасы;

өздігінен жалындау температурасы;

жалынның таралатын температуралық шектері;

3) қатты заттар үшін:

жану тобы;

жалындау температурасы;

өздігінен жалындау температурасы;

түтіннің түзілу коэффициенті;

жану өнімдерінің уыттылық көрсеткіші;

4) бытыраңқы қатты заттар үшін:

жану тобы;

жалындау температурасы;

жалынның таралатын концентрациялық төменгі шегі;

жарылыстың максималды қысымы;

жарылыс қысымының үдеу жылдамдығы;

жарылыс қауіптілігінің индексі.

Заттар мен материалдардың жарылыс-өрт және өрт қауіпті көрсеткіштері туралы қосымша ақпаратты қосу қажеттігін құжаттаманы әзірлеуші анықтауы тиіс.

## **2-бөлім. Ғимараттар мен құрылыстарда құрылыс материалдарын қолдануға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

242. Ғимараттар мен құрылыстарда құрылыс материалдарын қолдануға қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары осы Техникалық регламентке 13-қосымшаның кестесінде берілген осы материалдардың өрт қауіптілік көрсеткіштері бойынша белгіленеді.

243. Құрылыс материалдарына арналған техникалық құжаттамада осы Техникалық регламенттің 13-қосымшасының кестесінде берілген осы материалдардың өрт қауіптілік көрсеткіштері, сондай-ақ оларды пайдаланған кездегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы ақпарат болуы керек.

244. Тез тұтанатын сұйықтықтар өндірілетін, қолданылатын немесе сақталатын А, Б және В1В санатты Ф5 сыныбының үй-жайларында едендерді жанбайтын материалдан орындау керек.

Үй-жайларда және эвакуациялау жолдарындағы аспалы төбелердің қаңқаларын жанбайтын материалдардан орындау қажет.

245. Функционалдық тағайындалымы, қабаттылығы және сыйымдылығы әр түрлі ғимараттардағы эвакуациялау жолдарында сәндік-өңдеу, қаптау материалдары мен еден төсеніштерін қолдану аймағы осы Техникалық регламентке 14-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде берілген.

246. Ұйықтайтын және палаталық үй-жайларда, сондай-ақ Ф1.1 қосалқы сыныбының мектепке дейінгі ұйымдарының ғимараттарының үй-жайларында КМ2 қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын сәндік-өңдеу, қаптау материалдары мен еден төсеніштерін қолдануға жол берілмейді.

**Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

247. Мектепке дейінгі ұйымдарда музыка және дене тәрбиесі сабақтары өтетін залдарының қабырғалары мен төбелерін өңдеу КМО сыныбының материалынан орындалуы тиіс.

**Ескерту. 247-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

248. Физиотерапевтік процедураларға арналған үй-жайларда КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

Диагностикаға арналған үй-жайларда КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы

төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

Операция және жан сақтау үй-жайларында КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

249. Сынып тармағы Ф1.2 ғимараттардың тұрғындық үй-жайларында КМ4 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ4 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

250. Сынып тармағы Ф2.1 ғимараттардың гардеробтық үй-жайларында КМ1 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

251. Оқу залдарында КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

252. Кітаптар сақтайтын және мұрағаттық үй-жайларда, сондай-ақ қызметтік каталогтар мен тізімдемелер болатын үй-жайларда қабырғалар мен төбелерді КМО сыныбының материалдарымен өңдеуді қарастыру керек.

253. Сынып тармағы Ф2.2 ғимарат үй-жайларының көрсету залдарында КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

254. Би залдарында КМ2 қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және еденге төсеу үшін, КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қолдануға жол берілмейді.

255. Сынып тармағы Ф3.1 ғимараттардың сауда залдарында КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

256. Сынып тармағы Ф3.3 ғимараттардың күту залдарында қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін, КМ0 сыныбының материалдарынан орындалуы керек.

257. Сынып тармағы Ф3.4 ғимараттардың процедуралық кабинеттері мен диагностикаға арналған үй-жайларында КМ2 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды қабырғаларды, төбелерді өңдеу және аспалы төбелерді толтыру үшін және КМ3 сыныбына қарағанда, өрт қауіптілігі барынша жоғары болатын материалдарды еденге төсеу үшін қолдануға жол берілмейді.

### **3-бөлім. Оттан қорғау құралдарына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

258. Технологиялық жабдықты конструкцияның отқа төзімділік шектерінің артуынан қорғау, жанғыш беттер бойынша жалынның таралуын шектеу үшін, ойықтарды, электр сымдарын қорғау үшін, мынадай оттан қорғау құралдары қолданылуға тиіс: сылақ, қаптау, майлау, лактар, кепкен бояулар.

Оттан қорғау құралдарын таңдау мынадай есеппен жүргізілуі керек:

1) конструкцияның, жабдықтың немесе коммуникациялардың типі, орналасуы, отқа төзімділігіне немесе өрт қауіптілігіне қойылатын талаптар;

2) жабынды төсеу, пайдалану және ауыстыру технологиясының қажетті мерзімі;

3) қолданылатын жағдайлардағы жабынның пайдалану сипаттамалары (механикалық әсер, діріл мүмкіндігі);

4) температуралық-ылғалдылық режимі, агрессивті орта әсері;

5) жабын есебінен конструкцияға түсетін жүктеменің артуы;

6) эстетикалық талаптар;

7) техникалық-экономикалық негіздеме.

259. Оттан қорғау құралдарына арналған техникалық құжаттамада олардың қолданылу саласын, өрт қауіптілігін, бетті дайындау тәсілін, топырақтың түрлері мен маркалары, қорғалатын бетке төсеу тәсілі, кептіру шарттары, осы құралдардың оттан қорғау тиімділігі, қолайсыз климаттық әсерлерден қорғау тәсілі, оттан қорғау жабындарын пайдалану шарттары мен мерзімі, сондай-ақ оттан қорғау жұмыстарын жүргізген кездегі қауіпсіздік шараларын сипаттайтын техникалық көрсеткіштері туралы ақпарат болуы тиіс.

260. Оттан қорғау құралдарын оттан қорғау қабатына сәндік түр берілуін немесе оның қолайсыз климаттық әсерге орнықтылығын қамтамасыз ететін қосымша жабындары болатын материалдардан қолдануға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, оттан қорғау тиімділігі осы қабат ескеріліп көрсетілуі керек.

261. Оттан қорғау құралдарын қолдану саласы және оттан қорғау тиімділігін бағалау әдістері стандарттау жөніндегі құжаттардың, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес анықталуы тиіс.

## **6-параграф. Ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларына және инженерлік жабдығына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

### **1-бөлім. Құрылыс конструкцияларына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

262. Ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс элементтерінің конструкциялық орындалуы ғимарат пен құрылыс бойынша жалынның жабық түрде таралу себебі болмауы тиіс.

Құрылыс конструкцияларының өзара бекітілген және біріктірілген тораптарының отқа төзімділік шегі түйісетін құрылыс элементтерінің қажетті отқа төзімді минималды шегінен кем болмауы тиіс.

263. Функционалдық қауіптілігі Ф2 сыныбының ғимараттары мен құрылыстарының үй-жайларында еден еңістігі пайда болатын конструкциялық элементтер осы ғимараттар мен құрылыстардың қабаттарының арасындағы аражабындарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

264. Қоршайтын құрылыс конструкцияларының кабельдермен, құбыр желілерімен және басқа технологиялық жабдықпен қиысатын тораптарының осы конструкциялар үшін белгіленген қажетті шектерден төмен болмайтын отқа төзімділік шектері болуы керек.

265. Ғимараттар мен құрылыстарда электр электр кабельдері мен өткізгіштерді төсеу үшін көлденең және тік арналардың өрттің таралуынан қорғанышы болуы тиіс. Кабель арналарының, қораптардың және өткізгіштердің отқа төзімділік шегі нормаланған құрылыс конструкциялары арқылы өтетін жерлерде отқа төзімділік шегі осы конструкциялардың отқа төзімділік шегінен төмен емес кабель өткізгіштері көзделуі тиіс.

266. Оттан қорғау құралдарын олардың жағдайын кезеңдік тексеру, ауыстыру немесе қалпына келтіру мүмкіндігін болдырмайтын жерлерде қолдануға жол берілмейді.

267. Аражабындар мен жабындардың отқа төзімділік шектерін арттыру үшін қолданылатын конструкциялық элементтердің отқа төзімділік шегі және өрт қауіптілік сыныбы осы аражабындар мен жабындардың отқа төзімділік шегіне және өрт қауіптілік сыныбына қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

268. Оттың құрылыс конструкциялары бойынша таралу шегі стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес болатын әдістеме бойынша есептеумен анықталуы тиіс.

269. Аспалы төбелері болатын үй-жайлардағы өртке қарсы аралық қабырғалар олардың үстіндегі кеңістікті бөліп тұруға тиіс.

Аспалы төбелер үстіндегі кеңістікте жанғыш газдарды, ауаға шаң бөлетін қоспаларды, сұйық және қатты материалдарды тасымалдауға арналған арналар мен құбыр желілерін орналастыруға жол берілмейді.

270. Аспалы төбелерді жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша А және Б санатындағы үй-жайларда қарастыруға жол берілмейді.

**2-бөлім. Желдету, ауа баптау, түтіннен қорғау жүйелерінің жабдығына және олардың конструкцияларына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

271. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

272. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

273. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

274. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

275. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

276. Өртке қарсы түтін-газ өткізбейтін есіктер олардың қажетті отқа төзімділік шегі кезінде қажетті түтін-газ өткізуге қарсылық мәндерін қамтамасыз ететін бір-біріне жанасу орындарында тығыздау тораптарымен жабдықталуы керек.

277. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

278. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

279. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-бөлім. Қоқыс жою жүйелерінің жабдығына және олардың конструкцияларына қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

280. Қоқыс жинайтын жүйе ұңғымалары жанбайтын материалдардан дайындалып, отқа төзімділіктің және түтін-газ өткізуге қарсылықтың қажетті шектерін қамтамасыз етуі тиіс.

Қоқыс жинайтын жүйе ұңғымалары конструкциясының құрамында өрт кезінде жарылыс тәрізді қирауға бейім материалдарды қолдануға жол берілмейді.

281. Қоқыс жинау ұңғымаларының жүктеу клапандары жанбайтын материалдардан орындалуға және түтін-газ өткізуге қарсылықтың қажетті мәндерін қамтамасыз етуі тиіс.

282. Қоқыс жинау ұңғымаларының қоқыс жинайтын камераларында орнатылған сұқпажапқыштар өрт кезінде өздігінен жабылатын жетектермен жабдықталуы керек. Сұқпажапқыштардың қажетті отқа төзімділік шектері қоқыс жинау ұңғымалары үшін белгіленген шектерден кем болмауы тиіс.

283. Қоқыс жинау жүйелерінің конструкциясы мен жабдығы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

#### **4-бөлім. Лифтілерге қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптары**

284. Лифтілер мен лифтілердің қауіпсіздігінің құрылғылары "Лифтілердің қауіпсіздігі" Кеден одағының Техникалық регламентінің (КО ТР 011/2011) талаптарына сәйкес болуы қажет.

285. Өрт сөндіру бөлімшелерін тасымалдауға арналған лифтілер (бұдан әрі – өрт сөндіру лифтілері) әр түрлі қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды инженерлік жабдықтау кешенінің құрамдас бөлігі, сондай-ақ өрт сөндіру бөлімшелерінің адамдарды құтқару, табу және өртті сөндіру бойынша жұмыстарды орындау үшін, әр түрлі қолданыстағы ғимараттардың (құрылыстардың) қабаттарына орын ауыстыруын қамтамасыз ететін өрт-техникалық құралдарының бір түрі болып табылуы тиіс.

286. Өрт сөндіру лифтілері:

1) биіктігі 75 метрге дейін қоса алғанда функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 сыныпты ғимараттардың, биіктігі 50 метрге дейін қоса алғанда функционалдық өрт қауіптілігі өзге сыныптардағы ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ екі қабаттан астам көп қабатты жерасты кеңістігінде өрт сөндіру бөлігінде біреуден;

2) биіктігі 75 метрден астам функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3 сыныпты ғимараттардың, биіктігі 50 метрден астам функционалдық өрт қауіптілігі өзге сыныптардағы ғимараттар мен құрылыстардың өрт сөндіру бөлігінде екеуден кем емес көзделуі тиіс.

287. Өрт сөндіру лифтілері үшін, негізгі төмен түсіру қабаты ретінде ғимаратқа негізгі кіретін жердегі қабат қабылдануы керек.

Биіктігі 50 метрден астам ғимараттарда лифт холына біріктірілген басқа қолданыстағы лифтілер тобының құрамында өрт сөндіру лифтілерін орналастыруға жол берілмейді.

288. Өрт сөндіру лифтілері шахталарының түтінге қарсы сорып желдету жүйелері жер үстінде орналастырылған автономды желдеткіштердің негізгі төмен түсіру қабаты деңгейінен сыртқы ауа берумен әрекет етуі тиіс.



289. Өрт сөндіру лифтілерін ғимараттың жер үстіндегі және жер астындағы бөліктеріне бірге қызмет көрсету үшін ғимараттың барлық биіктігінде қолдануға рұқсат етіледі.

Жер үсті бөлігінің әрбір қабатындағы өрт сөндіру лифтілері шахталарының есіктері отқа төзімділік шегі кемінде EI60 өртке қарсы болуға және жабылғанда тығыздаулармен жабдықталуы керек.

Әрбір жерасты қабатындағы өрт сөндіру лифтілеріне кіретін жерлер өрт сөндіру лифтісінің кабинасындағы "өрт қаупі" режимі кезінде қашықтан басқару болатын түтінге қарсы сорып желдетудің автономды жүйесі қызмет көрсететін тамбур-шлюздар арқылы қарастырылуы керек.

#### **4-тарау. Қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету**

290. Объектілер мен тыныс-тіршілік өнімінің (процестерінің) осы Техникалық регламентке сәйкестігі оның талаптарын тікелей орындаумен және Техникалық регламентке 18-қосымшада келтірілген Қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін өзара байланысты стандарттар тізбесімен қамтамасыз етіледі.

291. Зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын және техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті стандарттар тізбесі Техникалық регламентке 19-қосымшада келтірілген.

#### **5-тарау. Сәйкестікті растау**

292. Құрылыс конструкцияларының (оның ішінде ойықтарды толтыру конструкцияларының), сондай-ақ құрылыс материалдарының (оның ішінде өңдеу) өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің сәйкестігін растау міндетті сертификаттау нысанында жүргізіледі.

Сертификаттауды сәйкестікті растау жөніндегі орган Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-нқ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 23364 болып тіркелген) Сәйкестікті бағалау қағидаларына сәйкес сертификаттау схемалары бойынша жүргізеді.

#### **6-тарау. Ауыспалы кезең**

293. Қазақстан Республикасының аумағында ережелері осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келетін өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына қатысты бөлігінде өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің күші сақталады.

294. Осы Техникалық регламент күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған, өнімнің сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін жарамды.

295. Өнімнің сәйкестігін бағалау туралы бұрын берілген құжаттардың қолданысы кезеңінде айналымға шығарылған өнімді дайындаушының белгілеген қызмет мерзімі және (немесе) осы өнімді пайдалану мерзімі ішінде Қазақстан Республикасы аумағында айналымына жол беріледі.

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
1-қосымша

### **Өрт қауіпсіздігі саласында жіктеу**

#### **1. Өрттерді және оның қауіпті факторларын жіктеу**

1. Өрттерді жанғыш материал түрі бойынша жіктеу өрт сөндіру құралдарын қолдану саласын белгілеу үшін қолданылады.

Өрттерді сөндіру қиындығына қарай оларды жіктеу өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің және өрттерді сөндіруге тартылған басқа қызметтердің күштері мен құралдарының қажетті санын анықтау кезінде пайдаланылады.

Өрттің қауіпті факторларын жіктеу өрт кезінде адамдар мен мүлікті қорғау үшін өрт қауіпсіздігінің қажетті шараларын негіздеу кезінде пайдаланылады.

#### **2. Жанғыш материалының түрі бойынша өрттер мынадай сыныптарға бөлінеді:**

- 1) А – қатты жанғыш заттар мен материалдардың өрттері;
- 2) В – жанғыш сұйықтықтардың немесе балқитын қатты заттар мен материалдардың өрттері;
- 3) С – газдардың өрттері;
- 4) D – металдардың өрттері;
- 5) Е – кернеуде тұрған электр қондырғыларының жанғыш заттары мен материалдарының өрттері.

3. Адамдарға және материалдық құндылықтарға әсер ететін өрттің қауіпті факторларына мыналар жатады:

- 1) жалын мен ұшқындар;
- 2) жылу ағыны;
- 3) қоршаған ортаның жоғарғы температурасы;
- 4) жанатын және термикалық бөлшектенетін уытты элементтердің жоғарғы концентрациясы;
- 5) оттегінің төменгі концентрациясы;
- 6) эвакуациялау жолдарындағы түтіннің жоғарғы концентрациясы. Өрттің қауіпті факторларының құрылыс конструкцияларына, технологиялық жабдыққа және өрт

сөндіру жөніндегі әрекеттерге әсер ететін, адамдардың өмірі мен денсаулығына, материалдық құндылықтарға зиян келтіретін екінші зардаптарына мыналар жатады:

1) бүлінген аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, конструкциялардың сынықтары, бөліктері;

2) бүлінген аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиоактивті және уытты заттар мен материалдар;

3) конструкцияның, аппараттардың, агрегаттардың ток өткізетін бөліктеріне жоғарғы кернеуді шығару;

4) өрт салдарынан болған жарылыстың қауіпті факторлары;

5) өрт сөндіретін заттардың әсері және өрттерді сөндіру жөніндегі өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің әрекеттері.

## **2-тарау. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу**

5. Жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу өрт қауіпсіздігі талаптарының мазмұны мен атау тізімін оларды алу, қолдану, сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату кезінде белгілеу үшін қолданылады.

6. Өрт қауіпсіздігі бойынша құрылыс материалдарын жіктеу ғимараттарды (құрылыстарды) конструкциялық орындауға және олардың өртке қарсы қорғау жүйесіне қойылатын талаптардың атау тізімі мен мазмұнын белгілеу үшін пайдаланылады.

7. Заттар мен материалдардың өрт қауіпті заттар мен материалдардың агрегаттық жай-күйінің әрбір сыныбы үшін белгіленген өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерімен сипатталады.

8. Заттар мен материалдардың агрегаттық жай-күйіне байланысты олардың өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі көрсеткіштерінің тізбесі осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 1-кестесінде берілген.

9. Заттар мен материалдардың өрт қаупі көрсеткіштері оларды қолдану жөніндегі талаптарды нормалау үшін, өрттің қауіпті факторларының өсу динамикасын болжау үшін және заттар мен материалдарды өрт қауіпсіздігі бойынша салыстыру үшін пайдаланылуға тиіс.

10. Заттар мен материалдардың өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерінің нақты мәні мен оларды анықтау әдістері осы Техникалық регламенттің және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

11. Өрт қауіпсіздігі бойынша заттар мен материалдарды жіктеу (құрылыс, тоқыма және былғары материалдарынан басқа) олардың қасиеттеріне және өрт пен жарылыстың қауіпті факторларының пайда болу қабілеттілігіне негізделеді.

Заттар мен материалдар жанғыштығы бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

1) жанбайтын – ауада жануға қабілетсіз заттар мен материалдар. Жанбайтын заттар өрт-жарылыс қауіпті болуы мүмкін (мысалы, сумен, ауа оттегісімен немесе бір-бірімен өзара әрекеттескен жағдайда, жанғыш өнімдер бөлетін қышқылдар немесе заттар);

2) қиын жанатын – жану көзі әсер еткен кезде ауада жануға қабілетті, бірақ оны жойғаннан кейін өздігінен жануға қабілетсіз заттар мен материалдар;

3) жанғыштар – өздігінен жануға, сондай-ақ тұтану көзі әсерінен жануға және оны жойғаннан кейін өздігінен жануға қабілетті заттар мен материалдар.

12. Сұйықтықтың жанғыштығы бойынша жанғыш сұйықтықтарға (ЖС) және жанбайтын сұйықтықтарға (ЖБС) бөлінеді.

Жанғыш сұйықтықтардың сыныбында тез жанатын сұйықтықтар (ТЖС) жеке топқа бөлінеді.

13. Газдың жанғыштығы бойынша жанғыш газдар (жарылыс қауіпті) және жанбайтын газдар болып бөлінеді.

14. Шаңның жанғыштығы бойынша жанғыш (жарылыс қауіпті және өрт қауіпті) және жанбайтын шаңдар болып бөлінеді.

15. Заттар мен материалдарды жанғыштығына сынау әдістері стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес белгіленеді.

16. Құрылыс, тоқыма және былғары материалдарын өрт қаупі бойынша жіктеу олардың қасиеттеріне және өрттің қауіпті факторларының пайда болуына қабілеттілігіне негізделеді.

Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі мынадай сипаттамалармен сипатталады:

- 1) жанғыштық;
- 2) тұтану;
- 3) үстіңгі беті бойымен жалынның таралуы;
- 4) түтін түзу қабілеті;
- 5) жанатын өнімдердің уыттылығы.

17. Құрылыс материалдары жанғыш (Ж) және жанбайтын (ЖБ) болып бөлінеді.

18. Жанғыш құрылыс материалдары мынадай топтарға бөлінеді:

1) Ж1 (әлсіз жанатын) – түтінді газдарының температурасы  $135^{\circ}\text{C}$  артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 65% артық емес, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 20% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 0 с артық емес құрылыс материалдары;

2) Ж2 (орташа жанатын) – түтінді газдарының температурасы  $235^{\circ}\text{C}$  артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85 % артық емес, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 30 с артық емес құрылыс материалдары;

3) Ж3 (қалыпты жанатын) – түтінді газдарының температурасы  $450^{\circ}\text{C}$  артық емес, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85% артық, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық емес, өздігінен жану ұзақтығы 300 с артық емес құрылыс материалдары;

4) Г4 (қатты жанатын) – түтінді газдарының температурасы  $450^{\circ}\text{C}$  артық, сыналатын үлгінің ұзындығы бойынша бүліну дәрежесі 85 % артық, сыналатын үлгі салмағы бойынша зақымдалу дәрежесі 50% артық, өздігінен жану ұзақтығы 300 с артық құрылыс материалдары.

19. Ж1 – Ж2 жанғыш топтарына жататын құрылыс материалдары үшін сынау кезінде балқыған заттың ыстық тамшыларының түзілуіне жол беріледі.

20. Құрылыс материалдары өрт қауіптілігімен ғана сипатталады.

Жанбайтын құрылыс материалдары үшін өрт қауіпсіздігінің басқа көрсеткіштері анықталмайды және нормаланбайды.

21. Жанғыштығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары (соның ішінде едендік кілем жабындары) жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасына байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) Т1 (қиын тұтанатын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $35 \text{ кВт/м}^2$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

2) Т2 (орташа тұтанатын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $20 \text{ кВт/м}^2$  кем емес, бірақ  $35 \text{ кВт/м}^2$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

3) Т3 (тез тұтанатын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $20 \text{ кВт/м}^2$  кем емес жанғыш құрылыс материалдары.

22. Үстіңгі беті бойынша жалынның таралу жылдамдығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары (соның ішінде едендік кілем жабындары) жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасына байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) РП1 (тарамайтын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $11 \text{ кВт/м}^2$  артық жанғыш құрылыс материалдары;

2) РП2 (әлсіз тарайтын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $8 \text{ кВт/м}^2$  кем емес, бірақ  $11 \text{ кВт/м}^2$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

3) РП3 (орташа тарайтын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $5 \text{ кВт/м}^2$  кем емес, бірақ  $8 \text{ кВт/м}^2$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

4) РП4 (қатты тарайтын) – жылу ағыны тығыздығының сыни бетінің шамасы  $5 \text{ кВт/м}^2$  кем емес жанғыш құрылыс материалдары;

23. Түтін түзетін қабілеті бойынша жанғыш құрылыс материалдары түтін түзу коэффициенті мәндеріне байланысты мынадай топтарға бөлінеді:

1) Д1 (түтін түзетін қабілеті аз) – түтін түзу коэффициенті  $50 \text{ м}^2/\text{кг}$  кем емес, бірақ  $500 \text{ м}^2/\text{кг}$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

2) Д2 (түтін түзетін қабілеті орташа) – түтін түзу коэффициенті  $50 \text{ м}^2/\text{кг}$  кем емес, бірақ  $500 \text{ м}^2/\text{кг}$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары;

3) ДЗ (түтін түзетін қабілеті жоғары) – түтін түзу коэффициенті  $500 \text{ м}^2 / \text{кг}$  кем емес, бірақ  $500 \text{ м}^2 / \text{кг}$  артық емес жанғыш құрылыс материалдары.

24. Жанатын өнімдердің уыттылығы бойынша жанғыш құрылыс материалдары мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) Т1 (аз қауіпті);
- 2) Т2 (орташа қауіпті);
- 3) Т3 (жоғары қауіпті);
- 4) Т4 (төтенше қауіпті).

Жанатын өнімдердің уыттылық көрсеткішінің мәні бойынша жанғыш құрылыс материалдарын жіктеу осы Техникалық регламентке 17-қосымшаның 2-кестесінде берілген.

25. Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі топтарына байланысты өрт қауіптілігі сыныптары осы Техникалық регламентке 1-қосымшаның 1-кестесінде берілген.

26. Тұтануы бойынша тоқыма материалдары мен былғары материалдары тез тұтанатын және қиын тұтанатын материалдарға бөлінеді. Мата (маталы емес төсемше) егер сынақтр кезінде мынадай шарттар орындалса, тез тұтанатын материал болып жіктеледі:

1) қабаттан тұтату кезінде сыналған кез келген үлгілердің жалындап жану уақыты 5 секундтан артық құрайды;

2) қабаттан тұтату кезінде сыналған кел келген үлгілер оның жиектерінің біреуіне дейін қойылады;

3) мақта матасы сыналатын үлгілердің кез келгенінде тұтанады;

4) кел келген үлгілердің қабаттық ұшқыны қабат немесе жиек арқылы тұтану нүстесінен 100 мм астам таралады;

5) қабат немесе жиек арқылы жалын әсер еткен кезде сыналған кез келген үлгілердің көмірге айналған учаскесінің орташа ұзындығы 150 мм астамды құрайды.

27. Құрылыс, тоқыма және былғары материалдарды жіктеу үшін заттар мен материалдардың тұтануға, қабат арқылы жалынды таратуға және жылу бөлуге қабілетін сипаттайтын шартты шексіз көрсеткіштің (I) жалынның таралу индексі мәні қолданылуы тиіс. Жалынның таралуы бойынша материалдар мынадай топтарға бөлінеді:

1) жалынның таралу индексі 0, қабат арқылы жалынды таратпайтын;

2) жалынның таралу индексі 20-дан аспайтын, қабат арқылы жалынды баяу тарататын;

3) жалынның таралу индексі 20-дан астам, қабат арқылы жалынды дереу тарататын.

Құрылыс, тоқыма және былғары материалдарының өрт қауіптілігі жіктеу көрсеткіштерін анықтау бойынша сынау әдістері өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленеді.

1-кесте

Құрылыс материалдарының қасиеттері мен өрт қауіптілігі сыныптары

Құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі қасиеттері	Топтарына байланысты құрылыс материалдарының өрт қауіптілігі сыныбы					
	КМ0	КМ1	КМ2	КМ3	КМ4	КМ5
Жанғыштық	НГ	Г1	Г1	Г2	Г2	Г4
Тұтанғыштық	-	В1	В1	В2	В2	В3
Түтін бөлу қабілеті	-	Д1	Д3*	Д3	Д3	Д3
Жану өнімдерінің уыттығы	-	Т1	Т2	Т2	Т3	Т4
Едендердің жабынына арналған қабат арқылы жалынның таралуы	-	РП1	РП1	РП1	РП2	РП4

Ескертпе – "\*" белгісі материалға түтін бөлу коэффициенті  $D < 1000 \text{ м}^2 / \text{кг}$  болғанда КМ2 сыныбын беруге болады дегенді білдіреді.

**3-тарау. Технологиялық орталардың өрт қауіптілігін жіктеу және оның көрсеткіштері**

28. Өрт-жарылыс қаупі мен өрт қаупі бойынша технологиялық орталарды жіктеу технологиялық процесті жүргізудің қауіпсіз параметрлерін белгілеу үшін қолданылады.

29. Технологиялық орталардың өрт қауіптілігі технологиялық процесте қолданылатын заттардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерімен және технологиялық процесс параметрлерімен сипатталады.

30. Технологиялық орталардың құрамына кіретін заттардың өрт қауіптілігі көрсеткіштерін анықтау әдістері осы Техникалық регламенттің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

31. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша технологиялық орталар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) өрт қауіпсіз;
- 2) өрт қауіпті;
- 3) өрт-жарылыс қауіпті;
- 4) жарылыс қауіпті.

32. Технологиялық орталардың өрт-жарылыс қауіптілігі көрсетілген орталардың (технологиялық жүйеде қолданылатын шикізат заттары мен материалдарының, шала

өнімдері мен өнімдерінің) физикалық-химиялық қасиеттері мен параметрлеріне байланысты өрттің және (немесе) жарылыстың туындау және (немесе) даму мүмкіндігімен анықталады.

33. Технологиялық орталарды өрт-жарылыс қауіптілігі бойынша топтарға жатқызу тәртібі осы Техникалық регламенттің, стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес анықталады.

#### **4-тарау. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу**

34. Жарылыс қауіпті және өрт қауіпті аймақтарды жіктеу көрсетілген аймақта өрт-жарылыс қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін параметрлері бар электр-техникалық және басқа жабдықты таңдау үшін қолданылады.

35. Аймақтарды өрт қауіпті немесе жарылыс қауіпті аймақтарға жатқызу тәртібі және осы аймақтардың сыныбын анықтау Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10851 болып тіркелген) Электр қондырғыларын орнату қағидаларының (бұдан әрі – № 230 бұйрық) талаптарына сәйкес анықталады.

36. Өрт қауіпті аймақтар мынадай сыныптарға бөлінеді:

1) П-I – тұтану температурасы  $61^{\circ}\text{C}$  жоғары жанғыш сұйықтықтар қолданылатын үй-жайларға орналасқан аймақтар;

2) П-II – тұтанудың төменгі концентрациялы шегі ауа көлеміне  $65\text{г}/\text{м}^3$  артық жанғыш газдар немесе талшық бөлетін үй-жайлардағы аймақтар;

3) П-III – қатты жанғыш заттар қолданылатын үй-жайлардағы аймақтар;

4) П-III – тұтану температурасы  $61^{\circ}\text{C}$  жоғары жанғыш сұйықтықтар немесе қатты жанғыш заттар қолданылатын үй-жайларға орналасқан аймақтар.

37. Жарылыс қауіпті аймақтар, жарылыстан қорғау деңгейі бойынша электр жабдығы, сондай-ақ жарылыстан қорғалған электр жабдығын таңбалау "Жарылыс қауіпті орталарда жұмыс істеуге арналған жабдықтың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы Техникалық регламентінің (КО ТР 012/2011) талаптарына сәйкес айқындалады.

#### **5-тарау. Сыртқы қондырғыларды жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу**

38. Сыртқы қондырғыларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу өрттің алдын алуға және сыртқы қондырғыларда өрт пайда болған жағдайда адамдар мен мүлікті өртке қарсы қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

39. Сыртқы қондырғыларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу күрделі құрылыс және қайта монтаждау объектілеріне арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі, ал санаттарының белгісі қондырғыларда көрсетіледі.



40. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша сыртқы қондырғылар мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) АН (өрт-жарылыс қауіптілігі жоғары);
- 2) БН (өрт-жарылыс қауіптілігі);
- 3) ВН (өрт қауіптілігі);
- 4) ГН (өрт қауіптілігі орташа);
- 5) ДН (өрт қауіптілігі төмен).

Сыртқы қондырғылардың өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі санаттары қондырғылардағы жанғыш заттар мен материалдардың өрт қауіпті қасиеттеріне, олардың санына және технологиялық процестерінің ерекшеліктеріне сүйеніп анықталады.

41. Сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау аса жоғары қауіпті санаттардан (АН) аса төмен қауіпті (ДН) санаттарға тиістілігін жүйелі түрде тексеру арқылы жүзеге асырылады.

42. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау тәртібі осы Техникалық регламентке 16-қосымшаның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

#### **6-тарау. Ғимараттарды, құрылыстарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу**

43. Ғимараттарды, құрылыстарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу өрттің пайда болу қаупін жоюға және ғимараттар мен құрылыстарда өрт пайда болған жағдайда адамдар мен мүлікті өртке қарсы қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

44. Ғимараттарды, құрылыстарды және үй-жайларды өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша жіктеу олардың тиісті санатқа тиістілігін анықтауға негізделеді.

45. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттардың, құрылыстардың және үй-жайлардың санаттары күрделі жөнделетін және қайта құрастырылатын объектілерге арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі.

46. Функционалдық өрт қауіптілігі класы Ф5 үй-жайлар мен ғимараттар өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) А (өрт-жарылыс қауіптілігі жоғары);
- 2) Б (өрт-жарылыс қауіптілігі);
- 3) В1 - В4 (өрт қауіптілігі);
- 4) Г (өрт қауіптілігі орташа);
- 5) Д (өрт қауіптілігі төмен).

47. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары аппараттар мен үй-жайлардағы жанғыш заттар мен материалдардың түріне, олардың санына және технологиялық процестерінің сипаттамаларына сүйеніп анықталады.

48. Үй-жайлардың санаттарын аса жоғары қауіпті санаттардан (А) аса төмен қауіпті (Д) санаттарға үй-жайдың тиістілігін жүйелі тексеру арқылы анықталады.

49. Өрт-жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша ғимараттардың, құрылыстардың санаттары осы ғимараттағы, құрылыстағы осы не басқа санатты қауіпті үй-жайлар үлесіне және оның жинақтық ауданына сүйеніп анықталады.

50. Өрт-жарылыс қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар мен үй-жайлардың санаттарын анықтау тәртібі мен әдісі осы Техникалық регламентке 16-қосымшаның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

## **7-тарау. Ғимараттарды, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерін өрт-техникалық жіктеу**

51. Ғимараттарды, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерін өрт-техникалық жіктеу олардың функционалдық арналымы мен өрт қауіптілігіне байланысты ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелеріне қойылатын өрт қауіпсіздігі талаптарын белгілеу үшін қолданылады.

52. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділігі, олардың функционалдық және конструкциялық өрт қауіптілігі сыныбы күрделі жөндеу және қайта құрастырылу объектілеріне арналған жобалық құжаттамада көрсетіледі.

53. Ғимараттар, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктері:

- 1) отқа төзімділік дәрежелері;
- 2) конструкциялық өрт қауіптілігі сыныптары;
- 3) функционалдық өрт қауіптілігі сыныптары бойынша бөлінеді.

54. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің отқа төзімділік дәрежесі оның құрылыс конструкцияларының отқа төзімділігімен анықталады.

55. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктерінің конструкциялық өрт қауіптілігі сыныбы өрттің дамуына құрылыс конструкциясының қатысу және оның қауіпті факторларының түзілу дәрежесімен анықталады.

56. Ғимараттардың, құрылыстар мен өрт сөндіру бөлігінің функционалдық өрт қауіптілігі сыныбы олардың арналуымен және оларды пайдалану ерекшеліктерімен, соның ішінде оларға орналастырылған технологиялық процестердің ерекшеліктерімен анықталады.

57. Ғимараттар, құрылыстар мен өрт сөндіру бөліктері отқа төзімділік дәрежелері бойынша:

- 1) I дәрежелі отқа төзімді;
- 2) II дәрежелі отқа төзімді;
- 3) III дәрежелі отқа төзімді;
- 4) IIIa дәрежелі отқа төзімді;

- 5) III дәрежелі отқа төзімді;
- 6) IV дәрежелі отқа төзімді;
- 7) IVa дәрежелі отқа төзімді;
- 8) V дәрежелі отқа төзімді ғимараттарға, құрылыстар мен өрт бөлмелеріне бөлінеді.

Ғимараттардың үлгілік конструктивтік сипаттамалары олардың отқа төзімділік дәрежесіне байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттардың талаптарына сәйкес айқындалады.

58. Ғимараттар, құрылыстар мен өрт сөндіру бөлмелері конструкциялық өрт қауіптілігі бойынша мынадай сыныптарға бөлінеді: C0, C1, C2 және C3.

59. Пайдаланылу тәсіліне және өрт болған жағдайда ішіндегі адамдардың қауіпсіздігі олардың жасын, дене жағдайын, ұйқыда болуы мүмкіндігін, негізгі функционалдық контингенті түрін мен оның санын ескеріп, қандай шамада қауіпте тұрғандығына байланысты функционалдық өрт қауіптілігі бойынша ғимараттар ( құрылыстар, өрт бөлмелері мен ғимараттардың бөлімдері – бір-бірімен функционалдық байланыстағы үй-жайлар, үй-жайлардың топтары) мынадай сыныптар мен қосалқы сыныптарға бөлінеді:

1) Ф1 – адамдардың тұрақты тұруға және уақытша болуына арналған ғимараттар:

Ф1.1 – мектепке дейінгі ұйымдар, мамандандырылған қарттар мен мүгедектігі бар адамдардың (пәтерлік емес) үйлері, ауруханалар, интернаттық ұйымдардың ұйықтауға арналған корпустары;

Ф1.2 – қонақ үйлер, жатақханалар, жалпы типтегі санаторийлер мен демалыс үйлерінің, кемпингтердің, мотельдер мен пансионаттардың ұйықтауға арналған корпустары;

Ф1.3 – көп пәтерлі тұрғын үйлер;

Ф1.4 – бір пәтерлік, оның ішінде бұғатталған тұрғын үйлер;

Ф1.5 – көп функциялы ғимараттар;

2) Ф2 – көру және мәдени-ағарту мекемелерінің ғимараттары:

Ф2.1 – театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, клубтар, цирктер, трибуналары бар спорттық құрылыстар, кітапханалар және жабық үй-жайларында келушілерге арналған отырғызу орындарының есептік саны бар басқа мекемелер;

Ф2.2 – мұражайлар, көрмелер, би залдары және жабық үй-жайлардағы басқа осыған ұқсас мекемелер;

Ф2.3 – ашық даладағы Ф2.1 көрсетілген мекемелер;

Ф2.4 – ашық даладағы Ф2.2 көрсетілген мекемелер.

3) Ф3 – халыққа қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындардың ғимараттары:

Ф3.1 – сауда кәсіпорындарының ғимараттары;

Ф3.2 – қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының ғимараттары;

Ф3.3 – вокзалдар;

Ф3.4 – емханалар мен амбулаториялар;

Ф3.5 – келушілерге арналған отырғызу орындарының есептік емес саны бар тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындарының келушілеріне арналған үй-жайлар;

Ф3.6 – дене шынықтыру-сауықтыру кешендері және көрушілерге арналған трибуналары жоқ спорттық-жаттықтыру мекемелері, тұрмыстық үй-жайлар, моншалар;

3) Ф4 – ғылыми-зерттеу ұйымдарының және білім беру ұйымдарының, жобалық ұйымдардың, басқару органдары мекемелерінің ғимараттары:

Ф4.1 – орта білім беру ұйымдардың, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйым, училище, колледж, жоғары колледж;

Ф4.2 – біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, білім беру ұйымдары;

Ф4.3 – әкімшілік ғимараттар, жобалау-конструкторлық ұйымдар, ақпараттық және редакциялық-баспа ұйымдары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, банктер, конторлар, кеңселер;

Ф4.4 – өрт депосы;

5) Ф5 – өндірістік немесе қойма мақсатында арналған ғимараттар:

Ф5.1 – өндірістік ғимараттар және құрылыстар, өндірістік және зертхана үй-жайлары, шеберхана;

Ф5.2 – қоймалық бөлмелер және құрылыстар, техникалық қызмет көрсетусіз және жөндеусіз автомобильдерге арналған тұрақтар, кітап қоймасы, мұрағаттар, қоймалық үй-жайлар;

Ф5.3 – ауылшаруашылық ғимараттары.

Өндірістік және қоймалық ғимараттар, оның ішінде Ф1-Ф4 сыныпты зертхана және шеберхана ғимараттары Ф5 сыныбына жатады.

**Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **8-тарау. Құрылыс конструкциялары мен өртке қарсы кедергілерді өрт-техникалық жіктеу**

60. Құрылыс конструкциялары белгілі бір дәрежедегі отқа төзімді ғимараттарда, құрылыстарда және өрт бөлігінде оларды қолдану мүмкіндігін белгілеу немесе ғимараттардың, құрылыстардың және өрт бөлігіндегі отқа төзімділігі дәрежесін анықтау үшін отқа төзімділігі бойынша жіктеледі.

61. Құрылыс конструкциялары өрттің ұлғайып кетуіне және олардың қауіпті өрт факторларын туғызу қабілеттілігіне құрылыс конструкцияларының қатысу дәрежесін анықтау үшін өрт қауіптілігі бойынша жіктеледі.

62. Өртке қарсы кедергілер сәйкесінше қауіпті өрт факторларының таралуын болдырмау тәсілі бойынша, сондай-ақ құрылыс конструкцияларын таңдау және отқа

төзімділігінің қажетті шектері және өрт қауіптілігі сыныбы болатын өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыру үшін отқа төзімділігі бойынша жіктеледі.

63. Стандарттық сынау шарттарында өрт әсеріне және оның қауіпті факторларын таратуға қарсылық көрсететін қабілеттілігіне қарай ғимараттар мен үй-жайлардың құрылыс конструкциялары отқа төзімділігі шектері болатын құрылыс конструкцияларына бөлінеді:

- 1) нормаланбайтын;
- 2) 15 минуттан кем емес;
- 3) 30 минуттан кем емес;
- 4) 45 минуттан кем емес;
- 5) 60 минуттан кем емес;
- 6) 90 минуттан кем емес;
- 7) 120 минуттан кем емес;
- 8) 150 минуттан кем емес;
- 9) 180 минуттан кем емес;
- 10) 240 минуттан кем емес;
- 11) 360 минуттан кем емес.

64. Құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шектері стандарттық сынау шарттарында анықталады.

65. Стандарттық сынау шарттарындағы немесе есептеу нәтижесіндегі көтергіш және қоршау құрылыс конструкцияларының отқа төзімділік шегінің басталуы мынадай белгілерінен тұратын жүйелі бір немесе бірнеше шекті жағдайлардың жету уақытымен белгіленеді:

- 1) R (көтергіш қабілеттілігін жоғалту);
- 2) E (тұтастықты жоғалту);
- 3) I (жылу оқшаулағыш қабілеттілігін жоғалту).

Стандарттық сынау шарттарындағы немесе есептеу нәтижесіндегі өртке қарсы кедергілердегі (оның ішінде өртке қарсы есіктер мен терезелер) ойықтарды толтыру отқа төзімділік шегінің басталуы тұтастықты (E), жылу оқшаулағыш қабілеттілігін (I) және (немесе) газ түтінін өткізбеді (S) жоғалту уақытымен белгіленеді.

66. Құрылыс конструкциялары өрт қауіптілігі бойынша мынадай сыныптарға бөлінеді:

- 1) K0 (өртке қауіпті емес);
- 2) K1 (өрт қауіптілігі аз);
- 3) K2 (өрт қауіптілігі орташа);
- 4) K3 (өртке қауіпті).

Құрылыс конструкцияларының өрт қауіптілігі класы осы Техникалық регламентке 2-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес анықталады.

67. Құрылыс конструкцияларының өрт қауіптілігі сыныбын анықтау тәртібі мен әдістемесі стандарттау жөніндегі құжаттардың, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

68. Өрттің қауіпті факторларының таралуын болдырмау тәсіліне қарай өртке қарсы кедергілер мыналарға бөлінеді:

- 1) қабырғалар;
- 2) қалқалар;
- 3) аражабындар;
- 4) үзілулер;
- 5) перделер мен экрандар;
- 6) су бүркеулері;
- 7) минералданған жолақтар.

69. Өртке қарсы кедергілер отқа төзімділігімен және өрт қауіптілігімен сипатталады. Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділігі, оның элементтерінің отқа төзімділігімен анықталады:

- 1) қоршау бөліктері;
- 2) кедергі тұрақтылығын қамтамасыз ететін конструкциялар;
- 3) конструкцияларға тірейтіндер;
- 4) олардың арасындағы бекіту тораптары.

70. Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділік шектері мен өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері осы Техникалық регламентке 17-қосымшаның 1 және 2-кестелерінде келтірілген мәндеріне сәйкес келуге тиіс.

## **9-тарау. Басқыштар және басқыш шабақтарын өрт-техникалық жіктеу**

71. Басқыштар мен басқыш шабақтарын көлемді-жоспарлы және конструкциялық шешіміне қойылатын талаптарды анықтау үшін, сондай-ақ адамдарды эвакуациялау жолдарында оларды қолдануға қойылатын талаптарды регламенттеу үшін жіктеледі.

72. Өрт кезінде адамдарды ғимараттар мен үй-жайлардан эвакуациялауға арналған басқыштар мынадай типтерге бөлінеді:

- 1) 1 типті – басқыш шабақтарында орналасқан ішкі басқыштар;
- 2) 2 типті – басқыштың іштей ашылуы;
- 3) 3 типті – басқыштың сырттай ашылуы.

73. Өртті сөндіру және құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін мынадай типті сыртқы өрт басқыштары қарастырылуы тиіс:

- 1) П1 – шатырға шығу кезінде, ауданы болатын, 2,5 м биіктіктен басталатын, ені 0,7 м тік болат басқыштар;
- 2) П2 – кем дегенде 8 м сайын ауданы болатын және тұтқалары бар, жер деңгейінен 2,5 м биіктіктен басталатын, ені 0,7 м, көлбеуі 6:1 артық емес болат марш басқыштар.



V	нормаланбайды	Нормаланбайды	нормаланбайды	нормаланбайды	нормаланбайды	нормаланбайды	нормаланбайды	нормаланбайды
---	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------	---------------

## 2-кесте

### Ғимараттардың, құрылыстардың және өрт бөліктерінің құрылыс конструкцияларының құрылыстық өрт қауіптілігі сыныбының және өрт қауіптілігі сыныптарының сәйкестігі

Ғимараттың құрылыстық өрт қауіптілігі сыныбы	Құрылыс конструкцияларының өрт қауіптілігі сыныбы, төмен емес не ниже				
	Арқалық өзектік элементтер (бағандар, ригелдер, фермалар)	Ішкі жағынан сыртқы қабырғалар	Қабырғалар, аралық қабырғалар, аражабындар және шатырсыз жабындар	Басқыш шарбақтар қабырғалары және өртке қарсы тосқауылдар	Басқыш шарбақтардағы баспалдақтардың қадамдарымен алаңдары
С0	К0	К0	К0	К0	К0
С1	К1	К2	К1	К0	К0
С2	К3	К3	К2	К1	К1
С3	Нормаланбайды			К1	К3

## 3-кесте

### Құрылыс конструкцияларының өрт қауіптілігі сыныбын анықтау тәртібі

Конструкциялардың өрт қауіптілігі сыныбы	Конструкциялардың зақымдануының рұқсат етілген өлшемі, сантиметр		Болуы		Зақымданған материалдың өрт қауіптілігінің рұқсат етілген сипаттамалары+		
	тігінен	көлденең	жылу әсері	жану	Тобы		
					жанғыштығы	тұтануы	түтін бөлу қабілеті
К0	0	0	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
К1	40-тан аспайды	25-тен аспайды	регламенттелмейді	жоқ	Г2+ жоғары емес	В2+ жоғары емес	Д2+ жоғары емес
К2	40-тан астам, бірақ 80-нен аспайды	25-тен астам, бірақ 50-ден аспайды	регламенттелмейді	жоқ	Г3+ жоғары емес	В3+ жоғары емес	Д2+ жоғары емес
К3							
	регламенттелмейді						

Ескертпе.

"+" белгісі жылу әсері болмаған кезде регламенттелмейді дегенді білдіреді.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне 3-қосымша

Бір мезгілдегі өрттердің есептік саны және елді мекенде сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің магистральдық және сақиналы тораптары суының шығысы

--	--	--



Елді мекендегі тұрғындардың саны (мың адам)	Бір мезгілдегі өрттердің есептік саны	Елді мекенде бір өртке сыртқы өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысы, л/с	
		Отқа төзімділігі дәрежесіне қарамастан қоса екі қабатқа дейін биіктікпен ғимараттар салу	Отқа төзімділігі дәрежесіне қарамастан үш қабат және одан жоғары биіктікпен ғимараттар салу
1 дейін	1	5	10
1 жоғары 5 дейін	1	10	10
5 жоғары 10 дейін	1	10	15
10 жоғары 25 дейін	2	10	15
25 жоғары 50 дейін	2	20	25
50 жоғары 100 дейін	2	25	35
100 жоғары 200 дейін	3	Нормаланбайды	40
200 жоғары 300 дейін	3	Нормаланбайды	55
300 жоғары 400 дейін	3	Нормаланбайды	70
400 жоғары 500 дейін	3	Нормаланбайды	80
500 жоғары 600 дейін	3	Нормаланбайды	85
600 жоғары 700 дейін	3	Нормаланбайды	90
700 жоғары 800 дейін	3	Нормаланбайды	95
800 жоғары 1000 дейін	3	Нормаланбайды	100
1000 жоғары	5	Нормаланбайды	110

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
4-қосымша

### **Тұрғын және қоғамдық ғимараттардағы сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су құбыры желісінің қосу және тарату тораптарынан суы шығысы**

Ғимараттардың атауы	Ғимараттардың отқа төзімділік дәрежелеріне қарамастан, сыртқы өрт сөндіруге, бір өртке жұмсалатын су шығысы, л/с, ғимараттардың көлемі, мың м <sup>3</sup>				
	1-ден аспайтын	1-ден астам, бірақ 5-тен аспайтын	5-тен астам, бірақ 25-тен аспайтын	25-тен астам, бірақ 50-ден аспайтын	50-ден астам, бірақ 150-ден аспайтын
Функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.3, Ф1.4 сыныпты бір және көп секциялы ғимараттар, қабаттарының саны:					
2-ден аспайтын	10*	10	—	—	—

2-ден астам, бірақ 12-ден аспайтын	10	15	15	20	–
12-ден астам, бірақ 16-дан аспайтын	–	–	20	25	–
16-дан астам, бірақ 25-тен аспайтын	–	–	–	25	30
Функционалдық өрт қауіптілігі Ф1.1, Ф1.2, Ф1.5, Ф2, Ф3, Ф4 сыныпты ғимараттар мен құрылыстар, қабаттарының саны:					
2-ден аспайтын	10*	10	15	–	–
2-ден астам, бірақ 6-дан аспайтын	10	15	20	25	30
6-дан астам, бірақ 12-ден аспайтын	–	–	25	30	35
12-ден астам, бірақ 16-дан аспайтын	–	–	–	30	35

\* Ауылдық елді мекендер үшін бір өртке жұмсалатын су шығысы – 5 л/с.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне 5-қосымша

## Бір және екі қабатты өндірістік ғимараттардағы және бір қабатты қоймалық ғимараттардағы сырттан өрт сөндіруге жұмсалатын су шығысы

1-кесте

Ғимараттың отқа төзімділік деңгейі	Жарылыс-өрт және өрт қауіптілік бойынша құрылыстар санаты	Ғимарат көлемдері жағдайда бір өртке ені 60 м шамды, сондай-ақ шамсыз өндірістік ғимараттарда сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығысы, л/с, мың м <sup>3</sup>						
		3-ке дейін	3 жоғары 5 дейін	5 жоғары 20 дейін	20 жоғары 50 дейін	50 жоғары 200 дейін	200 жоғары 400 дейін	400 жоғары 600 дейін
I және II	Г, Д	10	10	10	10	15	20	25
I және II	А, Б, В1-В4	10	10	15	20	30	35	40
III	Г, Д	10	10	15	25	35	-	-

III	B1-B4	10	15	20	30	40	-	-
IV және V	Г, Д	10	15	20	30	-	-	-
IV және V	B1-B4	15	20	25	40	-	-	-

## 2-кесте

Ғимараттың отқа төзімділік деңгейі	Жарылыс қауіптілік және өрт қауіптілік бойынша құрылыс санаты	Ғимарат көлемдері жағдайда бір өртке ені 60 м шамды, сондай-ақ шамсыз өндірістік ғимараттарда сыртқы өрт сөндіруге арналған су шығысы, л/с, мың м <sup>3</sup>								
	50-ге дейін	50 жоғары	100 жоғары	200 жоғары	300 жоғары	400 жоғары	500 жоғары	600 жоғары	700 жоғары	800 жоғары
I және II	A, B, B1-B4	20	30	40	50	60	70	80	90	100
I және II	Г, Д	10	15	20	25	30	35	40	45	50

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
6-қосымша

## 1-кесте

### Отқа төзімділік деңгейіне қарай тұрғын үй, қоғамдық, әкімшілік және өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары арасындағы өртке қарсы қашықтық

Ғимарат пен құрылыстың отқа төзімділік деңгейі	Ғимараттың отқа төзімділік деңгейлері кезіндегі ең кіші қашықтық, метрмен		
	I, II	III	IV, V
I, II	6	8	10
III	8	8	10
IV, V	10	10	15

## 2-кесте

### Өнеркәсіптік кәсіпорындардың ғимараттары мен құрылыстары арасындағы отқа төзімділік деңгейіне және жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі бойынша өндіріс санаттарына байланысты өртке қарсы қашықтықтар

Ғимарат пен құрылыстың отқа төзімділік деңгейі	Ғимарат, құрылыстың отқа төзімділік деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, метрмен		
	I, II, IIIa	III	IIIб, IV, IVa, V
I, II, IIIa	9* - жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша A, B және B1 - B4 санатты өндірістермен ғимараттар мен құрылыстар үшін;		12

	Г және Д санатты өндірістермен ғимараттар мен құрылыстар үшін нормаланбайды.	9	
III	9	12	15
IIIб, IV, IVa, V	12	15	18
<p>* Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірісті I, II, IIIа отқа төзімділікті деңгейлі ғимараттар мен құрылыстар үшін көрсетілген қашықтықты мына шарттардың біреуін сақтаған жағдайда 9 м-ден 6 м-ге дейін азайту рұқсат етіледі:</p> <p>1) ғимараттар мен құрылыстар өрт сөндірудің орнықты автомат жүйелерімен жабдықталады;</p> <p>2) В1 - В4 санатты өндірісті ғимараттарда жанғыш заттармен меншікті жүктеу қабаттың 1 м<sup>2</sup> алаңына 10 кг-нан кем немесе тең.</p>			

## Отқа төзімділік деңгейіне қарай ауыл шаруашылық кәсіпорындарының ғимараттары мен құрылыстары арасында өртке қарсы қашықтықтар

### 3-кесте

Ғимарат пен құрылыстың отқа төзімділік деңгейі	Ғимарат, құрылыстың отқа төзімділік деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, метрмен		
	I	II	III, IV, V
II	9* - Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірістермен ғимарат және құрылыс үшін Г және Д санатты өндірісті ғимараттар мен құрылыстар үшін нормаланбайды.	9	12
III	9	12	15
IV, V	12	15	18
<p>* Жарылыс - өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1 - В4 санатты өндірісті II отқа төзімділікті деңгейлі ғимараттар мен құрылыстар үшін көрсетілген қашықтық мына шарттардың біреуін сақтаған жағдайда 9 м-ден 6 м-ге дейін азайту рұқсат етіледі:</p> <p>1) ғимараттар мен құрылыстар өрт сөндірудің автомат өрт дабылымен жабдықталады;</p> <p>2) ғимараттарда жанғыш заттармен меншікті жүктеу қабаттың 1 м<sup>2</sup> алаңына 10 кг-нан кем немесе тең.</p>			

### 4-кесте

Қоймалар	Қ о й м а сыйымдылығы	Ғимарат, ғимараттың отқа төзімділігінің деңгейі жағдайда ең кіші қашықтық, метрмен		
		II	III	IV, V
1. Шөп, сабан, зығыр, кендір, тартылмаған бидай, мақтаны ашық күйде сақтау	Нормаланбайды	30	39	48
2. Темекі және шай жапырақтарын,	25 т дейін	15	18	24

жібек құртын ашық күйде сақтау				
<p>Ескертпелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Материалдарды жабын астына қоймалаған жағдайда көрсетілген қашықтықтарды екі есе кішірейтуге рұқсат етіледі;</li> <li>2. Қашықтықтарды көрсетілген материалдарды орналастыруға (қоймалауға) арналған алаң шектерінен анықтау керек;</li> <li>3. Қоймалардан жарылыс өрт және өрт қауіптілігі бойынша А, Б және В1-В4 санатты өндіріспен қоймалардан ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі қашықтықты 25%-ға арттыру керек.</li> <li>4. Қоймалар мен өзге жанғыш материалдар қоймаларына дейінгі қашықтықты отқа төзімділік деңгейі IV, V ғимараттар, құрылыстарға дейін деп қабылдау керек.</li> <li>5. Ашық сақтау қоймасынан орман шекараларына дейінгі қашықтықтарды 100 м-ден кем деп қабылдау керек.</li> </ol>				

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
7-қосымша

## 1-кесте

### Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймалары аумағындағы ғимараттар мен құрылыстардан көрші объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймаларының ғимараттарымен және құрылыстарымен шектесетін объектінің атауы	Қойма санаты төмендегідей жағдайда мұнай өнімдері қоймаларының ғимараттары мен құрылыстарынан көрші нысандарға дейінгі өртке қарсы қашықтық, м				
	I	II	IIIa	IIIб	IIIв
1. А, Б және В1-В4 санатты көрші өндірістік нысан ғимараттары мен құрылыстары	100	40 (100)	40	40	30
2. Орман алабы:					
Қылқан және аралас текті	100	50	50	50	50
Жапырақ текті	100	100	50	50	50
3. Ағаш материалдары, талшықты	100	100	50		50

заттар, шөп және сабан қоймалары				50	
4. Жалпы желілі темір жолдары (үйме табанынан немесе жиектеме шетіне дейін): Станцияларда Айырым мен платформаларда бекеттерде	150	100	80	60	50
	80	70	60	50	40
	60	50	40	40	30
5. Жалпы желілі автомобиль жолдары (жүру жол шеті): I, II және III санатты IV және V санатты	75	50	45	45	45
	40	30	20	20	15
6. Тұрғын және қоғамдық ғимараттары	200	100 (200)	100	100	100
7. Жалпы арналған авто жағар май құю станцияларының т а р а т у бағаналары	50	30	30	30	30
8. Гараждар мен автомобильдердің ашық тұрақтары	100	40 (100)	40	40	40
9. Қоймаға жатпайтын тазарту канализациялық құрылғылар мен сорғылық станциялар	100	100	40	40	40
10. Қоймаға жатпайтын су құю құрылыстары	200	150	100	75	75
11. Резервуарлық паркке арналған апаттық сыйымдылық (сыйымдылықтар)	60	40	40	40	40

12. Өрт қауіптілігі бойынша АН, БН, ВН және ГН санатты сыртқы қондырғылар	100	100	100	100	100
Ескертпе - Жақша ішінде көрсетілген қашықтықтарды жалпы сыйымдылығы 50 мың м артық ІІ санатты қоймалар үшін қабылдау керек.					

## 2-кесте

### Ғимараттар мен құрылыстардан жанғыш сұйықтықтар қоймаларына дейінгі өртке қарсы қашықтықтар

Қойма сыйымдылығы, м <sup>3</sup>	Ғимараттар мен құрылыстардың отқа төзімділік деңгейі жағдайында қашықтық, м		
	I, II	III	IV, V
100-ге дейін	20	25	30
100 жоғары 800 дейін	30	35	40
800 жоғары 2 000 дейін	40	45	50

Ескертпе: Мектепке дейінгі ұйымдардың, орта білім беру ұйымдарының, интернаттық ұйымдардың, денсаулық сақтау және демалыс ұйымдарының, ойын – сауық мекемелері мен спорт құрылыстарының ғимараттарынан сыйымдылығы 100 м<sup>3</sup> дейінгі қоймаларға дейінгі арақашықтықты екі есе ұлғайтуға, ал сыйымдылығы 100 м<sup>3</sup> асатын қоймаларға дейін-сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдауға жол беріледі.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне 8-қосымша

## 1-кесте

### Автоқуо станциясынан автоқуо станциясының кешеніне жатпайтын ғимараттарға, құрылыстар мен өзге объектілерге дейінгі ең жақын қашықтықтар

**Ескерту. 8-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Оған дейін қашықтық анықталатын объектілер атауы	АЖМС-нан қашықтық, м		
	A түрі	B түрі	C түрі
1. Кәсіпорынның өндірістік, қоймалық және әкімшілік ғимараттары мен құрылыстары (12-жолда көрсетілгеннен басқа):			
отқа төзімділіктің I, II және III-деңгейлері;	12	12	12

Отқа төзімділіктің IV, V-деңгейлері	18	18	18
2. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар, сауда палаткалары мен дүңгіршіктері	50*	50*(25)	50* (25)
3. Адамдар көп жиналатын орындар (жер беті көлігінің аялдамалары, метро станциясынан шығатын орындар, рыноктар)	50	50	50
4. Гараждар мен автомобильдердің ашық тұрақтары	20	20	20
5. Автомобиль жолдары (жүру бөліктерінің шеттеріне дейін):			
I санатты;	25	25	25
өзге санатты	15	15	15
6. Жалпы желілік темір жолдары (үйінді табаны немесе жиек шеті)	25	25	25
7. Қоймалар: ағаш материалдары, талшықты заттар, шөп, сабандар	20	20	20
8. Орман алқабы:			
Қылқан және аралас текті	50	50	50
Жапырақ текті	20	20	20
9. Инженерлік құдықтар: су құбыры, канализация, газ құбыры (1,2 МПа дейінгі қысымды), байланыс, жылу кабельдері	20	20	20
10. АЖМС қатысы жоқ тазартқыш канализациялық құрылыстар мен сорғы станциялары (канализациялық желілер мен оларға қатысты құдықтардан басқа)	20	20	20
11. АЖМС қатысы жоқ су құбыры құрылыстары (су құбыры желілері мен оларға қатысты құдықтардан басқа)	25	25	25
12. Жарылыс - өрт және өрт қауіптілік бойынша А			



, Б және Г санатты сыртқы технологиялық қондырғылар, I және II сыныпты қауіптілікті радиобелсенді және зиянды заттардың болуымен ғимараттар мен құрылыстар және газ жағуға арналған шырақ қондырғылары	100	100	100
13. Көршілес авто жағар май құю станциялары	100	100	100

Ескертпелер:

1. Қашықтықты отын сақтайтын жерасты резервуарларынан, тарату бағандарынан, автоцистернадан төгуге арналған құрылыстан мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары, интернаттық ұйымдар, стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға жер телімдерінің шекараларына дейін немесе тұрғын үй және өзге арналған қоғамдық ғимараттар қабырғаларына дейін анықтау керек.
2. АЖМС-нан электр берудің ауа желілеріне, электр техникалық құрылыстар мен құрылыстарға дейінгі қашықтықтар № 230 бұйрықтың талаптарына сәйкес қабылданады.
3. АЖМС-нан өрт қауіпті материалдар қоймаларынан, технологиялық қондырғылар мен I-кестеде көрсетілмеген өзге нысандарға дейінгі қашықтық белгіленген тәртіпте бекітілген Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелері талаптарына сәйкес анықталады.
4. АЖМС теміржол және автомобиль көпірлері астына және оларға 100 м жақындықта орналастыруға жол берілмейді.
5. Жақша ішінде көрсетілген қашықтықтарды тек жеңіл автомобильдерге қызмет көрсететін АЖМС үшін қабылдау керек.
6. "\*" белгіленген қашықтықтарды толық салмағы 3,5 т артық автокөлік құралдарына қызмет көрсететін АЖМС үшін екі есе арттыру керек.
7. Жер бетілік резервуарлы АЖМС-нан 1, 2, 3, 4, 7, 10, 11 жолдарда көрсетілген нысандарға дейінгі қашықтықты екі есе арттыру керек.

## 2-кесте

### Жер үсті резервуары бар автоқұю станциясының ғимараттары және құрылыстары арасындағы ең қысқа өртке қарсы қашықтықтар

А Ж М С ғимараттары мен құрылыс атаулары	"...атауы" бағанасында жазу тәртібінде сәйкес ғимараттар мен құрылыстар арасындағы ең кіші қашықтық, м				
	1	2	3	4	5
1. Отын сақтау резервуарлары	-	8	-	10	-
2. Отын тарату бағаналары	8	-	8	9	4
3 . Автоцистернала рға арналған алаң	-	8	-	9	-
4. АЖМС операторлығы	10	9	9	-	9



бойынша ІІІа деңгейле р	9	9	9	9	12	9	12	6 9	6 9
Жолаушылар мен жүргіншілерге сервистік қызмет көрсету ғимараттары (сәйкес тауарлар дүкені, кафе, санитарлық торап)									
6. отқа төзімділі ктің І және ІІ деңгейле рі	9 12	12 15	12 15	9	9	6	9	9 15	- 9
7. отқа төзімділі ктің ІІІа деңгейле рі	15	15	15	9	12	9	12	12 15	6 9
8. Мұнай өнімдері мен ластанған атмосфер алық жауын-ш ашынды тазарту құрылғы лары	-	4	-	3 9	6 9	9 15	12 15	-	6
9. Көлік құралдар ының тұрақ алаңы	6	9	9	- 9	6 9	- 9	6 9	6	12

Ескертпе:

1. Қашықтықтар көрсетілген: алымда – жақтаусыз ғимарат қабырғаларына дейін, бөлімде жақтаулы ғимарат қабырғасы. "-" белгіленген қашықтықтар нормаланбайды;
2. Қашықтықтар нормаланбайды:
  - 1) егер өзге ғимарат жағына қаратылған барынша кең ғимарат қабырғасы өртке қарсы болса, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараттары арасында;
  - 2) егер АЖМС қызметкерлеріне арналған ғимаратта жүргізушілерге, жолаушылар мен олардың көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету ғимараты болмаса;
3. Көлік құралдарының тұрағына арналған өлшемдер онда бірдей уақытта 10 көлік құралы болуын қамтамасыз етуі керек. 9-жолда жеңіл мен мотокөліктер тұрақтарына дейін қашықтық көрсетілген. Өзге көлік құралдарының тұрақтарын ұйымдастырған кезде отқа төзімділік бойынша І және ІІ санатты жақтаусыз ғимарат қабырғаларына дейінгі қашықтық кемі 9 м, ал қалған қашықтықтарды 50 % арттыру керек.
4. Трансформатор кіші станциясынан АЖМС ғимараты мен құрылыстарына дейінгі қашықтық № 230 бұйрықтың талаптарына сәйкес қабылданады.
5. Автоматты АЖМС жобалау кезінде отын сақтауға арналған резервуарлар мен ОТБ арасындағы қашықтық нормаланбайды.

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
9-қосымша

**Көлік құралдарын сақтау мен қызмет көрсету орындарына дейін өртке қарсы қашықтықтар**

**Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 29.09.2022 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Оларға дейінгі қашықтық анықталатын ғимарат	Көрші ғимаратқа дейінгі қашықтық, м					
	Жеңіл автомобильдер саны жағдайда гараждар мен ашық тұраққа дейін				Орындар саны жағдайда техникалық қызмет көрсету станциясынан	
	10 дейін	11-50	51-100	101-300	10 дейін	11-30
Тұрғын үйлер :						
Жақтаулы қабырғаға дейін	10(12)	15	25	35	15	25
Тұйық қабырғаға дейін	10(12)	10(12)	15	25	15	25
Қоғамдық ғимарат	10(12)	10(12)	15	25	15	20
Орта білім беру ұйымдары, мектепке дейінгі ұйымдар, интернаттық ұйымдар	15	25	25	50	50	50
Стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдар	25	50	50	50	50	50

Ескертпе: жақшада отқа төзімділік деңгейлері III - IV гараждар үшін мән көрсетілген

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
10-қосымша

1-кесте

**Сұйылтылған табиғи газ резервуарынан бастап көршілес объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар**

Сұйылтылған табиғи газ кешеніне қатысы жоқ нысан атауы	Резервуардан өртке қарсы қашықтық, м (сақтау көлемдері жағдайда, м <sup>3</sup> )											
	Артық қысымды 0,02 МПа						Артық қысымды 0,6 МПа					
	8	16	25	50	100	250	8	16	25	50	100	250
Магистральдық газ құбырларының газ тарату ғимараттары мен құрылыстарына және автомобиль газ толтыратын сығымдағыш станцияларға дейін (оның ішінде магистральдық құбыр жолдары)	8	10	11	14	17	23	19	23	27	34	42	56
Орман алқабына дейін	12	15	18	23	28	37	29	37	42	53	67	88
Өндірістік нысан шекарасына дейін (қорша	13	17	20	25	31	41	33	41	47	59		202



және мұнай өнімдерінің сығым дағыштары мен сорғылық станцияларын а дейін	8	10	12	15	25	33	26	33	38	48	92	256
Жалпы арналған автомобиль жолдарына дейін	8	10	12	15	18	24	19	24	27	34	43	135
Жалпы желілік темір жолдарға дейін	8	10	12	15	18	24	19	24	27	34	62	173

2-кесте

### Сұйылтылған табиғи газ резервуарынан бастап көршілес объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар

Сұйылтылған табиғи газ кешеніне қатысы жоқ нысандар атауы	Резервуардан өртке қарсы қашықтық, м						
	Сыйымдылықта артық қысымды, МПа.	Сыйымдылық көлемі жағдайда, м <sup>3</sup>					
		8	16	25	50	100	250
Магистральдық газ құбырларының газ тарату станциялары мен автомобиль газ толтыратын сығымдағыш станцияларының	0,02	8	10	11	14	17	23
	0,05	10	13	15	19	23	31
	0,10	13	16	18	23	28	38
	0,15	14	17	20	25	31	42
	0,20	15	19	22	27	34	46
	0,25	16	20	23	28	35	47
	0,30	16	20	23	29	37	49
	0,35	17	21	24	30	38	51
	0,40	17	22	25	31	39	52

ғимараттар	0,45	18	22	26	32	40	54
ы мен	0,50	18	23	26	32	41	55
құрылыстар	0,55	18	23	27	33	41	56
ына дейін (	0,60	19	23	27	34	42	56
оның ішінде							
магистральд							
ы қ							
құбыржолда							
ры)							
	0,02	12	15	18	23	28	37
	0,05	17	21	24	29	37	50
	0,10	20	25	29	36	45	59
	0,15	23	28	32	40	50	67
	0,20	24	30	34	43	53	72
Орман	0,25	25	31	36	45	56	75
алқаптарын	0,30	26	32	37	46	58	77
а дейін	0,35	26	33	39	48	59	79
	0,40	28	34	39	49	61	82
	0,45	28	35	40	50	62	84
	0,50	29	36	42	51	64	85
	0,55	29	37	42	53	65	87
	0,60	29	37	42	53	67	88
	0,02	13	17	20	25	31	41
	0,05	18	23	27	33	41	55
	0,10	22	28	32	40	50	66
	0,15	25	31	36	45	55	74
Өндірістік	0,20	27	33	38	48	59	80
нысан	0,25	28	35	40	50	62	83
шекаралары	0,30	29	36	41	52	64	86
на дейін (	0,35	29	37	43	54	66	89
қоршауға	0,40	31	38	44	55	68	92
дейін)	0,45	31	39	45	56	70	94
	0,50	32	40	46	57	71	195
	0,55	33	41	47	59	73	199
	0,60	33	41	47	59	74	202
Жеке тұрған	0,02	13	17	20	25	31	41
ғимараттар,	0,05	18	23	27	33	41	55
ашық	0,10	22	28	32	40	50	82
тарату	0,15	25	31	36	45	55	92
құрылғылар	0,20	27	33	38	48	59	99
ына ,	0,25	28	35	40	50	77	103
кешенді	0,30	29	36	41	52	79	107
және өзге	0,35	29	37	43	54	82	110
тұтынушыл	0,40	31	38	44	55	84	114
арды	0,45	31	39	45	56	86	116
коректендір	0,50	32	40	46	57	88	248
етін электр	0,55	33	41	47	59	90	253
қосалқы	0,60	33	41	47	59	92	256
станциялар							
ына дейін							
	0,02	13	17	20	25	36	48



Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға дейін	0,05	18	23	27	38	48	65
	0,10	22	28	38	46	59	115
	0,15	25	36	42	52	65	129
	0,20	27	38	44	56	70	139
	0,25	28	40	46	59	108	145
	0,30	29	42	48	61	111	150
	0,35	34	43	50	63	114	154
	0,40	36	44	51	65	118	159
	0,45	36	46	53	65	121	163
	0,50	38	46	54	67	123	333
0,55	38	48	55	69	126	340	
0,60	38	48	55	69	128	344	
Гараждар мен автомобильдердің ашық тұрақтарын а дейін	0,02	20	26	30	38	47	63
	0,05	28	35	40	50	62	84
	0,10	33	42	49	60	76	100
	0,15	38	47	54	67	84	112
	0,20	41	50	58	73	90	121
	0,25	42	52	60	76	94	126
	0,30	44	54	62	78	97	130
	0,35	44	55	65	81	100	134
	0,40	46	57	66	83	103	138
	0,45	47	59	68	85	105	141
0,50	49	60	70	86	108	195	
0,55	49	62	71	89	110	199	
0,60	50	62	71	89	112	202	
Мұнай және мұнай өнімдерінің қоймаларына, магистральдық газ және мұнай өнімдері құбырларының сығымдағыш және сорғылық станцияларына дейін	0,02	8	10	12	15	25	33
	0,05	11	14	16	26	33	45
	0,10	13	16	26	32	40	82
	0,15	15	25	29	36	45	92
	0,20	16	26	31	39	48	99
	0,25	16	28	32	40	77	103
	0,30	17	29	33	42	79	107
	0,35	23	29	35	43	82	110
	0,40	25	30	35	44	84	114
	0,45	25	32	36	45	86	116
0,50	26	32	37	46	88	248	
0,55	26	33	38	47	90	253	
0,60	26	33	38	48	92	256	
Жалпы арналған автомобиль жолдарына дейін	0,02	8	10	12	15	18	24
	0,05	11	14	16	19	24	32
	0,10	13	16	19	23	29	38
	0,15	15	18	21	26	32	44
	0,20	16	19	22	28	34	50
	0,25	16	20	23	29	36	53
	0,30	17	21	24	30	37	57
	0,35	17	21	25	31	38	59
0,40	18	22	25	32	39	63	
0,45	18	23	26	32	40	65	

	0,50	19	23	27	33	41	129
	0,55	19	24	27	34	42	133
	0,60	19	24	27	34	43	135
Жалпы желінің темір жолдарына дейін	0,02	8	10	12	15	18	24
	0,05	11	14	16	19	24	32
	0,10	13	16	19	23	29	52
	0,15	15	18	21	26	32	62
	0,20	16	19	22	28	34	69
	0,25	16	20	23	29	47	74
	0,30	17	21	24	30	49	78
	0,35	17	21	25	31	52	82
	0,40	18	22	25	32	54	86
	0,45	18	23	26	32	56	89
	0,50	19	23	27	33	58	166
	0,55	19	24	27	34	60	170
	0,60	19	24	27	34	62	173

3-кесте

**Қойма аумағында орналасатын сұйылтылған көмірсутекті газдардың резервуарларынан бастап қойма құрамына кіретін, сондай-ақ оның аумағынан тыс орналасқан басқа объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар**

Ғимарат пен құрылыс атауы	Өртке қарсы қашықтықтар, м			
	Жартылай изотермиялықты қоса қысым астындағы жер бетілік резервуарлар	Қысым астындағы жер асты резервуарлары	Изотермиялық жер беті резервуарлары	Изотермиялық жер асты резервуарлары
Трамвай және троллейбус желілері	100	75	100	75
, жалпы пайдаланылатын темір жолдар	Газбен қамтамасыз ету нысандарына арналған техникалық регламенттер талаптарына сәйкес			
Жалпы пайдаланылатын автомобиль жолдары	50	50	50	50
	Газбен қамтамасыз ету нысандарына арналған техникалық регламенттер талаптарына сәйкес			
Жоғары кернеулі электр беру (ауа) желілері (илеу табанынан)	Тіреу биіктігінен кемі 1,5			
Жапсарлас ұйымдар шекаралары (коршауға дейін)	300	250	300	200
Тұрғын үй қоғамдық ғимараттар	Санитарлық-қорғау аймағы шегінен тыс, бірақ кемі			
	500	300	500	300
ТЭЦ	200	200	200	200

Ағаш материалдары мен қатты отын қоймалары	200	150	200	150
Қылқан текті орман алқабы (ұйым не қойма қоршауынан)	100	75	100	75
Жапырақ текті орман алқабы (ұйым не қойма қоршауынан)	20	20	20	20

4-кесте

**Тауарлық-шикізат базасының құрамына кіретін сұйылтылған көмірсутекті газдар қоймалары резервуарларынан бастап басқа объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар**

Ғимарат пен құрылыс атауы	Өртке қарсы қашықтықтар, м			
	қысым астындағы жер бетілік резервуарлар	Қысым астындағы жер асты резервуарлары	Изотермиялық жер беті резервуарлары	Изотермиялық жер асты резервуарлары
Көліктік троллейбус желілері, жалпы пайдаланылатын темір жолдар мен автожолдар	100	50	100	50
электр беру (ауа) желілері	Газбен қамтамасыз ету нысандарына арналған техникалық регламенттер талаптарына сәйкес			
Магистральдық газ-және өнім құбырлары	Тіреу биіктігінен кемі 1,5			
Өндірістік, қоймалық, шикізат және тауар қоймаларының қосалқы аймақ ғимараттары мен құрылыстары	Газбен қамтамасыз ету нысандарына арналған техникалық регламенттер талаптарына сәйкес және газ өнімдері құбырының санатына қарай өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша			
Ұйымның завод алды аймақ (әкімшілік) ғимараты	300	250	300	200
Шырақ қондырғысы	500	300	500	300
Жапсарлас ұйым шекаралары (қоршауға дейін)	200	100	200	100
Жапсарлас ұйым шекаралары (қоршауға дейін)	300	200	300	200
Тұрғын және қоғамдық құрылыстар	Санитарлық-қорғаныс аймағы шегінен тыс, бірақ кемі:			
	500	300	500	300
ТЭЦ	300	200	300	200



автомобильдеріне ашық тұрақтар; жеке тұрған тұрғын және қоғамдық ғимараттар, жалпы желілі темір жол және автомобиль көпірлері; электр берудің ауа желілері	100	150	200	250	300	350	75	125	75	100	150	200
--	-----	-----	-----	-----	-----	-----	----	-----	----	-----	-----	-----

2-кесте

**Сұйылтылған көмірсутекті газдардың резервуарлық қондырғыларынан объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар**

Ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар	Жарықта резервуардан қашықтық, м						Буландыру не топтық баллон қондырғысынан қашықтық, м
	Жер бетілік			жерасты			
	Қондырғыда резервуардың жалпы сыйымдылығы жағдайда, м						
	5 дейін	5-10	10-20	10 дейін	10-20	20-50	
1. Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар	40	50 1)	60 1)	15	20	30	25
2. Тұрғын үй ғимараттары	20	30 1)	40 1)	10	15	20	12
3. Балалар және спорт алаңдары, гараждар (							

резервуар қондырғы ы н а н коршаулар)	20	25	30	10	10	10	10
4 . Өндірістік ғимараттар ( өнеркәсіпті к, ауыл шаруашылы қ кәсіпорынд ар мен өндірістік сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорынд ары)	15	20	25	8	10	15	12
5 . Канализаци я , жылутрасса сы (жерасты )	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5
6 . Резервуарл ы қ қондырғыға қатысы жоқ жер бетілік құрылыстар м е н коммуникац иялар ( ) эстакада, жылу трассасы)	5	5	5	5	5	5	5
7. Су құбыры және арнасыз өзге коммуникац иялар	2	2	2	2	2	2	2
8. Жерасты коммуникац иялар құқықтары	5	5	5	5	5	5	5

9. Жалпы желілік темір жолдар (үйінді табанына немесе резервуар жағынан жиектеме шетіне дейін)	25	30	40	20	25	30	20
10. Өнеркәсіптік кәсіпорын темір жолдарының әкелу жолдары, трамвай жолдары (жол осіне дейін), I-III санатты автомобиль жолдары (өту жолының шетіне дейін)	20	20	20	10	10	10	10
11. IV және V санатты автомобиль жолдары (өту бөлігінің шетіне дейін) және кәсіпорындар	10	10	10	5	5	5	5
12. Электр беру желілері, трансформаторлық қосалқы станциялар, тарату қосалқы станциялары	№ 230 бұйрықтың талаптарына сәйкес						
1) - кәсіпорынның резервуарлық қондырғысынан қондырғымен қызмет көрсетілмейтін ғимарат пен құрылысқа дейінгі қашықтық							

3-кесте

**Сұйылтылған көмірсутекті газдардың резервуарлық қондырғыларынан объектілерге дейінгі өртке қарсы қашықтықтар**

Ғимарат, құрылыс және коммуникациялар	СКГ резервуарларынан қашықтық, м									СКГ пайдаланылатын ұйымдар, қондырғыдан қашықтық, м	Жалпы сыйымдылықты толтырылған баллон қоймасынан қашықтық, м <sup>3</sup>	
	Жер бетілік резервуарлар					Жерасты резервуарлары						
	Жалпы сыйымдылығы жағдайда, м <sup>3</sup>											
	20-50	51-200	51-500	201-8000	51-200	51-500	201-8000					
	Бір резервуарның ең жоғарғы сыйымдылығы, м <sup>3</sup>											
25-ке дейін	25	50	100	101-600	25	50	100	101-600		>20	<20	
Тұрғын үй, әкімшілік, тұрмыстық, өндірістік ғимараттар, қазандық, гараж және ашық тұрақтар ғимараттары 1)	70 (30)	80 (50)	150 (110)2	200	300	40 (25)	75 (55)2	100	150	50	50 (20)	100 (30)
Жер бетілік құрылыстар мен коммуникациялар (эстакада, жылу трассалары), тұрғын үй ғимара	30 (15)	30 (20)	40 (30)	40 (30)	40 (30)	20 (15)	25 (15)	25 (15)	25 (15)	30	20 (15)	





рының кіреберіс жолдары, трамвай жолдары, IV - V санатты автомобиль жолдары	30 (20)	303) (20)	403) (30)	40 (30)	40 (30)	203) (15)3)	253) (15)3)	25 (15)	25 (15)	30	20 (20)	20 (20)
---	------------	--------------	--------------	------------	------------	----------------	----------------	------------	------------	----	------------	------------

1) - тұрғын және қоғамдық ғимараттан қашықтықты жеке алаңда орналасқан сұйылтылған көмірсутекті газдар үшін көрсетілгеннен кем емес деп, ал әкімшілік, тұрмыстық, өндірістік ғимараттардан, қазандық, гараж ғимараттарынан жақшада көрсетілген мәндер бойынша деп қабылдау керек;

2) - 200 м<sup>3</sup> дейінгі жалпы сыйымдылықты газ толтыру станциялары резервуарларынан жер бетілік орындалғанға 70 м, жерасты - 35 м, ал сыйымдылығы 300 м<sup>3</sup> жағдайда - сәйкес қашықтықты 90 м және 45 м азайту рұқсат етіледі.

3) - темір және автомобиль жолдарынан жалпы сыйымдылығы 200 м<sup>3</sup> артық емес сұйылтылған көмірсутекті газ резервуарларына дейін жер бетілік орындауда 75 м-ге дейін және жерастылық орындауда 50 м-ге дейін азайту рұқсат етіледі. Кіреберіс, кәсіпорын аумағынан тыс өтетін трамвай жолдарынан жалпы сыйымдылығы 100 м артық емес сұйылтылған көмірсутекті газдар резервуарларына дейін жер бетілік орындауда 20 м-ге дейін және жерастылық орындауда 15 м-ге дейін азайту, ал жолдардың кәсіпорын аумағы бойынша өткені жағдайда осы қашықтықтар резервуарлардың жерастылық орындалуы жағдайда 10 м-ге дейін қысқаруы рұқсат етіледі.

Өнеркәсіптік кәсіпорын аумағында орналасқан сұйылтылған көмірсутекті газ резервуарларынан және толтырылған баллон қоймаларынан, сондай-ақ толтырылған баллон қоймасынан өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен өндірістік сипаттағы тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының ғимараттарына дейін жақшада берілген мәндер бойынша қабылдау керек.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне 12-қосымша

### Тамбур-шлюз элементтеріне қойылатын талаптар

Тамбур-шлюз түрі	Тамбур-шлюз элементтерінің түрлері		
	Қалқаншалар	Жабындар	Жақтаулар толтыру
1	1	3	2
2	2	4	3

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне 13-қосымша

### Құрылыс материалдарының өрт қауіптілік көрсеткіштері

--	--

Құрылыс материалдарының мақсаты	Құрылыс материалдарының мақсатына қарай қажетті көрсеткіштер тізілімі				
	Жанғыштық тобы	Жалын таралу тобы	Жалындау тобы	Түтін түзу қасиеті бойынша топ	Жанған өнімдер уыттылығы бойынша топ
Қабырға мен төбеге арналған өрлеу және қаптау материалдары, оның ішінде бояу, эмаль, лак жабындары	+	-	+	+	+
Еден жабуға арналған материалдар	+	+	+	+	+
Еденге кілем жабындары	-	+	+	+	+
Төбе жабатын материалдар	+	+	+	-	-
Қалыңдығы 0,2 мм артық гидроокшаулау және бу окшаулау материалдары	+	-	+	-	-
Жылу окшаулау материалдары	+	-	+	+	+

Ескертпелер:

- "+" белгісі көрсеткішті міндетті қолдануды білдіреді, "-" белгісі қолдану көрсеткішіне жол берілмейді.
- Жабынның беткі қабаты үшін гидроокшаулау материалдарын қолданған жағдайда олардың өрт қауіптілігінің көрсеткіштері "жабын материалдары" бағанасы бойынша анықталады.

"Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
14-қосымша

1-кесте

### Эвакуациялау жолдарында әсемдік-өрлеу қаптау материалдары мен еден жабындарын қолдану саласы

Ғимараттың функционалдық өрт қауіптілігі сыныбы (топшасы)	Қабаттық (ғимарат биіктігі)	Материалдың өрт қауіптілігі сыныбы, артық емес			
		Қабырға мен төбе үшін		Еден жабыны үшін	
		Вестибюль, саты шабағы, лифт холлдары	Жалпы дәліз, холлдар, фойе	Вестибюль, саты шабағы, лифт холлдары	Жалпы дәліз, холлдар, фойе
Ф1.2 Ф1.3; Ф2.3 Ф 2.4;	9-ға дейін (28 м артық емес)	КМ2	КМ3	КМ3	КМ4
Ф3.1 Ф3.2; Ф3.6 Ф4.2; Ф4.3 Ф4.4	9-17 (28 м - 50 м )	КМ1	КМ2	КМ2	КМ3

Ф5.1 Ф5.2; Ф 5.3	17 - артық (50 м артық)	КМ0	КМ1	КМ1	КМ2
Ф1.1; Ф2.1; Ф2.2; Ф3.3; Ф3.4; Ф 3.5; Ф 4.1	Қабат пен биіктікке қарамастан	КМ0	КМ1	КМ1	КМ2

2-кесте

### Залда әсемдік-әрлеу қаптау материалдары мен еден жабындарын қолдану саласы

Ғимараттың функционалдық өрт қауіптілік сыныбы (топшасы)	Зал құрылысының сыйымдылығы, адам	Материалдың өрт қауіптілігі сыныбы, артық емес	
		Қабырға мен төбе үшін	Еден жабыны үшін
Ф1.2	800-ден артық	КМ0	КМ2
Ф2.3 Ф2.4;	300 - 800	КМ1	КМ2
Ф3.1 Ф3.2;	50 - 300	КМ2	КМ3
Ф3.6 Ф4.2;	50-ге дейін	КМ3	КМ4
Ф4.3 Ф4.4 Ф5.1			
Ф1.1; Ф2.1;	300-ден артық	КМ0	КМ2
Ф2.2; Ф3.3;	15-300	КМ1	КМ2
Ф 3.4; Ф3.5;	15-ке дейін	КМ3	КМ4
Ф 4.1			

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне  
15-қосымша

1-кесте

### Заттар мен материалдардың жарылыс-өрт және өрт қауіптілігі көрсеткіштері

Көрсеткіштің атауы	Өр түрлі агрегаттық күйдегі заттар мен материалдар			Шаң тозаңдар
	Газ тәрізді	Сұйық	Қатты	
1. Қауіпсіз эксперименталды ең үлкен саңылау, мм	+	+	-	+
2. Жанғыш салмақтық бірлігі болатын уытты өнімдерді бөлу, кг/кг	-	+	+	-
3. Тұтанғыштық тобы	-	-	+	-
4. Жанғыш тобы	+	+	+	+
5. Жалынның таралу тобы	-	-	+	-
	-	+		-

6. Түтін туғызу коэффициенті, ( $\text{м}^2 / \text{кг}$ )			+	
7. Жалынның таралу қабілеттілігі	+	+	+	+
8. Жарылғыш өрт қауіптілігі индексі, $\text{Па} \cdot \text{м}/\text{с}$	+	-	-	+
9. Жалынның таралу индексі	-	-	+	-
10. Оттек индексі, %	-	-	+	-
11. Газдардағы және булардағы (%), шаң-тозаңдардағы ( $\text{кг}/\text{м}^3$ ) жалын (тұтану) таралуының концентрациялық шектері	+	+	-	+
12. Ауадағы газ қоспаларының диффузиялық жануының концентрациялық шегі, %	+	+	-	-
13. Жылу ағынының сындық беттік тығыздығы, $\text{Вт}/\text{м}^2$	-	+	+	-
14. Жалын таралуының сызықтық жылдамдығы, $\text{м}/\text{с}$	-	-	+	-
15. Жанғыш сұйықтықтың бетімен жалын таралуының ең жоғары жылдамдығы, $\text{м}/\text{с}$	-	+	-	-
16. Жарылудың ең жоғары қысымы, $\text{Па}$	+	+	-	+
17. Газ тәрізді флегматизатордың ең үлкен флегматизация концентрациясы, %	+	+	-	+
18. Тұтанудың минимальдық энергиясы, Дж	+	+	-	+
19. Оттектің минимальдық				

жарылу қауіптілігі құрамы, %	+	+	-	+
20. Жанудың төменгі жұмыс жылулығы, кДж/кг	+	+	+	-
21. Жалын таралуының қалыпты жылдамдығы, м/с	+	+	-	-
22. Жанатын өнімдердің уыттылық көрсеткіші, г/м <sup>3</sup>	+	+	+	+
23. Жанғыш салмақтық бірлігінде оттекті тұтыну, кг/кг	-	+	+	-
24. Диффузиялық шамшырақ өшуінің шекті жылдамдығы, м/с	+	+	-	-
25. Жарылу қысымының өсу жылдамдығы, МПа/с	+	+	-	+
26. Сумен, ауа оттегімен және басқа да заттармен өзара әрекет кезінде жану қабілеттілігі	+	+	+	+
27. Адиабаталық сығу кезінде тұтану қабілеттілігі	+	+	-	-
28. Өздігінен жану қабілеттілігі	-	-	+	+
29. Экзотермикалық ыдырау қабілеттілігі	+	+	+	+
30. Тұтану температурасы, °С	-	+	+	+
31. От алу температурасы, °С	-	+	-	-
32. Өздігінен тұтану температурасы, °С	+	+	+	+
33. Бұзылу температурасы, °С	-	-	+	+
34. Жалын (тұтану) таралуының				

температуралық шегі, °С	-	+	-	-
35. Жанып кетудің меншікті салмақтық жылдамдығы, кг/(м <sup>2</sup> * с)	-	+	+	-
36. Жанудың меншікті жылулығы, Дж/кг	+	+	+	+

2-кесте

## Жанатын өнімдердің уытты көрсеткіштердің мәні бойынша жанатын құрылыс материалдарының жіктелуі

Қауіптілік сыныбы	Тізілу тәртібі уақытына қарай жанатын (г/м <sup>3</sup> ) өнімдердің уыттылық көрсеткіші, мин			
	5	15	30	60
T1 (қауіптілігі аз)	210 артық	150 артық	120 артық	90 артық
T2 (қауіптілігі орташа)	70 артық, 210 артық емес	50 артық, 150 артық емес	40 артық, 120 артық емес	30 артық 90 артық емес
T3 (қауіптілігі жоғары)	25 артық, 70 артық емес	17 артық, 50 артық емес	13 артық, 40 артық емес	10 артық, 30 артық емес
T4 (төтенше қауіптілік)	25 артық емес	17 артық емес	13 артық емес	10 артық емес

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне  
16-қосымша

## Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылыстардың және сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау әдістері

### 1-тарау. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары

1. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша үй-жайлардың санаттары 1-кесте бойынша қабылданады.

1-кесте

Үй-жайлар санаты	Үй-жайда тұратын (пайда болатын) заттар мен материалдардың сипаттамасы
A (жарылу қауіптілігі жоғары)	Тұтану температурасы 28 °С артық емес сұйықтықта жеңіл тұтанатын жанғыш газдар сондай мөлшерде жарылуға қауіпті булы-газды-ауа қоспаларын туғыза алады, олар тұтану кезінде 5 кПа асатын үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы өседі. Сумен, ауа оттегімен немесе бір-бірімен өзара әрекет кезінде жарылуға және

	жануға қабілетті заттар мен материалдар сондай мөлшерде үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы 5 кПа артады.
Б (жарылу өрт қауіптілігі)	Тұтану температурасы 28 ° С артық сұйықтықта жеңіл тұтанатын жанғыш шаң-тозаңдар мен талшықтар, жанатын сұйықтықтар сондай мөлшерде жарылуға қауіпті шаңды ауа немесе булы ауа қоспаларын туғыза алады, олар тұтану кезінде 5 кПа асатын үй-жайларда жарылудың есептік артық қысымы өседі.
В1-В4 (өрт қауіптілігі)	Жанатын және аздап жанатын сұйықтықтар, қатты жанатын және аздап жанатын заттар мен материалдар (оның ішінде шаң-тозаңдар мен талшықтар), сумен, ауа оттегімен немесе олар үй-жайларда болған жағдайда немесе А не Б санаттарына жатпайтын жағдайда бір-бірімен жанатын өзара әрекет кезінде қабілетті заттар мен материалдар
Г (өрт қауіптілігі орташа)	Қыздырылған немесе балкытылған күйдегі ыстықта жанбайтын заттар мен материалдар, оларды өңдеу процесі сәулелі жылуды, ұшқындар мен жалындарды бөле отырып қоса жүргізіледі; жанатын газдарды, сұйық және қатты заттарды жағады немесе отын ретінде кәдеге жаратады.
Д (өрт қауіптілігі орташа)	Суық күйде жанбайтын заттар мен материалдар (өрт қауіптілігі төмен)

2. Үй-жайлар санаттары (А) жоғары (Д) төменгі санаттарға үй-жайлар керек-жарақтарын дәйекті түрде тексеру арқылы анықталады.

3. Жарылу қауіптілігі мен өрт қауіптілігі бойынша (В1 - В4) үй-жайларының өрт қауіптілігі санатын анықтау 2-кестеде келтірілген меншікті өрт сөндіру жүктемесінің шамасы болатын учаскелердің кез келгеніне уақытша меншікті өрт сөндіру жүктемесінің (бұдан әрі мәтін бойынша - өрт сөндіру жүктемесі) ең үлкен мәнін салыстыру арқылы жүзеге асады.

#### 2-кесте

Үй-жайлар санаты	Учаскедегі меншікті өрт сөндіру жүктемесі (g), МДж/м <sup>2</sup>	Орналастыру тәсілі
В1	2200 артық	Нормаланбайды
В2	1401 бастап 2200 дейін	22-тармақ талаптарына сәйкес әдістемелер
В3	181 бастап 1400 дейін	22-тармақ талаптарына сәйкес әдістемелер
В4	1 бастап 180 дейін	ауданы 10 м <sup>2</sup> болатын үй-жай еденінің кез келген учаскесінде

## 2-тарау. Үй-жайлардың жарылу - өрт қауіптілігі критерийін есептеу әдістері

### 1-параграф. Есептеу нұсқасын таңдау және негіздемесі



4. Есептеу ретінде жарылу - өрт қауіптілігі критерийінің мәндерін есептеу кезінде апаттың жағымсыз нұсқаларын немесе аппараттардың қалыпты жұмысы кезеңіндегі жарылыста көп мөлшерде заттар немесе материалдар болатын, жарылыс салдарына қатысты қауіпті кезеңді таңдау керек.

Егер есептеу әдістерін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің негізінде жарылу-өрт қауіптілігі критерийілерінің мәндерін анықтауға рұқсат етіледі.

5. Жарылуға қауіпті газды ауа немесе булы ауа қоспаларын туғыза алатын үй-жайларға кірген заттардың мөлшері мына алғышарттарға негізделе отырып анықталады:

1) осы қосымшаның 4-тармағы бойынша аппараттардың біреуінің есептік апаты болады;

2) аппарат ішіндегісінің барлығы үй-жайға кіреді;

3) құбыржолдарды ажыратуға қажетті уақыт ішінде тура және кері ағындар бойынша қоректендіретін аппарат құбыржолдарынан алынған заттардың кемуі бір мезгілде болады.

Құбыржолдарды ажыратудың есептік уақыты нақты жағдайларға негізделе отырып, әр нақты жағдайда анықталады және тиектеу құрылғысына, технологиялық процестің сипатына және есептік апаттың түріне арналған паспорттық деректерді ескере отырып қысқа болуы тиіс.

Құбыржолдарды ажыратудың есептік уақытын тең қабылдау керек:

егер автомат жүйесінің жұмыс істемеу ықтималдығы оның элементтерінің сақталу қамтамасыз етілген жағдайда, құрылғының паспорттық деректеріне сәйкес құбыржолдарды ажырату автомат жүйесінің жұмыс істеу уақыты;

егер автомат жүйесінің жұмыс істемеу ықтималдығы оның элементтерінің сақталу қамтамасыз етілген жағдайда 120 с;

қолмен ажырату кезінде 300 с.

Құбыржолдарды ажыратуға арналған техникалық құралдар үшін ажырату уақыты жоғарыдан келтірілген мәндерден артқан жағдайда оларды пайдалануға жол берілмейді

Жылдам әрекет ететін айырғыш-клапандар электрімен жабдықтау бұзылуы кезінде газ немесе сұйықтық беруді автоматты түрде бөгеуге тиіс.

Ерекше жағдайларда құбыржолдарды ажырату уақытының жоғарыда келтірілген мәндерінің артуы белгіленген тәртіппен рұқсат етіледі.

4) бөлінген сұйық бетінен булану: еденге құю кезінде булану ауданы: 70 % және одан кем ерітінділері болатын (салмағы бойынша) 1 л қоспалар мен ерітінділер үй-жайлардың 0,5 м<sup>2</sup> жеріне, ал қалған сұйықтықтар 1 м<sup>2</sup> еденге құйылады деген есептеуге негізделе отырып (анықтамалық деректер болмаған кезде) анықталады;

5) сондай-ақ ашық айнамен пайдаланылатын сыйымдылықтың және беті жаңа боялған сұйықтықтың булануы болады;

6) сұйықтықтың булану ұзақтығы 60 мин артық емес, оның толық булану уақытына тең қабылданады.

6. Жарылуға қауіпті қоспа туғыза алатын шаң-тозаң мөлшері:

1) жұмыстың қалыпты режимі шарттарында болатын өндірістік үй-жайларда шаңының жиналуынан болған есептік апат кезіндегі;

2) технологиялық аппараттардың біреуінің жоспарлық (жөндеу жұмыстары) немесе кенет разгерметизация болатын, кейіннен аппараттағы барлық шаңнан үй-жайларда апаттың шығуын туғызатын есептік апат кезіндегі алғышарттармен анықталады.

Ескертпе: "уақытша жұмыс істеу" және "уақытша ажырату" деп үй-жайға құбыржолдан (перфорация, үзіліс, номиналды қысымның өзгеруі) жанатын заттардың кіруі басталғаннан газ немесе сұйықтықтың кіруі толық тоқталғанға дейінгі уақыт аралығын айтады.

7. Үй-жайлардың бос орны үй-жайлар ауданы мен ондағы технологиялық жабдықтардың алатын ауданы арасындағы айырмашылығы сияқты анықталады. Егер үй-жайлардың бос орнын анықтауға мүмкін болмаған жағдайда, онда үй-жайлардың геометриялық көлемінің 80% тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

## **2-параграф. Жанатын газдар, жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтық булары үшін жарылудың артық қысымын есептеу**

8. С, Н, О, N, Cl, Br, I, F атомдардан тұратын дербес жанатын заттар үшін жарылудың

$\Delta$

P артық қысымы мына формула арқылы есептеледі

$$\Delta P = (P_{\max} - P_0) \frac{mZ 100 1}{V_{ce} \rho_{z,n} C_{cm} K_n} \quad (1)$$

мұндағы  $P_{\max}$  - экспериментальды анықталатын тұйық көлемдегі стехиометриялық газды ауа немесе булы ауа қоспалары жарылуының ең жоғары қысымы. Берілген мәндері болмаған жағдайда  $P_{\max}$  мәні 900 кПа тең қабылдауға рұқсат етіледі;

$P_0$  - бастапқы қысымы, кПа (101 кПа тең деп қабылдауға рұқсат етіледі);

m - ЖГ үшін (6) формула бойынша, ал ЖТС және ЖС булары үшін (11) формула бойынша есептелетін үй-жайлардағы есептік апат нәтижесінде алынған жанатын газдың (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖГ) немесе жеңіл тұтанатын (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖТС) және жанатын сұйықтықтар (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖС) салмағы), кг;

Z - осы қосымшаның 6-бөлімінде келтірілген әдістемеге сәйкес үй-жайлар көлемінде газдар мен буларды тарату сипаты негізінде анықталуы мүмкін жарылыста болатын жанатын газ коэффициенті. Z мәнін 3-кесте бойынша қабылдауға рұқсат етіледі;

$V_{CB}$  - үй-жайлардың бос орны, м<sup>3</sup> ;

$r_{z'n}$  -  $t_p$  есептік температурасы кезінде газдың немесе будың тығыздығы мына формула бойынша анықталады, кг/м<sup>3</sup>

$$\rho_{z,n} = \frac{M}{V_0(1+0,00367t_p)}, \quad (2)$$

мұндағы M – молярлық массасы, кг/кмоль;

$V_0$  - 22,413 м<sup>3</sup> /кмоль тең мольдік көлемі;

$t_p$  - есептік температурасы, °C.

Ескертпе: есептік температура ретінде тиісті климаттық аймақтағы үй-жайлардағы ауа температурасының мүмкіндігінше ең жоғары температурасын немесе апаттық жағдайда температураның артуын ескере отырып, техникалық регламент бойынша ауа температурасының мүмкіндігінше ең жоғары температурасын қабылдау керек.

Егер есептік  $t_p$  температурасының мәні қандай да бір себептермен анықталмаған жағдайда, оны 61°C тең деп қабылдауға рұқсат етіледі;

$C_{ст}$  - ЖГ стехиометриялық концентрациясы немесе ЖТС және ЖС булары % (айн) мына формула бойынша анықталады.

$$C_{ст} = \frac{100}{1+4,84\beta}, \quad (3)$$

$$\beta = n_C + \frac{n_H + n_X}{4} - \frac{n_O}{2}$$

мұндағы - жану реакциясындағы оттектің стехиометриялық коэффициенті;

$n_C, n_H, n_O, n_X$  - C, H, O атомдарының және жанатын молекуладағы галоидтардың саны;

$K_H$  - үй-жайлардың қымталмағандығы және жану процесінің адиабаталығы ескерілетін коэффициент.  $K_H$  мәні 3 тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

3-кесте

Жанатын заттың түрі	Z мәні
Сутегі	1,0
Жанатын газдар (сутектен басқа)	0,5
Тұтану температурасына дейін және одан жоғары температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0,3

Аэрозоль туғызу мүмкіндігі болған жағдайда, тұтану температурасынан төмен температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0,3
Аэрозоль туғызу мүмкіндігі болмаған жағдайда, тұтану температурасынан төмен температурада қыздырылған жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтықтар	0

9. Осы қосымшаның 8-тармағында келтірілген жеке заттар, сондай-ақ қоспалар үшін DP есептеуі мына формула бойынша орындалуы мүмкін.

$$\Delta P = \frac{mH_T P_0 Z}{V_{ce} \rho_e C_p T_0 K_H} \cdot 1, \quad (4)$$

мұндағы  $H_T$  - жану жылулығы, Дж/кг;

$\rho_B$  - бастапқы  $T_0$ , температура кезіндегі жарылуға дейінгі ауаның тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>

$C_p$  - ауаның жылу сыйымдылығы, Дж/кгК ( $1,01 \cdot 10^3$  Дж/кг\*К тең деп қабылдауға рұқсат етіледі);

$T_0$  - ауаның бастапқы температурасы, К.

10. Үй-жайларда (1) және (4) формулаға кіретін  $m$  массасының мәнін анықтау кезінде жанатын газдардың, жеңіл тұтанатын немесе жанатын сұйықтықтардың айналысы жағдайында, егер апаттық желдеткіш резервтік желдеткішпен, жарылуға қауіпті концентрациясының рұқсат етілетін шегі артқан кезде автоматты іске қосушымен және апат болуы мүмкін жерге тікелей жақын үй-жайлардың ауасын ауыстырып тұруға арналған құрылғы орналасқан жағдайда, "Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын орналастыру ережесі" талаптарына сәйкес беріктіктің бірінші санаты бойынша электр жабдығымен қамтамасыз етілген жағдайда, апаттық желдеткіш жұмыстарын ескеруге рұқсат етіледі.

Мұндайда үй-жай ауданына кіретін тұтану температурасына және одан жоғары температураға дейін қыздырылған жанатын газдардың немесе жеңіл тұтанатын немесе жанатын сұйықтық буларының  $m$  салмағы мына формула бойынша анықталатын  $K$  коэффициентіне бөлінуі керек.

$$K = AT + 1 \quad (5)$$

мұндағы  $A$  - апаттық желдеткішті құратын ауа алмастырғыштың еселігі, 1/с;

$T$  - үй-жайлар ауданына жанатын газдардың және жеңіл тұтанатын және жанатын сұйықтық булардың кіру ұзақтығы, с (осы қосымшаның 5-тармақ бойынша қабылданады).

11. Есептік апат кезінде үй-жайға кірген газдың  $m$  салмағы мына формула бойынша анықталады, кг

$$m = (V_a + V_T) \rho^T, \quad (6)$$

мұндағы  $V_a$  - аппараттан шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>;

$V_T$  - құбыржолдардан шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>.

Демек

$$V_a = 0,01 P_1 V, \quad (7)$$

мұндағы  $P_1$  - аппараттағы қысымы, кПа;

$V$  - аппараттың көлемі, м<sup>3</sup>;

$$V_T = V_{1T} + V_{2T} \quad (8)$$

мұндағы  $V_{1T}$  - ажыратылғанға дейінгі құбыржолдан шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>;

$V_{2T}$  - ажыратылғаннан кейін шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>;

$$V_{1T} = qT \quad (9)$$

мұндағы  $q$  - құбыржолдағы қысымға, оның диаметріне, газдық орта температурасына байланысты технологиялық регламентке сәйкес анықталатын газдың шығыны, м<sup>3</sup>/с;

$T$  – 5-тармақ бойынша анықталатын уақыт, с;

$$V_{2T} = 0,01 p P_2 (r_1^2 L_1 + r_2^2 L_2 + \dots + r_n^2 L_n) \quad (10)$$

мұндағы  $P_2$  - технологиялық регламент бойынша құбыржолдағы ең жоғары қысымы, кПа;

$r$  - құбыржолдардың ішкі радиусы, м;

$L$  - апаттық аппараттан ысырмаға дейін құбыржолдардың ұзындығы, м.

12. Бірнеше булану көздері болған кезде үй-жайға кірген сұйықтық буларының  $m$  салмағы (сұйықтық құйылған беті, сұйық құрамы жағылған беті, ашық ыдыстар) мына өрнек бойынша анықталады.

$$m = m_p + m_{емк} + m_{св'окр} \quad (11)$$

мұндағы  $m_p$  - сұйық жайылған беттен буланған сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{емк}$  - ашық ыдыс бетінен буланған сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{св'окр}$  - қолданылатын құрам құйылған беттен буланған сұйықтықтың салмағы, кг.

Мұндайда (11) формуладағы қосылғыштардың әрқайсысы мына формула бойынша анықталады

$$m = W F_{и} T, \quad (12)$$

мұндағы  $W$  - булану қарқындылығы, кг/с\*м<sup>2</sup> ;

$F_{и}$  -  $m_n$ , үй-жайға шыққан сұйықтықтың салмағына қарай 5-тармағына сәйкес анықталатын булану ауданы, м<sup>2</sup>.

Егер апаттық жағдай шашыраңқы күйдегі сұйықтықтың кіру мүмкіндігіне байланысты болса, онда ол жұмыстардың ұзақтығына негізделе отырып, шашырататын

құрылғыдан кірген сұйықтықтың жалпы салмағы ескерілетін қосымша қосылғыштарды енгізе отырып (11) формулада ескерілуге тиіс.

13. Үй-жайларға шыққан сұйықтықтың салмағы  $m_n$  осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес анықталады, кг.

14.  $W$  булану қарқындылығы анықтамалық және экспериментальды деректер бойынша анықталады. Қоршаған орта температурасынан жоғары қыздырылмаған ЖТС үшін деректер болмаған кезде  $W$  мына формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі.

$$W = 10^{-6} \cdot h \sqrt{M} \cdot P_n \quad (13)$$

мұндағы  $h$  - булану бетіндегі ауа ағынының жылдамдығы мен температурасына қарай 4-кесте бойынша қабылдайтын коэффициент;

$P_n$  - анықталатын деректер бойынша анықталатын сұйықтықтың есептік температурасы  $t_p$  кезіндегі қаныққан будың қысымы, кПа.

Ескертпе: заттар мен материалдардың өрт қауіптілігі қасиеті параметрлердің жағдайы (қысымы, температурасы және т.б.) ескеріле отырып, сынау нәтижелері немесе стандарттық әдістеме бойынша есептеулері негізінде жүргізіледі.

4-кесте

Үй-жайдағы ауа ағынының жылдамдығы, м/с	Үй-жайдағы ауаның °C температурасы кезіндегі $t$ коэффициент мәні $h$				
	10	15	20	30	35
0	0,0	1,0	1,0	1,0	1,0
0,1	3,0	2,6	2,4	1,8	1,6
0,2	4,6	3,8	3,5	2,4	2,3
0,5	6,6	5,7	5,4	3,6	3,2
1,0	10,0	8,7	7,7	5,6	4,6

### 3-параграф Жанғыш шаңдарға арналған жарылыстың артық қысымын есептеу

15. Жарылыстың артық қысымын  $DP$ , кПа есептеу (4) формуласы бойынша жүргізіледі, мұндағы жарылыс кезінде өлшенген шаңның қатысу коэффициенті  $Z$  мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z = 0,5 F, \quad (14)$$

мұндағы  $F$  - ауа өлшемінің артуымен ауыспалыдан кем болатын өлшемдегі шаң бөлшектерінің жарылыс қауіпсіз, яғни жалында таратуға қабілетсіз болуының салмақтық үлесі. Мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған кезде,  $Z$  шамасын бағалау үшін,  $Z = 0,5$  қабылдауға рұқсат етіледі.

16. Апаттық оқиға нәтижесінде пайда болатын үй-жайдағы шаңның көлемінде өлшенген есептік салмағы  $m$ , кг, мынадай формула бойынша анықталады:

$$m = m_{вз} + m_{ав} \quad (15)$$

мұндағы  $m_{вз}$  - құйындатылған шаңның есептік салмағы, кг;

$m_{ав}$  - үй-жайға апатты оқиға нәтижесінде келіп түсетін шаңның есептік салмағы, кг.

17. Құйындатылған шаңның есептік салмағы  $m_{вз}$  мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_{вз} = K_{вз} m_n, \quad (16)$$

мұндағы  $K_{вз}$  - апатты оқиға нәтижесінде, өлшенген күйге өтуге қабілетті үй-жайдағы шаңның сақталған үлесі. Шамасы  $K_{вз}$  туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде,  $K_{вз} = 0,9$  қабылдауға рұқсат етіледі;

$m_n$  - апат сәтінде үй-жайда сақталып шаңның салмағы, кг.

18. Апаттық оқиға нәтижесінде үй-жайға келіп түскен шаңның есептік салмағы,  $m_{ав}$  мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_{ав} = (m_{ан} + qT)K_n, \quad (17)$$

мұндағы  $m_{ан}$  - үй-жайға аппараттан тасталатын ыстық шаңның салмағы, кг;

$q$  - күлдей заттардың құбыр желілері бойымен апаттық аппаратқа оларды сөндіргенге дейін келіп түсуінің жалғасатын өндірушілігі, кг/с;

$T$  - осы қосымшаның 5.3) тармағы бойынша анықталған сөндіру уақыты, с;

$K_n$  - ауада асылған шаңның үй-жайға аппараттан келіп түсетін шаңның барлық салмағына қатысын көрсететін шаңдану коэффициенті.  $K_n$  шамасы туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде, мыналарды қабылдауға болады:

1)  $K_n = 0,5 - 350$  мкм кем болмай шашырайтын шаңдар үшін;

2)  $K_n = 1,0 - 350$  мкм кем болып шашырайтын шаңдар үшін.

$m_{ан}$  шамасы 4 және 6-әдістеменің тармақтарына сәйкес қабылданады.

19. Үй-жайда сақталған шаңның апат сәтіндегі салмағы мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_n = \frac{K_r}{K_y} (m_1 + m_2), \quad (18)$$

мұндағы  $K_r$  - шаң қыртыстарындағы ыстық шаңның жалпы салмағының үлесі;

$m_1$  - негізгі жинау арасындағы уақыт кезеңінде үй-жайдың үстіңгі беттерін жинау үшін, қол жетпейтін жерлерде тұнып қалған шаңның салмағы, кг;

$m_2$  - ағымдағы жинаулар арасындағы уақыт кезеңінде үй-жайдың үстіңгі беттерінің қол жететін жерлерінде тұнып қалған шаңның салмағы, кг;

$K_y$  - шаң жинаудың тиімділік коэффициенті:

1) құрғақ - 0,6;

2) дымқыл - 0,7.

Механикаландырылған вакуумдық жинау кезінде:

1) тегіс еден - 0,9;

2) шұңқырлары болатын еден (5 % алаңға дейін) - 0,7.

Жинау үшін қол жетпейтін алаңдар деп өндірістік үй-жайлардың негізгі жинаулар кезінде ғана тазарту іске асырылатын үстіңгі беттерін атайды. Ағымдағы шаң жинау процесінде, шаңы кетірілетін үстіңгі беттер жинау үшін қол жететін жерлер болып табылады (ай сайын, тәулік сайын).

20. Жинау аралығындағы кезеңде үй-жайдың әр түрлі беттерінде тұрып қалатын шаңның салмағы  $m_i$  ( $i = 1,2$ ) мынадай формула бойынша анықталады:

$$m_i = M_i (1-a)b_i, (i=1,2) \quad (19)$$

мұндағы  $M_i =$

$$\sum_j M_{ij}$$

- үй-жай көлеміне негізгі шаң жинаулар аралығындағы уақыт кезеңінде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

$M_{ij}$  - шаңдататын жабдықтың бірлігінен аталған кезеңде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

$M_2 =$

$$\sum_j M_{2j}$$

- үй-жай көлеміне ағымдағы шаң жинаулар аралығындағы уақыт кезеңінде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

$M_{2j}$  - шаңдататын жабдықтың бірлігінен аталған кезеңде бөлінетін шаңның салмағы, кг;

$a$  - үй-жай көлеміне бөлінетін шаңның соратын желдеткіш жүйелермен кетірілетін үлесі. Шамасы  $a$  туралы тәжірибелік мәліметтер болмаған кезде,  $a = 0$  қабылдайды;

$b_1, b_2$  - үй-жай көлеміне бөлінетін шаңның үй-жайдың үстіңгі беттерін жинауға арналған тиісінше қол жетпейтін және қол жететін жерлерде тұрып қалған шаңның үлесі ( $b_1 + b_2 = 1$ ).

$b_1$  және  $b_2$  коэффициенттерінің шамасы туралы мәліметтер болмаған кезде,  $b_1 = 1, b_2 = 0$  қабылдауға рұқсат етіледі.

21.  $M_i$  ( $i = 1,2$ ) шамасы сондай-ақ мынадай формула бойынша, максималды жүктеу кезеңінде тәжірибе жүзінде (немесе өндірістің қолданыстағы үлгілерімен ұқсастығы бойынша) анықталуы мүмкін:

$$M_i = \sum_j (G_{ij} \cdot F_{ij}) \tau_i \quad (20)$$



мұндағы  $G_{1j}, G_{2j}$ , - алаңдардағы тиісінше қол жетпейтін  $F_{1j}$  ( $m^2$ ) және жететін  $F_{2j}$  ( $m^2$ ) жерлердегі шаң қыртыстарының қарқындылығы,  $кг/м^2 с$ ;

$t_{1, 2}$  - негізгі және ағымдағы шаң жинаулар арасындағы уақытқа сәйкесті аралық, с.

#### 4-параграф. В1 - В4 үй-жайларының санатын анықтау

22. Өрт сөндіру жүктемесі кезінде жанғыш, жануы қиын сұйықтықтарды, жанғыш қатты және жануы қиын заттар материалдарды өрт қауіпті учаске шегінде түрлі үйлесімдерді (қоспалар) қамти алатын өрт сөндіру жүктемесі  $Q$ , МДж, мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q = \sum_{i=1}^n G_i Q_{ni}^p, \quad (21)$$

мұндағы  $G_i$  - өрт сөндіру жүктемесінің  $i$ -ші материалының саны, кг;

$Q_{ni}^p$  - өрт сөндіру жүктемесінің  $i$ -ші материалының ең төменгі жану жылуы, МДж/кг.

Меншікті өрт сөндіру жүктемесі  $g$ , МДж/ $m^2$ , мынадай қатынастардан анықталады:

$$g = \frac{Q}{S}, \quad (21)$$

мұндағы  $S$  - өрт сөндіру жүктемесінің орналасу ауданы,  $m^2$  (бірақ  $10 m^2$  кем емес).

В1 - В4 санатындағы үй-жайларда осы қосымшаның 5-кестесінде берілген мәндерден аспайтын өрт сөндіру жүктемесі болатын бірнеше учаскелердің болуына рұқсат етіледі.

В4 санатындағы үй-жайларда осы учаскелер арасындағы арақашықтық шекті мәндерден артық болып қабылданады.

5-кестеде жанғыш қатты және жануы қиын материалдардан құралатын өрт сөндіру жүктемесі үшін құлайтын сәулелі ағындардың  $q_{кр}$ , кВт/м ауыспалы тығыздығының шамасына байланысты, шекті арақашықтықтың ұсынылатын мәндері  $l_{пр}$  берілген.

5-кестеде берілген мәндерді  $l_{пр}$  егер:

1)  $H$  - өрт сөндіру жүктемесінің үстіңгі бетінен бастап, аражабын (жабын) фермаларының төменгі белдеуіне дейінгі минималды арақашықтық,  $m$  -  $11 m$  артық болса;

2) егер  $H < 11 m$  кем болса, онда шекті арақашықтық  $l = 1 + (11 - H)$  сияқты анықтау ұсынылады, мұндағы  $l_{пр}$  - 5-кесте бойынша анықтайды.

5-кесте

$q_{кр}, кВт/м^2$	5	10	15	20	25	30	40	50
$l_{пр}, м$	12	8	6	5	4	3,8	3,2	2,8

Өрт сөндіру жүктемесінің кейбір материалдарына арналған мәндер  $q_{кр}$  осы қосымшаның 6-кестесінде берілген.

6-кесте

Материал	$q_{кр}$ , кВт/м <sup>2</sup>
Ағаш (ылғалдылығы 12 % қарағай)	13,9
Ағаш-жаңқалы тақтайлар (тығыздығы 417 кг*м <sup>-3</sup> )	8,3
Мақта-талшық	7,5
Қабатты икемдік	15,4
Шыныикемдік	15,3
Пергамин	17,4
Резеңке	14,8
Көмір	35,0
Орамды төбе	17,4
Шөп, сабан (8%-ға дейінгі минималды ылғалдылық кезінде)	7,0

Егер өрт сөндіру жүктемесі түрлі материалдардан тұратын болса, онда  $q_{кр}$  мәні материал бойынша минималды  $q_{кр}$  мәнімен анықталады.

Белгісіз мәндері болатын  $q_{кр}$  өрт жүктемесінің материалдары үшін шекті арақашықтар мәні ретінде  $l_{кр} > 12$  м қабылданады.

ТЖС немесе ЖС тұратын өрт сөндіру жүктемесі үшін, өрт сөндіру жүктемесі орналастырылатын (күю) көршілес учаскелер арасындағы ұсынылатын арақашықтық  $l_{кр}$  мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$l_{пр} > 15 \text{ м, } H > 11 \text{ кезінде,} \quad (23)$$

$$l_{пр} > 26 - H \text{ м, } H < 11 \text{ кезінде,} \quad (24)$$

Егер В2 немесе В3 санаттарын анықтау кезінде 21-формула бойынша анықталған өрт сөндіру жүктемесінің саны  $Q$  теңсіздікке жауап беретін болса:

$$Q > 0,64 g_T H^2,$$

мұндағы,  $g_T = 2200 \text{ МДж*м}^2$ ,  $1401 \text{ МДж*м}^2$  кезінде,

$g < 2200 \text{ МДж*м}^2$  және  $g_T = 1401 \text{ МДж*м}^2$ ,  $181 \text{ МДж*м}^2$  ішінде

$$g < 1401 \text{ МДж*м}^2$$

онда үй-жай тиісінше В1 немесе В2 санаттарына қатысты болады.

**5-параграф. Сумен, ауа оттегісімен немесе бір-бірімен өзара әрекет өткенде, жарылуға және жануға қабілетті заттар мен материалдар үшін жарылыстың артық қысымын анықтау**

23. Сумен, ауа оттегісімен немесе бір-бірімен өзара әрекет өткенде, жарылуға және жануға қабілетті заттар мен материалдар үшін, жарылыстың есептік артық қысымы  $DPZ = 1$  шамалай отырып, жоғарыда берілген әдістеме және өзара әрекет кезінде (өзара

әрекеттесу өнімдерінің соңғы қосылысқа дейін жануы ескеріліп) бөлінетін энергия шамасы  $H_T$  ретінде немесе табиғи сынауларда тәжірибе бойынша анықталады.  $DP$  шамасын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, оны 5 кПа асатын етіп қабылдау керек.

#### **6-параграф. Құрамында жанғыш газдар (булар) және шаңдар болатын жарылыс қауіпті қоспалар үшін жарылыстың артық қысымын анықтау**

24. Құрамында жанғыш газдар (булар) және шаңдар болатын жарылыс қауіпті гибридті қоспалар үшін, жарылыстың есептік артық қысымы  $DP$  мынадай формула бойынша анықталады:

$$DP = DP_1 + DP_2 \quad (25)$$

мұндағы  $DP_1$  - 8 және 9-тармақтарға сәйкес, жанғыш газ үшін есептелген жарылыс қысымы;

$DP_2$  - осы қосымшаның 15-тармағына сәйкес жанғыш шаңдар үшін есептелген жарылыс қысымы.

#### **3-тарау. Ғимараттардың жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша санаттары**

25. Ғимарат егер онда А санатты үй-жайдың жиынтық ауданы барлық үй-жайлар ауданынан немесе  $200 \text{ м}^2$  5 %-ға артық болса, А санатына жатады.

Ғимаратты егер А санатты үй-жайдың ғимараттағы жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жай ауданының жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 1 мың  $\text{м}^2$  артық емес) және осы үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталатын болса, А санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

26. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат Б санатына жатқызылады:

ғимарат А санатына жатпайды;

А және Б санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының немесе  $200 \text{ м}^2$  5 %-ынан асатын болса.

Егер ғимараттағы А және Б санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жай ауданының жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 1 мың  $\text{м}^2$  артық емес) және осы үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталатын болса, Б санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

27. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат В1 - В4 санатына жатады:

ғимарат А немесе Б санаттарына жатпайды;

А, Б және В1- В4 санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 5 %-ынан (егер ғимаратта А және Б санатты үй-жайлар болмаса, 10 %) асатын болса.

Егер ғимараттағы А, Б және В1 - В4 санатты үй-жайлардың жиынтық ауданы онда орналасқан барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 25%-ынан аспайтын болса (бірақ 3,5 мың м<sup>2</sup> артық емес) және автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған болса, ғимаратты В1 - В4 санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

28. Егер мынадай екі жағдай бір мезгілде орындалса, ғимарат Г санатына жатады:  
ғимарат А, Б немесе В1 - В4 санаттарына жатпайды;

А, Б, В1 - В4 және Г санатындағы үй-жайлардың жиынтық ауданы барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 5 %-ынан аспайды.

Егер ғимараттағы А, Б, В1 - В4 және Г санатты үй-жайлардың онда орналасқан барлық үй-жайлардың жиынтық ауданының 25 %-ынан аспайтын болса (бірақ 5 мың м<sup>2</sup> артық емес) және А, Б, В1 - В4 санатты үй-жайлар автоматты өрт сөндіру қондырғыларымен жабдықталған болса, ғимаратты Г санатына жатқызбауға рұқсат етіледі.

29. Ғимарат егер ол А, Б, В1 - В4 немесе Г санаттарына жатпайтын болса, Д санатына жатады.

#### 4-тарау. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі бойынша санаттары

30. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі бойынша санаттары осы қосымшаның 7-кестесіне сәйкес қабылданады.

31. Сыртқы қондырғылардың санаттарын анықтау жоғарғыдан ( $A_n$ ) бастап төменге ( $D_n$ ) дейін, 7-кестеде берілген санаттарға олардың тиесілігін кезекті тексеру жолымен іске асырылуы керек.

##### 7-кесте

Сыртқы қондырғы санаты	Сыртқы қондырғының өрт қауіптілігі бойынша сол және өзге санаттарға қатынасының критерийлері
Ан (жарылыс-өрт қауіптілігі жоғары)	Қондырғы егер онда жанғыш газдар; тұтану температурасы 28 °С артық болмайтын тез тұтанатын сұйықтықтар; сумен, ауа оттегімен және бір-бірімен өзара әрекеттесуде жануға қабілетті заттар мен (немесе) материалдар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), аталған заттардың қысым толқынын түзіп ықтимал жануы кезінде жеке қауіптілік шамасы сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта жылына $10^{-6}$ асатын жағдайда, $A_n$ санатына жатады
Бн (жарылыс-өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда жанғыш шаңдар және/немесе талшықтар; тұтану температурасы 28 °С артық болатын тез тұтанатын сұйықтықтар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), шаң және (немесе) бу-ауа қоспаларының қысым толқындарын түзіп ықтимал жануы кезінде, сыртқы

	қондырғыдан 30 м арақашықтықтағы жеке қауіптілік шамасы жылына $10^{-6}$ асатын жағдайда, $B_n$ санатына жатады
Вн (өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда жанғыш және (немесе) жануы қиын сұйықтықтар (оның ішінде шаң және (немесе) талшық); жанғыш қатты және (немесе) жануы қиын заттар және (немесе) сумен, ауа оттегісімен және (немесе) бір-бірімен өзара әрекеттесу кезінде жануға қабілетті материалдар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), $A_n$ немесе $B_n$ санаттарына қондырғыны жатқызуға мүмкіндік беретін критерийлер жүзеге асырылмаса, аталған заттар және (немесе) материалдардың ықтимал жануы кезінде, сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта жеке қауіптілік шамасы жылына $10^{-6}$ асатын болса, $B_n$ санатына жатады
Гн (орташа өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда өңдеу процесі сәулелік жылу, ұшқын және (немесе) жалын арқылы жүретін жанбайтын заттар және (немесе) материалдар ыстық, қыздырылған және (немесе) балқытылған күйінде, сондай-ақ отын ретінде жағылатын немесе пайдаға асырылатын жанғыш газдар, сұйықтықтар және (немесе) қатты заттар болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын), $\Gamma_n$ санатына жатады
Дн (төменгі өрт қауіптілігі)	Қондырғы егер онда негізінен жанғыш заттар және (немесе) материалдар салқын күйінде болатын болса (сақталатын, қайта өңделетін, тасымалданатын) және жоғарыда аталған санаттар бойынша $A_n$ , $B_n$ , $V_n$ немесе $\Gamma_n$ санаттарына жатпайтын болса, $D_n$ санатына жатқызылады

32. Егер деректер болмауына байланысты, жеке қауіптілік шамасын бағалау мүмкін болмайтын жағдайда, оның орнына мынадай критерийлерді пайдалануға рұқсат етіледі:

АН және БН санаттары үшін:

Жалынның төменгі концентрациялық таралу шегінен жоғары газ-бу-ауа қоспаларының жанғыш концентрациясын шектейтін аймақтың көлденең өлшемі (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖТКШ), 30 м асады (аталған критерий тек жанғыш газдар мен булар үшін қолданылады) және (немесе) сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта газ-бу немесе шаң-ауа қоспаларының жануы кезіндегі есептік артық қысым 5 кПа асады.

$B_n$  санаты үшін:

Сыртқы қондырғыдан 30 м арақашықтықта ВН санаты үшін көрсетілген заттар және (немесе) материалдардың өрт ошағынан жылулық сәулелену қарқындылығы  $4 \text{ кВт м}^2$  асады.

## 5-тарау. Сыртқы қондырғылардың өрт қауіптілігі критерийлерінің мәндерін есептеу әдістері

### 1-параграф. Жанғыш газдар мен булар үшін, өрт қауіптілігі критерийлерінің мәндерін есептеу әдістері. Есептеу нұсқасын таңдау және негіздеу

33. Есептеу нұсқасын таңдауды сол және өзге апаттық оқиғалардың жылдық жүзеге асу жиілігін және зардаптарын ескеріп іске асыру қажет. Жанғыш газдар және булар үшін, өрт қауіптілігі критерийлерін есептеуге арналған есептеу ретінде осы нұсқаны  $Q_w$  жылдық жүзеге асыру жиілігі және аталған нұсқаны максималды іске асыру жағдайында, газ-бу-ауа қоспалар жанған кезде, есептік артық қысымды  $DP$  апат нұсқасы ретінде қабылдау керек, яғни:

$$G = Q_w * DP = \max \quad (26)$$

$G$  шамасын есептеу мынадай жүйелілікпен жүргізіледі:

1) апаттың түрлі нұсқалары қарастырылады және статистикалық деректерден немесе осы нұсқалардың газ-бу-ауа қоспаларының  $Q_{wi}$  жануымен болатын апаттардың жылдық жиілігі негізінде анықталады;

2) қарастырылатын нұсқалардың әрқайсысы үшін, есептік артық қысым мәнінің  $DP_i$  төменде баяндалған әдістемесі бойынша анықталады;

3) арасында барынша үлкен мәні болатын  $G_i$  нұсқа таңдалып қарастырылатын апат нұсқаларының әрқайсысы үшін  $G_i = Q_{wi} * DP_i$  шамалары есептеледі;

4) өрт қауіптілігінің критерийлерін анықтауға арналған есептеу ретінде  $G_i$  шамасы максималды болатын нұсқа қабылданады. Мұндайда атмосфераға шығатын жанғыш газдар мен булар мөлшері осы қосымшаның 35-40-тармақтары ескеріліп, қарастырылатын апат сценарийіне байланысты есептеледі.

34. Жоғары сипатталған әдісті есептік ретінде іске асыру мүмкін болмаған кезде, жанғыш газ-бу-ауа қоспалары құрамында, осы қоспалардың жануы салдарына қатысты барынша қауіпті газдар мен булардың барынша көп мөлшері қатысатын барынша қолайсыз нұсқаны немесе аппараттардың қалыпты жұмыс кезеңін таңдау керек. Бұндай жағдайда, атмосфераға шығатын газдар мен булардың мөлшері осы қосымшаның 35-40-тармақтарына сәйкес есептеледі.

35. Жанғыш газ-ауа немесе бу-ауа қоспаларын түзуі мүмкін келіп түсетін заттар мөлшері мынадай алғы шарттарға байланысты анықталады:

1) есептік апат аппараттардың бірінен осы қосымшаның 33 немесе 34-тармақтарына сәйкес жүргізіледі (апаттың есептік нұсқасын анықтауға тәсілдердің қайсысын негіз ретінде қабылдауға байланысты);

2) аппараттың ішіндегісінің бәрі қоршаған кеңістікке келіп түседі;

3) құбыр желілерді сөндіру үшін қажетті уақыт көлемінде тура және кері ағын бойынша аппаратты қоректендіретін құбыр желісіндегі заттардың кемуі бір мезгілде жүргізіледі.

Құбыр желісін сөндірудің есептік уақыты шынайы жағдайға байланысты, әрбір нақты жағдайда анықталады және ілгекті құрылғыларға, технологиялық процестің сипатына және есептік апаттың түріне арналған паспорттық деректер ескеріліп, минималды болуға тиіс.

Құбыр желісін сөндірудің есептік уақытын бірдей деп қабылдау қажет:

егер автоматика жүйелерінің істен шығу ықтималдығы оның элементтерін резервте сақтау қамтамасыз етілген болса (бірақ 120 с артық емес), қондырғының паспорттық деректеріне сәйкес құбыр желісін сөндірудің автоматика жүйелерінің іске қосылу уақытын;

егер автоматика жүйелерінің істен шығу ықтималдығы оның элементтерін резервте сақтау қамтамасыз етілмеген болса, 120 с;

қолмен сөндіру кезінде 300 с.

Сөндіру уақыты жоғарыда берілген мәндерден асатын, құбыр желісін сөндіруге арналған техникалық құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

Ерекше жағдайларда, белгіленген тәртіпте жоғарыда берілген мәндердің құбыр желісін сөндіру уақытынан асуына рұқсат етіледі;

4) төгілген сұйықтықтың бетінен булану жүреді; көлденең бетке төгілген кезде, булану ауданы құрамында 70 % және одан аз (салмағы бойынша) еріткіштер болатын 1 л қоспалар мен ерітінділердің есебіне байланысты анықталады (анықтамалық немесе өзге тәжірибелік деректер болмаған кезде,  $0,10 \text{ м}^2$  ауданға төгіледі, ал қалған сұйықтықтар үшін -  $0,15 \text{ м}^2$ ;

5) сондай-ақ сұйықтықтың беті ашық пайдаланылатын сыйымдылықтардан және жаңадан боялған беттерден сұйықтықтардың булануы жүреді;

6) сұйықтықтың булану ұзақтығы оның толық уақытына тең болып қабылданады, бірақ 60 минуттан артық емес.

36. Есептік апат кезінде қоршаған кеңістікке келіп түсетін газдың салмағы  $t$ , кг, мынадай формула бойынша анықталады:

$$m = (V_a + V_T) * \rho_r, \quad (27)$$

мұндағы  $V_a$  - аппараттан шыққан газдың көлемі,  $\text{м}^3$ ;

$V_T$  - құбыр желісінен шыққан газдың көлемі,  $\text{м}^3$ ;

$\rho_r$  - газдың тығыздығы,  $\text{кг}/\text{м}^3$ .

Мұндайда:

$$V_a = 0,01 * P_1 V, \quad (28)$$

мұндағы  $P_1$  - аппараттағы қысым, кПа;

$V$  - аппараттың көлемі, м<sup>3</sup>;

$$V_T = V_{1T} + V_{2T}, \quad (29)$$

мұндағы  $V_{1T}$  - құбыр желісінен оны сөндіргенге дейін шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>;

$V_{2T}$  - құбыр желісіне оны сөндіргеннен кейін шыққан газдың көлемі, м<sup>3</sup>;

$$V_{1T} = q * T, \quad (30)$$

мұндағы  $q$  - құбыр желісіндегі қысымға, оның диаметріне, газды ортаның температурасына байланысты, технологиялық регламентке сәйкес анықталған газ шығыны, м<sup>3</sup>/с;

$T$  - 35-тармақ бойынша анықталған уақыт, с;

$$V_{2T} = 0,01 * \pi * P_2 * (r_1^2 L_1 + r_2^2 L_2 + \dots + r_n^2 L_n), \quad (31)$$

мұндағы  $P_2$  - технологиялық регламент бойынша құбыр желісіндегі максималды қысым, кПа;

$r$  - құбыр желілерінің ішкі радиусы, м;

$L$  - құбыр желісінің апаттық аппараттан бастап ысырмаларға дейінгі ұзындығы, м.

37. Бірнеше булану көздері болатын кезде (төгілген сұйықтықтың беті, жаңа салынған құрамы болатын беті, ашық сыйымдылықтар), қоршаған кеңістікке келіп түсетін сұйықтық буларының салмағы  $m$ , кг, мынадай өрнекпен анықталады:

$$m = m_p + m_{емк} + m_{св.окр} + m_{пер}, \quad (32)$$

мұндағы  $m_p$  - құю бетінен буланатын сұйықтықтың салмағы, кг;

$m_{емк}$  - ашық сыйымдылықтардың бетінен буланатын сұйықтық салмағы, кг;

$m_{св.окр}$  - қолданылатын құрам салынған беттерден буланатын сұйықтық салмағы, кг;

;

$m_{пер}$  - қоршаған кеңістікке оны қыздырған кезде буланатын сұйықтық салмағы, кг.

Мұндайда (32) формуласына қосылатындардың ( $m_p$ ,  $m_{емк}$ ,  $m_{св.окр}$ ) әрқайсысы мынадай өрнектен анықталады:

$$m = W * F_{и} * T, \quad (33)$$

мұндағы  $W$  - булану қарқындылығы, кг/с м<sup>2</sup>;

$F_{и}$  - қоршаған кеңістікке шығатын сұйықтық салмағына  $m_p$  байланысты 35-тармаққа сәйкес анықталатын булану ауданы, м<sup>2</sup>;

$T$  - қоршаған кеңістікке тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың осы қосымшаның 38-тармағына сәйкес, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтардың келіп түсу ұзақтығы, с.

$m_{пер}$  шамасын мынадай формула бойынша анықтайды ( $T_a > T_{кип}$  кезінде):



$$m_{\text{пер}} = \min \left\{ 0,8m_{\text{II}}; \frac{2C_p(T_a - T_{\text{кип}})}{L_{\text{исп}}} m_{\text{II}} \right\}$$

мұндағы  $m_{\text{II}}$  - шығатын қыздырылатын сұйықтық салмағы, кг;

$C_p$  - сұйықтықты қыздыру кезіндегі сұйықтықтың меншікті жылу сыйымдылығы  $T_a$ , Дж/кг\*К;

$T_a$  - технологиялық аппаратта немесе жабдықта технологиялық регламентке сәйкес қыздырылған сұйықтық температурасы, К;

$T_{\text{кип}}$  - сұйықтықтың қалыпты қайнау температурасы, К;

$L_{\text{исп}}$  - сұйықтықты қыздыру кезіндегі буланудың меншікті жылуы  $T_a$ , Дж/кг.

Егер апатты жағдай сұйықтықтың қыздырылған күйінде ықтимал келіп түсуімен байланысты болса, онда ол олардың жұмысының ұзақтығына байланысты, қыздыру құрылғыларынан келіп түсетін сұйықтықтың қосымша қосылатын жалпы салмағы ескеріліп, (32) формуласында ескерілуге тиіс.

38. Шығатын сұйықтықтың салмағы  $m_{\text{II}}$ , кг, осы қосымшаның 35-тармағына сәйкес анықталады.

39. Булану қарқындылығы  $W$  анықтамалық және тәжірибелік деректер бойынша анықталады. Деректер болмаған кезде, қыздырылмаған ТЖС үшін  $W$  мынадай формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі:

$$W = 10^{-6} \cdot \sqrt{M} \cdot P_H, \quad (35)$$

мұндағы  $M$  - молярлық масса, г/моль;

$P_H$  - анықтамалық деректер бойынша анықталған сұйықтықтың есептік температурасы кезіндегі қаныққан бу қысымы, кПа.

40. Деректер болмаған кезде, сұйытылған көміртекті газдар үшін (бұдан әрі мәтін бойынша - СКГ) ағызудан буланатын СКГ  $m_{\text{СУГ}}$  меншікті салмағын мынадай формула бойынша есептеуге рұқсат етіледі, кг/м<sup>2</sup>:

$$m_{\text{СУГ}} = \frac{M}{L_{\text{исп}}} \cdot (T_0 - T_{\text{ж}}) \cdot \left( 2 \cdot \lambda_{\text{TB}} \sqrt{\frac{t}{\pi a} + \frac{5,1 \cdot \sqrt{\text{Re}} \cdot \lambda_{\text{B}} \cdot t}{d}} \right)$$

мұндағы  $M$  - молярлық масса СУГ, кг/моль;

$L_{\text{исп}}$  - СКГ Тж бастапқы температура кезіндегі мольдік булану жылуы, Дж/моль;

$T_0$  - бетіне СКГ төгілетін материалдың бастапқы температурасы, К;

$T_{\text{ж}}$  - СКГ бастапқы температурасы, К;

$\lambda_{\text{TB}}$  - бетіне СКГ төгілетін материалдың жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/мК;

$$\alpha = \frac{\lambda_{\text{TB}}}{C_{\text{TB}} \cdot \rho_{\text{TB}}}$$

- бетіне СКГ төгілетін материалдың температура өткізгіштік коэффициенті,  $m^2 / c$ ;
- $C_{ТВ}$  - бетіне СКГ төгілетін материалдың жылу сыйымдылығы, Дж/кг\*К;
- $\rho_{ТВ}$  - бетіне СКГ төгілетін материалдың тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;
- $t$  - СКГ толық булану уақытына тең болып қабылданатын ағымдағы уақыт, с, бірақ 60 минуттан артық емес;

$$Re = \frac{Ud}{\nu_B}$$

- Рейнольдс саны;

$U$  — ауа ағынының жылдамдығы, м/с;

$$d = \sqrt{\frac{4F_H}{\pi}}$$

- СКГ ағызудың сипатты өлшемі, м;

$\nu_B$  - ауаның кинематикалық тұтқырлығы, м<sup>2</sup> /с;

$l_B$  - ауаның жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/м\*К.

(36) формуласы температурасы  $T_{ж} < T_{кип}$  болатын СКГ үшін қолданылады.

СКГ  $T_{ж} > T_{кип}$  температурасы кезінде (34) формуласы бойынша қыздырылған СКГ  $m_{пер}$  салмағы қосымша есептеледі.

**2-параграф. Жанғыш газдардың және тез тұтанатын сұйықтықтардың қыздырылмаған буларының ашық кеңістікке апаттық келіп түсуі кезінде, НКПР жоғары ыстық концентрациясы болатын газ және бу-ауа қоспасын шектейтін аймақтардың көлденең өлшемдерін есептеу**

41. Жалынның төменгі концентрациялық таралу шегінен ( $C_{нкпр}$ ) асатын концентрациялар аумағын шектейтін аймақтардың көлденең өлшемдерін, м, мынадай формулалар бойынша есептейді:

- 1) жанғыш газдар (ЖГ) үшін:

$$R_{НКПР} = 14,5632 \cdot \left( \frac{m_{г}}{\rho_{г} \cdot C_{НКПР}} \right)^{0,333} \quad (37)$$

- 2) қыздырылмаған тез тұтанатын сұйықтықтардың (ТЖС) булары үшін:

$$R_{НКПР} = 3,1501 \cdot \sqrt{K} \cdot \left( \frac{P_H}{C_{НКПР}} \right)^{0,813} \cdot \left( \frac{m_{л}}{\rho_{л} \cdot P_H} \right)^{0,333}$$

$$\rho_{л} = \frac{M}{V_0 \cdot (1 + 0,00367 \cdot t_{г})}$$

мұндағы  $m_{г}$  - апатты жағдай кезінде ашық кеңістікке келіп түсетін ЖГ салмағы, кг;

$\rho_{г}$  - есептік температура және атмосфералық қысым кезіндегі ЖГ тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$m_n$  - толық булану уақытында ашық кеңістікке келіп түсетін ТСЖ буларының салмағы, кг;

$\rho_n$  - есептік температура және атмосфера қысымы кезінде ЖТС буының тығыздығы, кг/м<sup>3</sup> ;

$P_n$  - есептік температура кезіндегі ЖТС қаныққан буының қысымы, кПа;

$K$  - ЖТС үшін  $K-T/3600$  тең қабылданатын коэффициент;

$T$  - ЖТС буының ашық кеңістікке түсу ұзақтығы, с;

$C_{нкпр}$  - ЖГ жалыны немесе ЖТС буы таралудың концентрациялық төменгі шегі, % (об.);

$M$  - молярлық масса, кг/кмоль;

$V_0$  - 22,413 м<sup>3</sup> /кмоль тең мольдік көлемі;

$t_p$  - есептік температурасы, °С.

Есептік температура ретінде сәйкес климаттық аймақтағы ауаның максималды ықтимал температурасы немесе апатты жағдайда температураның ықтимал жоғарылауын ескеріп технологиялық регламент бойынша ауаның максималды ықтимал температурасын қабылдаған дұрыс. Егер есептік температураның  $t_p$  бұндай мәнін қандай да бір себептер бойынша анықтау мүмкін болмаса оны 61°С тең қабылдауға рұқсат етіледі.

42. Есептеу басында аймақтың көлденең өлшемі деп аппарат, қондырғы, құбыржолдың сыртқы габариттік өлшемдерін қабылдайды. Барлық жағдайда ЖГ және ЖТС үшін  $R_{нкпр}$  мәні 0,3 м кем болмауы тиіс.

### **3-параграф. Артық қысым және қысым толқыны лүпілінің ашық кеңістікте жанғыш газ және будың ауамен жануы кезіндегі есебі**

43. Апаттың қаралып отырған сценарийіне сүйеніп осы қосымшаның 35 - 40-тармақтарына сәйкес технологиялық аппараттан атмосфераға шығатын жанғыш газ және (немесе) будың салмағы  $m$ , кг анықталады.

44. Газбуауа қоспасы жанған кезде дамитын артық қысым шамасы  $DP$ , кПа мына формула бойынша анықталады

$$DP = P_0 * (0,8 \text{ мппр}^{0,33} / r_2 + 5 \text{ мппр} / r^3) \quad (39)$$

мұндағы  $P_0$  - атмосфералық қысым, кПа (101 кПа тең қабылдауға рұқсат етіледі);

$r$  - газбуауа бұлтының геометриялық ортасынан бастап қашықтық, м;

$m_{ппр}$  - газ немесе будың келтірілген салмағы кг, мына формула бойынша анықталады

$$m_{\text{пр}} = (Q_{\text{сг}} / Q_0) \cdot m \cdot Z, \quad (40)$$

мұндағы  $Q_{\text{сг}}$  - газ немесе будың жануының меншікті жылуы, Дж/кг;

$Z$  - 0,1 тең қабылдау рұқсат етілетін жанудағы жанғыш газ және будың қатысу коэффициенті;

$Q_0$  -  $4,52 \cdot 10^6$  Дж/кг тең константа;

$m$  - апат нәтижесінде қоршаған кеңістікке түсетін жанғыш газ және (немесе) бу салмағы, кг.

45. Қысым толқыны лүпілінің шамасын  $i$ , Па\*с, мына формула бойынша анықтайды

$$i = 123 \cdot m_{\text{пр}}^{0,66} / \Gamma \quad (41)$$

#### 4-параграф. Жанғыш тозаң үшін өрт қауіптілігі критерийі мәнін есептеу әдісі

46. Жанғыш тозаң үшін өрт қауіптілігі критерийлерін анықтау үшін апаттың есептік нұсқасы ретінде апаттың аса қолайсыз нұсқасын немесе тозаң-ауа қоспасын жанған кезде осындай жану салдарына қатысты аса қауіпті заттар немесе материалдардың көп саны қатысатын аппараттың қалыпты жұмыс кезеңін таңдау қажет.

47. Жанғыш тозаң-ауа қоспасын жасауы мүмкін түскен заттар мөлшері есептік апат кезінде аппараттағы тозаң болған қоршаған кеңістікке апатты шығарынды түскен технологиялық аппараттың бірінен жоспарлы (жөндеу жұмыстары) немесе кенеттен қымтақтауы ашылғаны туралы алдыңғы жағдайға сүйене отыра анықталады.

48. Есептік апат кезінде қоршаған кеңістікке түскен тозаңның есептік салмағы мына формула бойынша анықталады

$$M = M_{\text{вз}} + M_{\text{ав}}, \quad (42)$$

мұндағы  $M$  - қоршаған кеңістікке түсетін жанғыш тозаңның есептік салмағы, кг,

$M_{\text{вз}}$  - құйындаған тозаңның есептік салмағы, кг;

$M_{\text{ав}}$  - апатты жағдай нәтижесінде түскен тозаңның есептік салмағы, кг.

49.  $M_{\text{вз}}$  шамасы мына формула бойынша анықталады

$$M_{\text{вз}} = K_{\Gamma} \cdot K_{\text{вз}} \cdot M_{\text{п}}, \quad (43)$$

мұндағы  $K_{\Gamma}$  - тозаң жиналудың жалпы салмағындағы жанғыш тозаң үлесі;

$K_{\text{вз}}$  - апатты жағдай нәтижесінде өлшенген күйге өтуге қабілетті аппаратқа жақын жиналған тозаң үлесі.  $K_{\text{вз}}$  шамасы туралы эксперименттік деректер болмаған жағдайда

$K_{\text{вз}} = 0,9$  қабылдауға рұқсат етіледі;

$M_{\text{п}}$  - апат сәтінде аппаратқа жақын орналасқан жиналған тозаң салмағы, кг.

50.  $M_{\text{ав}}$  шамасы мына формула бойынша анықталады

$$M_{\text{ав}} = (M_{\text{ан}} + q \cdot T) \cdot K_{\text{п}}, \quad (44)$$

мұндағы  $M_{an}$  - технологиялық аппараттың қымтақтығы алынған кезде қоршаған кеңістікке шығарылатын жанғыш тозаң салмағы, кг;

Ескертпе: инженерлік құрылғы тозаңын шектейтін шығарынды болмаған кезде есептік апат сәтінде аппараттың барлық тозаңы қоршаған ортаға апатты шығатынын болжау қажет.

q - тозаң тәрізді заттардың құбыржол бойымен оларды ажыратқанға дейін апатты аппаратқа түсуі жалғасатын өнімділігі, кг/с;

T - нақты жағдайға сүйене отыра әрбір нақты жағдайда анықталатын ажыратудың есептік уақыты. Ажыратудың есептік уақыты егер оның істен шығу ықтималдығы оның элементтерін резервтеу қамтамасыз етілсе (алайда 120 с аспаса) автоматика жүйесінің іске қосылу уақытына тең қабылданады.

120 с - егер жүйенің жұмыс істемеу ықтималдығы оның элементтерінің сақталуы қамтамасыз етілмеген;

300 с - қолмен ажыратқан кезде;

$K_n$  - шаңның ауада өлшенген салмағын аппараттан түскен шаңның барлық салмағына қатынасын көрсететін шаңдану коэффициенті.  $K_n$  шамасы туралы экспериментальды деректер болмаған жағдайда мыналарды қабылдауға рұқсат етіледі:

1) 0,5 - майдалығы 350 мкм кем емес шаңдар үшін;

2) 1,0 - майдалығы 350 мкм кем шаңдар үшін.

51. Жанатын шаңдар үшін DP артық қысым мынадай тәртіппен анықталады:

1)  $m_{пр}$ , жанатын шаңның келтірілген салмағы мына формула бойынша анықталады, кг.

$$m_{пр} = M \cdot Z \cdot H_T / H_{то}, \quad (45)$$

мұндағы M - апат нәтижесінде қоршаған ортадағы жанатын шаңның салмағы, кг;

Z - мәнін 0,1 тең қабылдауға рұқсат етілетін, жанудағы шаңның болуы коэффициенті.

Жеке негізделген жағдайларда 2 кем дегенде 0,02 дейін түсуі мүмкін.

$H_T$  - шаңның жану жылулығы, Дж/кг;

$H_{то}$  -  $4,6 \cdot 10^6$  Дж/кг тең қабылданатын тұрақты шам;

2) DP есептік артық қысым мына формула бойынша анықталады, кПа.

$$DP = P_0 \cdot (0,8m_{пр}^{0,33} / r + 3m_{пр}^{0,66} / r^2 + 5m_{пр} / r^3), \quad (46)$$

мұндағы r - шаңды - ауа бұлттың ортасының арақашықтығы, м.

технологиялық қондырғының геометриялық ортасынан r шамасын есептеуге рұқсат етіледі;

$P_0$  - атмосфералық қысым, кПа.

52. i қысымының толқын импульсі шамасын мына формула бойынша есептейді, Па.

$$i = 123 \cdot m_{\text{пр}}^{0,66} / r. \quad (47)$$

## 5-параграф. Жылу сәулеленуінің қарқындылығын есептеу әдісі

53. Жылу сәулеленуінің қарқындылығы өрттің екі жағдайы үшін анықталады (немесе олардың осы технологиялық қондырғыда жүзеге асырылатындардың біреуі үшін):

ЖТС, ЖС ағызу өрті немесе қатты жанатын материалдардың (шанның жануын қоса) жануы;

"Жалынды шар" - резервуар ішіндегісі тұтануымен қысым астында жанатын сұйықтығы немесе газы болатын резервуарның үзіліс кезінде тарайтын ірі көлемді диффузиялық жану.

Егер екі жағдайда болуы мүмкін болса, онда өрт қауіптілігі критерийі мәндерін бағалау кезінде жылу сәулеленуі қарқындылығының екі шамаларының үлкені ескеріледі.

54. Сұйықтық ағызу өрті үшін немесе қатты материалдардың жану кезінде  $q$  жылу сәулеленуінің қарқындылығы мына формула бойынша есептеледі, кВт/м<sup>2</sup>.

$$q = E_f \cdot F_q \cdot t, \quad (48)$$

мұндағы  $E_f$  — жалынның жылу сәулеленуінің орташа беттік тығыздығы, кВт/м<sup>2</sup>;

$F_q$  - сәулеленудің бұрыштық коэффициенті;

$t$  - атмосфераның өткізу коэффициенті.

$E_f$  мәні бар экспериментальды деректер негізінде қабылданады. Кейбір сұйық көмірсутекті отын үшін көрсетілген деректер осы қосымшаның 8-кестесінде келтірілген.

Деректер болмаған жағдайда  $E_f$  шамасын мыналарға тең қабылдауға рұқсат етіледі:

- 1) СКГ үшін - 100 кВт/м<sup>2</sup>,
- 2) мұнай өнімдері үшін - 40 кВт/м<sup>2</sup>,
- 3) қатты материалдар үшін - 40 кВт/м.

8-кесте

Ошақ диаметріне қарай жылу сәулеленуінің орташа беттік тығыздығы және кейбір көмірсутекті отын үшін жанудың меншікті салмақтық жылдамдығы

Отын	$E_f, \text{кВт/м}^2$					$M \text{ кг/м}^2 \cdot \text{с}$
	d= 10 м	d=20 м	d=30 м	d=40 м	d=50 м	
СПГ (Метан)	220	180	150	130	120	0,08
СКГ (Пропан-бутан)	80	63	50	43	40	0,10
Бензин	60	47	35	28	25	0,06

Дизельді отын	40	32	25	21	18	0,04
Мұнай	25	19	15	12	10	0,04

Ескертпе: 10 м кем немесе 50 м артық ошақ диаметрі үшін сәйкесінше диаметрі 10 м және 50 м болатын ошаққа арналған сияқты сондай Ef шамасын қабылдау керек.

Ағызудың тиімді d диаметрі мына формула бойынша есептеледі, м.

$$d = \sqrt{\frac{4 \cdot F}{\pi}}, \quad (49)$$

мұндағы F - ағызу ауданы, м<sup>2</sup>.

Жалынның H биіктігі мына формула бойынша есептеледі, м.

$$H = 42d \left( \frac{M}{\rho_B \cdot \sqrt{g \cdot d}} \right)^{0,61}, \quad (50)$$

мұндағы M - отын жанып кетудің меншікті салмақтық жылдамдығы, кг/м<sup>2\*с</sup>;

$\rho_B$  - қоршаған ауаның тығыздығы, кг/м<sup>3</sup>;

$g = 9,81 \text{ м/с}^2$  - еркін түсу үдеуі.

Сәулеленудің бұрыштық коэффициенті  $F_q$  мына формула бойынша анықталады:

$$F_q = \sqrt{F_V^2 + F_H^2}, \quad (51)$$

мұндағы  $F_V$ ,  $F_H$  - мына өрнектер көмегімен сәйкесінше анықталатын тік және жатық аудандарға арналған сәулелену факторлары:

$$F_V = \frac{1}{\pi} \cdot \left[ \frac{1}{S} \cdot \arctg \left( \frac{h}{\sqrt{S^2 - 1}} \right) - \frac{h}{S} \left[ \arctg \left( \sqrt{\frac{S-1}{S+1}} \right) - \frac{A}{\sqrt{A^2 - 1}} \cdot \arctg \left( \sqrt{\frac{(A+1)(S-1)}{(A-1)(S+1)}} \right) \right] \right]$$

$$F_H = \frac{1}{\pi} \cdot \left[ \frac{(B-1/S)}{\sqrt{B^2 - 1}} \cdot \arctg \left( \sqrt{\frac{(B+1)(S-1)}{(B-1)(S+1)}} \right) - \frac{(A-1/S)}{\sqrt{A^2 - 1}} \cdot \arctg \left( \sqrt{\frac{(A+1)(S-1)}{(A-1)(S+1)}} \right) \right]$$

$$A = (h^2 + S^2 + 1)/(2S); \quad (54)$$

$$B = (1 + S^2)/(2S); \quad (55)$$

$$S = 2r/d; \quad (56)$$

$$h = 2H/d; \quad (57)$$

мұндағы r - ағызудың геометриялық ортасынан сәулеленетін объектіге дейінгі арақашықтығы, м.

Атмосфераның өткізу коэффициенті мына формула бойынша анықталады

$$t = \exp[-7,0 \cdot 10^{-4} \cdot (r - 0,5d)]. \quad (58)$$

55. "Жалынды шар" үшін q жылу сәулелену қарқындылығы (48) формула бойынша есептеледі.

$E^f$  шамасы бар экспериментальды деректер негізінде анықталады. Ef шамасы 450 кВт/м<sup>2</sup> деп қабылдануға рұқсат етіледі.

$F_q$  мәні мына формула бойынша есептеледі.

$$F_q = \frac{H/D_s + 0,5}{4 \cdot [(H/D_s + 0,5)^2 + (r/D_s)^2]^{1,5}} \quad (59)$$

мұндағы Н – "жалынды шар" ортасының биіктігі, м;

$D_s$  – "жалынды шар" тиімді диаметрі, м;

r - сәулеленетін объектіден тікелей "жалынды шар" ортасының астындағы жердің бетіндегі нүктесіне дейінгі арақашықтығы, м.

"Жалынды шар" тиімді  $D_s$  диаметрі мына формула бойынша анықталады

$$D_s = 5,33 m^{0,327}, \quad (60)$$

мұндағы m - жанатын заттың салмағы, кг.

Н шамасы арнайы зерттеу барысында анықталады. Н шамасын  $D_s / 2$  тең деп қабылдауға рұқсат етіледі.

"жалынды шардың" болу уақыты i, мына формула бойынша анықталады, с

$$t_s = 0,92 m^{0,303} \quad (61)$$

атмосфераның өткізу коэффициенті t мына формула бойынша есептеледі

$$t = \exp[-7,0 \cdot 10^{-4} \cdot (\sqrt{r^2 + H^2} - (D_s / 2))]$$

## 6-тарау. Жарылыста қыздырылмаған жеңіл тұтанатын сұйықтық буы және жанғыш газдың қатысуының Z коэффициенті мәнін анықтау бойынша есептеу әдісі

Z коэффициентін анықтау бойынша есептеу әдісі мына өрнектердің шарттары сақталған жағдайда қолданылуы тиіс:

$100 m / (P_{г,н} V) < 0,5 C_{нкпр}$ , мұндағы  $C_{нкпр}$  - газ немесе бу жалыны таралуының төменгі концентрациялық шегі, % (айн.), сондай-ақ ұзындығының еніне қатынасы 5 артық емес тік бұрышты параллелепипед форма түріндегі үй-жайлар үшін.

56. Берілген мәнділік деңгейінде Q ( $C >$

$\bar{C}$ ) жарылыстағы жанатын газдардың және жеңіл тұтанатын сұйықтық буларының Z коэффициенті мына формулалар бойынша есептеледі:

$X_{нкпр} < L/2$  және  $Y_{нкпр} < S/2$  кезде

$$Z = \frac{5 \cdot 10^{-3} \pi}{m} \rho_{г,л} \left( C_0 + \frac{C_{нкпр}}{\delta} \right) Y_{нкпр} Z_{нкпр} \quad (63)$$

$$Z = \frac{5 \cdot 10^{-3} \pi}{m} \rho_{г,л} \left( C_0 + \frac{C_{нкпр}}{\delta} \right) \quad (64)$$

мұндағы  $C_0$  - экспонентті көбейткіш мыналарға тең, % (айн.):

1) жанатын газдар үшін ауаның қозғалысы болмаған кезде

$$C_0 = 3,77 \cdot 10^3 \frac{m}{\rho_{г,л} V_{\alpha}} \quad (65)$$

2) жанатын газдар үшін ауа ортасының қозғалысы кезінде



$$C_0 = 3 \cdot 10^2 \frac{m}{\rho_{\Gamma} V_{\alpha} U} \quad (66)$$

3) жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін ауа ортасының қозғалысы болмаған кезде

$$C_0 = C_H \left( \frac{m \cdot 100}{C_H \rho_{\Gamma} V_{\alpha}} \right)^{0.41}, \quad (67)$$

4) жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін ауа ортасының қозғалысы кезінде

$$C_0 = C_H \left( \frac{m \cdot 100}{C_H \rho_{\Gamma} V_{\alpha}} \right)^{0.46}, \quad (68)$$

Мұндағы,  $m$  - үй-жайлар ауданына кіретін газдар немесе ЖТС буларының салмағы, кг;

$\delta$

- берілген мәнділік деңгейіндегі  $Q$  ( $C > C$ ) концентрацияның рұқсат етілетін ауытқулары, олардың мәні осы қосымшаның 9-кестесінде келтірілген;

$X_{\text{нкпр}}$ ,  $Y_{\text{нкпр}}$ ,  $Z_{\text{нкпр}}$  - жалын таралуының төменгі концентрациялық шегімен шектелген газ немесе будың кіру көзінен  $X$ ,  $Y$  және  $Z$  осьтерінің арақашықтығы сәйкесінше (72 - 74) формулалар бойынша анықталады;

$L$ ,  $S$  - тиісті үй-жайлар ұзындығы мен ені, м;

$F$  - тиісті үй-жайлар еденінің ауданы,  $m^2$ ;

$U$  - ауа ортасының қозғалысы, м/с;

$C_H$  - үй-жайлардағы ауаның есептік температурасы  $t_p$  кезіндегі қаныққан булардың концентрациясы, % (айн.).

$C_H$  концентрациясы мына формула бойынша анықталады.

$$C_H = 100 \frac{P_H}{P_0} \quad (69)$$

мұндағы  $P_H$  - есептік температура кезіндегі қаныққан булардың қысымы ( анықтамалық оқулықтарда болады), кПа;

$P_0$  - 101 кПа тең атмосфералық қысым.

9-кесте


Концентрацияны бөлу сипаты	$Q$ ( $C > C'$ )	б
Ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жанатын газдар үшін	0,1	1,29
	0,05	1,38
	0,01	1,53
	0,003	1,63
	0,001	1,70
	0,000001	2,04
		0,1

Ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жанатын газдар үшін	0,05	1,37
	0,01	1,52
	0,003	1,62
	0,001	1,70
	0,000001	2,03
Ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін	0,1	1,19
	0,05	1,25
	0,01	1,35
	0,003	1,41
	0,001	1,46
Ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жеңіл тұтанатын сұйықтық булары үшін	0,000001	1,68
	0,1	1,21
	0,05	1,27
	0,01	1,38
	0,003	1,45
	0,001	1,51
	0,000001	1,75

$Q (C > C')$  мәнділік деңгейінің шамасы технологиялық процесс ерекшеліктеріне негізделе отырып таңдалады.

$Q (C > C')$  0,05 тең қабылдауға рұқсат етіледі.

57. Жарылыстағы жеңіл тұтанатын сұйықтық буларының қатысуы  $Z$  коэффициентінің шамасы мына суретте келтірілген график бойынша анықталуы мүмкін.



X мәні мына формула бойынша анықталады

$$X = \begin{cases} C_H / C^*, & \text{егер } C_H \leq C^*; \\ 1, & \text{егер } C_H > C^*, \end{cases} \quad (70)$$

мұндағы  $C^*$  - қатынасымен берілетін шама

$$C^* = \frac{\varphi}{C_{ст}}, \quad (71)$$

мұндағы

$\varphi$

- 1.9 тең қабылданатын артық жанудың тиімді коэффициенті.

58.  $X_{нкпр}$ ,  $Y_{нкпр}$  және  $Z_{нкпр}$  арақашықтығы мына формулалар бойынша есептеледі:

$$X_{нкпр} = K_1 L \left( K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{нкпр}} \right)^{0.5} \quad (72)$$

$$Y_{нкпр} = K_1 S \left( K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{нкпр}} \right)^{0.5} \quad (73)$$

$$Z_{нкпр} = K_1 H \left( K_2 \ln \frac{\delta C_0}{C_{нкпр}} \right)^{0.5} \quad (74)$$

мұндағы  $K_1$  - жанатын газ үшін 1,1314 тең және жеңіл тұтанатын сұйықтық үшін 1,1958 тең қабылданатын коэффициент;

$K_2$  - жанатын газдар үшін 1 тең және жеңіл тұтанатын сұйықтық үшін  $K_2 = T/3600$  тең деп қабылданатын коэффициент;

$K_3$  - мыналарға тең қабылданатын коэффициент:

1) 0,0253 - ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жанатын газдар үшін;

2) 0,02828 - ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жанатын газдар үшін;

3) 0,04714 - ауа ортасының қозғалысы болмаған кездегі жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін;

4) 0,3536 - ауа ортасының қозғалысы кезіндегі жеңіл тұтанатын сұйықтықтар үшін;

$H$  - үй-жайлар биіктігі, м.

$X_{нкпр}$ ,  $Y_{нкпр}$  және  $Z_{нкпр}$  арақашықтығы логарифмдердің теріс мәндері кезінде 0 тең қабылданады.

Өрт қауіпсіздігіне  
қойылатын жалпы талаптар"  
техникалық регламентіне  
17-қосымша

1-кесте

### Өртке қарсы кедергілердің отқа төзімділік шегі

		Өртке қарсы кедергілердің отқа	Өртке қарсы кедергілердегі	
--	--	--------------------------------	----------------------------	--

Өртке қарсы кедергілердің атауы	Өртке қарсы кедергілердің типі	төзімділік шегі, кем емес	ойықтарды толтыру типі	Тамбур-шлюз типі
Қабырғалар	1	REI 150	1	1
	2	REI 45	2	2
Аралық қабырғалар	1	EI 45	2	1
	2	EI 15	3	2
Аражабындар	1	REI 150	1	1
	2	REI 60	2	1
	3	REI 45	2	1
	4	REI 15	3	2

2-кесте

### Өртке қарсы кедергілерде ойықтарды толтырудың отқа төзімділік шектері

Өртке қарсы кедергілердегі ойықтар элементтерінің атауы	Өртке қарсы кедергілердегі ойықтарды толтыру типі	Отқа төзімділік шектері
Есіктер (25 % артық шыны салынған есіктерден және түгін-газ өткізбейтін есіктерден басқа) қақпалар, люктер, перделер мен экрандар	1	EI 60
	2	EI 30
	3	EI 15
Лифті шахталарының есіктері	2	EI 30 (биіктігі лифт шахталары есіктерінің отқа төзімділік шегі E 30 қабылданады)
Терезе	1	E 60
	2	E 30
	3	E 15
Перделер	1	EI 60
От бөгегіш клапандар	1	EI 90
	2	EI 30
	3	EI 15

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне  
18-қосымша

### Қолдану нәтижесінде техникалық регламенттің талаптарын сақтауды қамтамасыз ететін өзара байланысты стандарттар тізбесі

P/c №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	2-тарау	ҚР СТ 1088	Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар	

		ҚР СТ ИСО 13943	Өрт қауіпсіздігі. Сөздік	
2	6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтар	МемСТ 12.1.004	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар	
3	16, 17-тармақтар	ҚР СТ 1600	Өрт техникасы. Тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдары. Оқшаулауыш жеке қорғану құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.	
		ҚР СТ 1715	Өрт техникасы. Тыныс алу және көру органдарын қорғау құралдары. Сүзгі үлгісіндегі жеке қорғану құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
4	18-тармақ	ҚР СТ 1910	Ғимараттың сыртқы қасбеті арқылы биіктіктен адамдарды құтқаруға арналған жеке құтқару құрылғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
		ҚР СТ 1794	Өрт техникасы. Өрттен құтқару құралдары. Өрттен секіріп құтылу қондырғысы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
		ҚР СТ 1491	Құтқару жеңқұбыры құрылғысы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
			Құтқару жеңқұбыры құрылғысы. Жалпы	

		ҚР СТ 1494	техникалық талаптар. Сынау әдістері	
5	19, 20, 271, 272, 273-тармақтар	ҚР СТ 1897	Түтінге қарсы арнайы қорғау құралдары. Желдеткіш жүйелеріне арналған өртке қарсы клапандар. Отқа төзімділігін сынау әдістері	
6	27-тармақ	ҚР СТ 1487	Өрт техникасы. Өрт сөндіргіштер. Пайдалануға қойылатын талаптар	
7	156, 172-тармақтар	ҚР СТ 3552	Өртке қарсы бөгеттердің ойықтарын толтыру. Металл өртке қарсы есіктер. Жалпы техникалық шарттар	
8	194, 222-тармақтар	ҚР СТ 1174	Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы. Негізгі түрлері. Орналастыру және қызмет көрсету	
9	202-тармақ	ҚР СТ 2218	Металл құрылыс конструкциялары. Сыртқы стационарлық өрт сөндіру сатылары және жабын қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар	
10	133, 134, 258-тармақтар	ҚР СТ Р МемСТ МЭК 50571.17	Ғимараттардың электрқондырғылары. 4-бөлім. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар. 48-тарау. Сыртқы шарттарға байланысты қорғау шараларын таңдау. 482-бөлім. Өрттен қорғау	
			Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының	

		ГОСТ 12.1.013	жүйесі. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі 288. Жалпы талаптар	
		МемСТ 12.2.007.0	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары	
11	245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257-тармақтар	ҚР СТ 1904	Құрылыс өңдеу материалдары. Аспалы төбелер. Отқа төзімділігін сынау әдісі	
		ҚР СТ 1039	Декоративті-өңдеу және қаптау материалдары. Өндіру және қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары	
		МемСТ 30244	Құрылыс материалдары. Жануға сынау әдістері	
		МемСТ 30402	Құрылыс материалдары. Тұтануға сынау әдістері	
		МемСТ 30444	Құрылыс материалдары. Жалынның таралуына сынау әдістері	
				Құрылыс материалдары. Жалынның таралуына сынау әдістері
12	240, 241-тармақтар	ҚР СТ 615-1	Өрт қорғау құралдары және заттары. 1-бөлім. Ағаш және оның негізінде жасалған материалдарға арналған өрт қорғау құралдары. Жалпы техникалық шарттар	
		ҚР СТ 615-2	Өрт қорғау құралдары және заттары. 2-бөлім. Б о л а т құрылымдарға арналған өрт қорғау	

		кұралдары. Жалпы техникалық шарттар	
	ҚР СТ 1797	Электрлі кабелдік желілерге арналған оттау қорғау жабындары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентіне  
19-қосымша

**Зерттеу (сынақ) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын және техникалық регламенттің талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін (растауын) бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті стандарттар тізбесі**

P/c №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15-тармақтар	МемСТ 12.1.004	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар	
2	16, 17-тармақтар	ҚР СТ 1600	Өрт техникасы. Тыныс алу және көру органдарын жеке қорғау құралдары. Оқшаулауыш жеке қорғану құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.	
		ҚР СТ 1715	Өрт техникасы. Тыныс алу және көру органдарын қорғау құралдары. Сүзгі үлгісіндегі жеке қорғану құралдары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
			Ғимараттың сыртқы қасбеті арқылы	



3	18-тармақ	ҚР СТ 1910	биіктіктен адамдарды құтқаруға арналған жеке құтқару құрылғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
		ҚР СТ 1794	Өрт техникасы. Өрттен құтқару құралдары. Өрттен секіріп құтылу қондырғысы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
		ҚР СТ 1491	Өрт сөндіру түтікқұбыры құтқару құрылғысы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
		ҚР СТ 1494	Арқанмен түсіретін өрт сөндіру құралы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
4	19, 20, 271, 272, 273-тармақтар	ҚР СТ 1897	Түтінге қарсы арнайы қорғау құралдары. Желдеткіш жүйелеріне арналған өртке қарсы клапандар. Отқа төзімділігін сынау әдістері	
5	19, 20-тармақтар	ҚР СТ 2514	Ғимараттар мен құрылыстардың түтінге қарсы желдету жүйелері. Қабылдау ережелері және сынау әдістері	
6	21, 158, 160-тармақтар	МемСТ 30403	Құрылыс конструкциялары. Өрт қауіптілігіне сынау әдісі	
	Осы техникалық регламентке 1-	МемСТ 30247.0	Құрылыс конструкциялары. Отқа төзімділікке сынау әдістері. Жалпы талаптар	

7	қосымшаның 21, 22, 23, 24, 25, 26-тармақтары	МемСТ 30247.1	Құрылыс конструкциялары. Отқа төзімділікке сынау әдістері. Аспалы және қоршау конструкциялары	
8	179-тармақ	МемСТ 31251	Сырт жағынан сыртқы қабырғалар. Өрт қауіптілігіне сынау әдістері	
9	155, 156, 159, 171, 172-тармақтар	ҚР СТ 2110	Құрылыс конструкциялары. Өртке қарсы есіктер мен қақпалар. Түтін-газ өткізбейтіндігін сынау әдістері.	
		ҚР СТ 2219	Жарық өткізгіш элементтердің болуымен ойықтарды толтыру конструкциялары. Отқа төзімділікке сынау әдістері	
		ҚР СТ 2884	Құрылыс конструкциялары. Металл қаптамалы панельдерден конструкциялар. Отқа төзімділікке және өрт қауіптілігіне сынау әдістері	
10	158-тармақ	ҚР СТ 3396	Құрылыс конструкциялары. Шатырсыз жабындар. Өрт қауіптілігі сыныбын анықтау жөніндегі сынау әдістері	
		ҚР СТ 3540	Құрылыс конструкциялары. Жарық өткізетін элементтері бар каркас түріндегі сыртқы қабырғалар. Отқа төзімділікке және өрт қауіптілігіне сынау әдістері	

11	202, 203-тармақтар	ҚР СТ 2218	Металл құрылыс конструкциялары. Сыртқы стационарлық өрт сөндіру сатылары және жабын қоршаулары. Жалпы техникалық шарттар
12	133, 134, 258-тармақтар	ҚР СТ Р МемСТ МЭК 50571.17	Ғимараттардың электрқондырғылары. 4-бөлім. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар. 48-тарау. Сыртқы шарттардан қорғау шараларын таңдау. 482-бөлім. Өрттен қорғау
		МемСТ 12.1.013	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Электр қауіпсіздігі 288. Жалпы талаптар
		МемСТ 12.2.007.0	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары
13	245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257-тармақтар	ҚР СТ 1904	Құрылыс және өңдеу материалдары. Аспалы төбелер. Отқа төзімділігін сынау әдісі
		МемСТ 30244	Құрылыс материалдары. Жануға сынау әдістері
		МемСТ 30402	Құрылыс материалдары. Тұтануға сынау әдістері
		МемСТ 30444	Құрылыс материалдары. Жалынның таралуына сынау әдістері

		ҚР СТ ISO 9239-1	Құрылыс материалдары мен бұйымдарын өрт қауіптілігіне сынау. Радиациялық панельдің жылу ағынының әсері арқылы еден жабындарының өрт қауіптілігін анықтау әдісі	
14	240, 241-тармақтар	ҚР СТ 615-1	Өрт қорғау құралдары және заттары. 1-бөлім. Ағаш және оның негізінде жасалған материалдарға арналған өрт қорғау құралдары. Жалпы техникалық шарттар	
		ҚР СТ 615-2	Өрт қорғау құралдары және заттары. 2-бөлім. Б о л а т құрылымдарға арналған өрт қорғау құралдары. Жалпы техникалық шарттар	
		ҚР СТ 1797	Электрлі кабелдік желілерге арналған оттау қорғау жабындары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері	
15	265-тармақ	ҚР СТ 3017	Өртке қарсы бөгеттер ойықтарын толтыру. Кабель жолдары мен шинасым жолдары. Отқа төзімділігін сынау әдістері	
16	139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 271, 272, 273, 274, 275-тармақтар	ҚР СТ 1895	Арнайы түтіннен қорғау құралдары. Желдеткіштер. Отқа төзімділікке сынау	
		ҚР СТ 3018	Ғимараттар мен құрылыстарды түтінге қарсы қорғау жүйесі. Отқа	

			төзімділікке сынау әдісі	
17	277-тармақ	ҚР СТ 2514	Ғимараттар мен құрылыстардың түтінге желдету жүйелері.	
18	278, 279-тармақтар	ҚР СТ 1897	Арнайы түтінге қарсы қорғау құралдары. Желдету жүйелеріне арналған өртке қарсы клапандар. Отқа төзімділігіне сынау әдісі.	
		ҚР СТ 1898	Инженерлік жүйелердің конструкциялардың элементтері. Ауа өткізгіштер. Отқа төзімділігіне сынау әдісі.	
19	Осы Техникалық регламентке 1-қосымша	МемСТ 12.1.044	Заттар мен материалдардың өрт-жарылыс қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды анықтау әдістері	
		МемСТ 12.1.046	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жанғыш тозаңдардың өрт-жарылыс қауіпсіздігі. Жалпы талаптар	
20	Осы Техникалық регламентке 1-қосымшаның 20-тармағы	ҚР СТ 3397	Құрылыс материалдары. Ж а б ы н материалдары. Өрт қауіптілігі топтарын анықтау бойынша сынақтардың әдістері	
21	Осы Техникалық регламентке 1-қосымшаның 23-тармағы	ҚР СТ ISO 13344	Жану өнімдерінің уыттылығын бағалау	
22	Осы Техникалық регламентке 1-	ҚР СТ МемСТ 50810	Т о қ ы м а материалдары. Декоративтік маталар. Тұтануға	

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрі  
2021 жылғы 17 тамыздағы  
№ 405 Бұйрыққа  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының және бұйрығының құрылымдық элементінің тізбесі**

1) "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15501 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 598 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18947 болып тіркелген);

3) "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының және бұйрығының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 470 бұйрығының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20867 болып тіркелген).